SARYARQA SAMALY

Павлодар облыстық газеті
1929 жылғы 15 ақпаннан шығады

27 тамыз, бейсенбі
2026 жыл
№34 (16153)

ssamaly29@gmail.com www.saryarka-samaly.kz facebook.com/saryarqasamaly @saryarqa_samaly @saryarqa_samaly

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ

Жаңаруға дауыс берді

Суретті түсірген - Есенжол Исабек.

Телефон камерасымен осы QR кодты сканерлеу арқылы видео көре аласыз.

Елімізде тұңғыш рет Құрылтай депутаттарының сайлауы өтті. Мемлекеттің басты заң шығарушы өкілді органына депутаттар сайлау науқанынан облыс азаматтары қалыс қалмады. Аймақтың үлкені мен жасы конституциялық құқықтарын пайдаланып, сайлау учаскелерінде таңдау жасады. Бұл күні аймағымызда 522 сайлау учаскесі дауыс берушілерге қызмет етті.

Жалғасы 2-3-беттерде ▸▸

Нақпа-нақ

Соңғы үш жылда облыстың білім саласына

672 *млрд*

теңге жұмсалды

1 ҚЫРКҮЙЕК - БІЛІМ КҮНІ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ – ЖАҢА МҮМКІНДІК!

7 бет

СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА – 35 ЖЫЛ

ОРТАҚ МҮДДЕ ЖОЛЫНДА

14-15 беттер

ЖАҢҒЫРЫҚ

АСҚАҚ ТҰЛҒАЛЫ АҚЫН

18 бет

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ

Жаңаруға дауыс берді

Басы 1-бетте

Ерте келіп...

Газетіміздің тілшілері Құрылтай депутаттарын сайлау кезінде сайлау учаскелеріне арнайы барып, саяси науқанның барысын жазды. Мәселен, Павлодар қаласындағы №39 мектепте орналасқан №77 сайлау учаскесінде таңғы сағат 07.00-де Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалып, Құрылтай депутаттарын сайлауда дауыс беру ресми түрде басталды. №77 сайлау учаскесі комиссиясының төрағасы Қымбат Қожбаеваның айтуынша, мұнда 2000 сайлаушы тіркелген.

Елімізде жаңа бірпалаталы Құрылтай сайлауында маңызды таңдау жасауды азаматтық парызы санайтын тұрғындар таңмен таласа сайлау учаскесіне ағылды. №77 сайлау учаскесіне көптің алдымен келген азаматтар дауысын беріп, таңдауын жасады. Ертемен азаматтық борышын арқалап келген тұрғындардың бірі - Мейрам Сұлтанов.

- 84 жасқа толдым. Елім үшін дауыс беруге таңертең ерте тұрып келдім. Дауыс беруден ешқашан қалмаймын. Маңызды кезеңде үйде жата алмайды екенмін. Құрылтай сайлауында таңдауымды жасадым. Елім өркендеп, көркейе берсін, - дейді ардагер Мейрам Әбуұлы.

Үш қыз, бір ұл тәрбиелеп-өсірген ата өміріне риза. Талай жыл трактор зауытында, алюминий зауытында, теміржолда еңбек еткен ардагер ұрпағын да маңызды науқаннан қалмауға шақырып отыратынын айтады.

Павлодар қаласындағы №86 сайлау учаскесінде де тұрғындар ерте келіп, таңдауларын жасады. Аталмыш сайлау учаскесі комиссиясының төрағасы Рамиля Жаябаеваның айтуынша, дауыс беру қалыпты жағдайда өтті. Аталған учаскеге 2 мыңға жуық қала тұрғыны, алғаш рет дауыс беретін 9 сайлаушы тіркелген. Қала тұрғыны, зейнеткер Клара Сүлейменова осы сайлау учаскесіне келіп, таңдауын жасады.

- Мұндай маңызды сәтте әр азамат таңдауын жасауы керек деп есептеймін. Елдің болашағына бейжай қарамай, дауысымды бердім, - деді Клара Сүлейменова.

Учаскеде дауыс берушілерге қажетті жағдай жасалған. Сайлау комиссиясы мүшелері тұрғындарды қабылдап, белгіленген тәртіпке сәйкес жұмыс жүргізді. Дауыс беруге алдымен келген алғашқы сайлаушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

Облыс әкімі Асайын Байханов та ел үшін маңызды күні тұрғындармен бірге таңдауын жасады. Бұл туралы өңір басшысы өзінің әлеуметтік желідегі жеке парақшасында жазды.

- Бұл - жаңа Конституция күшіне енгеннен кейінгі алғашқы сайлау. Жаңа бірпалаталы Құрылтайдағы 145 мандат үшін жеті саяси партия өз бағдарламалары мен көзқарастарын ұсынып отыр. Ортақ таңдауымыз өңіріміз бен еліміздің болашағын айқындайды. Жаңа Құрылтай ел игілігі үшін еңбек ететін азаматтарды біріктірсін. Бұл күн еліміздегі жаңа мүмкіндіктер мен табысты реформалардың бастауы болсын, - деді А.Байханов.

Тұңғыш рет таңдау жасады

Тұңғыш Құрылтай сайлауында жалпы тұңғыш рет дауыс беру құқығына ие болған бозбалалар мен бойжеткендер де таңдау жасаудан шет қалған жоқ. Олар да №39 мектептегі №76 сайлау учаскесіне келіп, конституциялық құқықтарын пайдаланды. Негізі

аталған уческеде биыл 18 жасқа толып, алғаш дауыс беретін 9 өрен тіркелген. Солардың бірі - биыл 18 жасқа толған Жазира Жақсылық. Ол өзі оқыған мектепте дауыс берді. Биыл мектеп бітірген ол ел экономикасына елеулі үлес қосуды мақсат еткен. Экономика мамандығын таңдап, оқуға түскен.

- Дауыс беру - бұл мен үшін болашағымды таңдау мүмкіндігі. Әркім өз таңдауына жауапкершілікпен қарауы керек деп ойлаймын. Себебі, ел ертеңі әрқайсымыздың таңдауымызға байланысты, - дейді Жазира Жақсылық.

Сайлауда алғаш рет дауыс берген азаматтарға сайлау учаскесі естелік сыйлықтар табыстады.

Павлодардағы №97 сайлау учаскесінде де тұрғындар таңдау жасауға көптеп келді. Солардың бірі ерлі-зайыпты Мерғали Жүсіп пен Әйгерім Букурова қос құлыншағын ертіп, дауыс берді. Отағасы маңызды күні Қазақстанның жарқын болашағы үшін отбасымен келіп таңдау жасауды жөн көрген. Себебі, ол 18 жасқа толмаған азаматтар дауыс беруге құқығы болмаса да, ұрпағына жастайынан саяси сауаттылықты сіңіру қажет деп санайды.

Павлодар қаласында Ұлттық ұланның әскери бөлімдерінде мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген сарбаздар да Құрылтай сайлауына қатысты. №117 сайлау учаскесінде 289 адам дауыс берді. Ал «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарайтын №5512 әскери бөлімінде орналасқан сайлау учаскесінде 300-ге жуық мерзімді әскери қызметші таңдауын жасады. Солардың бірі - қатардағы жауынгер Аслан Бағаутдинов. Қарағанды қаласынан әскер

қатарына шақырылған сарбаз сайлау күні 21 жасқа толды. Ол туған күнін таңертең сайлау учаскесіне келіп, азаматтық міндетін орындаудан бастады. Әскери бөлім басшылығы сарбазды туған күнімен құттықтап, оған естелік сыйлық табыстады.

Айта кетейік, Шығыс өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдерде барлығы алты сайлау учаскесі жұмыс істейді. Онда мерзімді әскери қызметшілермен қатар офицерлер мен сержанттар да дауыс беруде.

Аудандарда да белсенділік байқалды. Мәселен, Ертіс ауданының Майқоңыр ауылындағы сайлау учаскесіне келіп дауыс бергендердің бірі - қазақ тілінің амбассадоры, белсенді жас Эрика Бауэр. Тіл жанашыры әрі ел болашағына бейжай қарамайтын азамат ретінде ол өзінің саяси таңдауын жасап, оң өнеге көрсетті. Ол әрбір жастың дауысы еліміздің ертеңі үшін маңызды екенін атап өтті.

Кеше ғана шаңырақ көтеріп, болашаққа бірге жоспар құрған Ертіс ауданынан Бейсовтар отбасы - Диас пен Гүлзира маңызды науқаннан қалыс қалмады. Алғаш рет жас отау ретінде сайлауға қатысты.

Байқаушылар барын салды

Павлодар облысында елімізде алғаш рет өтіп жатқан Құрылтай депутаттарының сайлауын бақылау үшін үкіметтік емес тоғыз ұйым аккредиттелген. Солардың бірі - «Дауыс» өңірлік коалициясы. Коалиция жетекшісі Алма Қозбаеваның айтуынша, ұйым байқаушылары алдын ала оқыту мен нұсқамадан өтті. Соның барысында негізгі сайлау рәсімдері, бақылаушылардың құқықтары, міндеттері, дауыс беру күні атқарылатын іс-қимыл алгоритмі түсіндірілді. Аталмыш үкіметтік емес ұйымның екі мыңнан астам байқаушысы өңірдегі 501 сайлау учаскесінде дауыс беру процесін бақылады. Олар бақылап, қадағалап, ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етті.

Павлодар қаласындағы №39 мектептегі №77 сайлау учаскесінде де дауыс беру процесінің талапқа сай өтуін байқаушылар бақылады. Мұнда «Namys PVL», «KAISAR-KZ», «Berik qadam», «Ел дауысы» қоғамдық бірлестіктерінің, «Ақ жол демократиялық партиясы», «Respublica партиясы», «Әділет партиясы», «Ауыл партиясы», «Қазақстан халық партиясы» қоғамдық бірлестіктерінің облыстық филиалдарының, «Павлодар облысының азаматтық одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің өкілдері байқаушы ретінде сайлау барысын бақылады. «Павлодар облысының Азаматтық одағы» заңды тұлғалар бірлестігі атынан келген байқаушы Анастасия Мұратова бәрі қалыпты өткенін мәлімдеді. Сайлаушылар келіп, аты-жөні бойынша комиссия мүшелеріне жақындап, тиісінше

рәсімделіп, бюллетеньдерін алып, кезегімен дауыс бергеніне куә болған. Талаптан ешқандай ауытқушылық болмағанын жеткізді.

Айта кетерлігі, аталмыш сайлау учаскесіне шетелдік байқаушылар да келді. Нақтысы, OBSE миссиясы

байқаушылары Soledad Birthe Lundgaard және Dorcha Eirbaannach Irish Құрылтай сайлауы барысын бақылап, #39 сайлау учаскесінің жұмыс барысымен танысты.

Мүмкіндік жасалды

Павлодар қаласындағы №34 учаскелік сайлау учаскесінде де сайлаушылар үшін барлық жағдай жасалды. Учаске төрағасы Қайсар Айыповтың айтуынша, дауыс беруге арналған кабиналар мен жәшіктер уақытылы орнатылып, сайлаушыларға емін-еркін таңдау жасауына мүмкіндік берілген. Әсіресе, ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін тактильді жолдар, Брайль қарпі, арнайы кабина, трафарет, аудио сүйемелдеу, компьютер және ымдау тіліне арналған материалдар қарастырылды. Сонымен қатар, үйден дауыс беруге өтініш білдірген азаматтардың таңдау жасауы үшін комиссия мүшелері шағын жәшіктермен үйлеріне арнайы барды.

тифломаркерді трафареттің тиісті жолына жақындатқанда жазылған ақпарат дауыстап, шығарылады. Құлаққап арқылы сайлаушы ғана мәтінді есті алады. Сәйкесінше, дауыс беру құпиясы сақталады. Аталған құрал бұл учаскеде екінші сайлауда қолданылған.

Жәрмеңкеден құр қайтпады

Сайлау кезінде облыстың үш қаласы мен 10 аудан орталығында ауыл шарушаылығы жәрмеңкелері ұйымдастырылды. Нақтысы, жергілікті тауар өндірушілердің өнімдері 146 сайлау учаскесінде арзан бағамен сатылды.

Мұндай жәрмеңке Павлодар қаласындағы №39 мектепте өтті. Сайлаушылар таңдауын жасаған соң арзан бағамен азықтүлік алуға жағдай жасалды. Шағын жәрмеңкеде күріштің келісі 500 теңгеден, жұмыртқаның он данасы 528 теңгеден, қанттың келісі 400 теңгеден сатылуда. Макаронның бір келісін тұрғындар 380 теңгеден, күнбағыс майының литрін 780 теңгеден, жоғары сұрыпты ұнның келісі 314 теңгеден, қарақұмықтың келісін 435 теңгеден сатып алды.

Павлодар қаласының тұрғыны Қымбат Бабыкова таңдауын да жасап, үйіне арзан бағалы тағамдарын да алып кетті.

- Қазақстанның азаматы ретінде дауыс беруден қалмаймын. Қызым екеуіміз келіп, таңдау жасадық. Бар жағдай жасалған. Құр қайтпайық деп арзан бағамен ұн, жұмыртқа, қант алып қайттық, - дейді Қымбат Қазбекқызы.

Павлодар қаласындағы №75 және №81 сайлау учаскелері орналасқан Бауыржан Момышұлы атындағы мектептің ауласында сауда қызды. Таңертеңнен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде түрлі өнім сайлаушыларға ұсынылды. Олардың қатарында ет, шұжық, сүт, ұн, бал өнімдері, көкөністің түр-түрі болды. Барлығы нарықтық бағадан анағұрлым арзанға сатылды. Мәселен, жұмыртқаның он данасы 528 теңгемен ұсынылды. Тереңкөл ауданының тұрғыны Светлана Бородихина шұжық өнімдерін әкелген. Саудагердің айтуынша, өнімдердің бағасы қарапайым дүкендердегі бағадан 40 пайызға дейін төмен. Сондықтан болар, сұраныс жоғары. Дауыс беруге келушілерге өнімнен дәм татқызып, таңдау жасауға да мүмкіндік берді. Сұраныстың жоғары болғаны соншалық, кейбір өнімдер таусылып, жаңа легін жеткізуге тура келген.

Павлодар қаласындағы зағип жандарға арналған кітапханадағы №97 сайлау учаскесінде де мүгедектігі бар азаматтардың алаңсыз дауыс беруіне жанжақты жағдай жасалыпты. Сайлау учаскесінің төрағасы Ермұрат Ордабаевтың айтуынша, мүмкіндігі шектеулі адамдардың еш кедергісіз дауыс беруіне қажетті құрал-жабдықтар қарастырылды. Бұл учаскеде 18 көзі көрмейтін, 3 арбамен жүретін және 5 құлағы естімейтін адам тіркелген.

Мүгедектігі бар тұрғындардың қолданылуына арналған құрылғылардың бірі - тифломаркер. Бұл - арнайы электронды құрал. Оның көмегімен көру қабілеті бұзылған азаматтар арнайы тифлобелгіні трафарет мәтінімен салыстырып қарайды. Ол сайлау бюллетеніне кигізіледі. Сайлаушы

Тілшілер тобы.

Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек.

НӘТИЖЕ

Бес партия өтті

Осы жылдың 1 шілдесінде күшіне енген жаңа Конституцияға сәйкес, Қазақстанда қос палаталы Парламент жүйесі жойылып, бірпалаталы Құрылтай құрылды. Ал 23 тамыз күні елімізде алғаш рет Құрылтай депутаттарын сайлау өтті. Азаматтар заң шығарушы органнан орын алатын партияларды анықтады.

Әу баста Құрылтай сайлауына қатысуға жеті саяси партия ниет танытты. Олар барлығы 545 кандидат ұсынды. Өз кезегінде ел азаматтары 23 тамыз күні өткен саяси науқан барысында сол жеті ұйымның ішінен қайсысы заң шығарушы орган сапында болуға лайық екенін белгілеп, дауыс берді.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің айтуынша, ел көлемінде дауыс беруге 9 351 539 азамат қатысқан. Яғни, сайлаушылардың 74,08 пайызы өз таңдауын жасады. Олардың қатарында Павлодар облысындағы сайлаушылардың 71,20 пайызы да бар. Яғни, біздің өңірде дауыс беру құқығына ие 503 051 азаматтың 358 мыңнан астамы бюллетень алды.

Сонымен, бұрнағы күні жарияланған соңғы мәліметтерге сәйкес, «Әділет» партиясына 6 528 948 сайлаушы немесе дауыс бергендердің 71,17 пайызы қолдау білдірді. Жалпыұлттық социал-демократиялық партияға (ЖСДП) 469 058 сайлаушы немесе 5,11 пайызы дауыс берді. «Байтақ» жасылдар партиясын 97 751 сайлаушы немесе 1,07 пайыз қолдады. Қазақстан Халық партиясына 285 395 дауыс немесе 3,11 пайыз берілді. 574 621 сайлаушы, яғни 6,26 пайызы «Ауыл» партиясын қолдады. Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясын 478 083 сайлаушы немесе 5,21 пайызы жақтады. Respublica партиясына 509 631 сайлаушы, яғни 5,56 пайызы сенім білдірді. Ал дауыс берушілердің 2,51 пайызы «бәріне қарсымын» нұсқасын таңдады.

Ержеге сәйкес, сайлаушылардың бес пайызынан астамының қолдауын тапқан саяси ұйымдар ғана Құрылтайдан орын алады. Бұл межеден бес партия асты. Демек, мандаттар пайыздық мөлшерлемеге сәйкес осы партия өкілдері арасында өзара бөлінеді. Айта кетейік, Құрылтайда барлығы 145 депутат болады.

Нұрлан Әбдіровтің мәліметінше, 23 тамызда Қазақстанда өткен Құрылтай депутаттарын сайлау қорытындысы бойынша бес саяси партия Құрылтайға өтті. Олардың арасында мандаттар былай бөлінді:

- «Әділет» партиясы - 110 мандат;
- Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) - 8 мандат;
- «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы - 10 мандат;
- Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы - 8 мандат;
- Respublica партиясы - 9 мандат.

ОСК хатшысы Шавкат Өтемісовтің айтуынша, партиялар мандаттарды кандидаттар арасында бөліп, тиісті мәліметтерді Орталық сайлау комиссиясына ұсынғаннан кейін оларға тиісті куәліктер табысталады. Алдағы уақытта 5 пайыздық межеден өткен партиялар басқару органдарының отырыстарын өткізіп, тізімдегі кандидаттардың қайсысына мандат берілетінін анықтайды.

- Сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін 5 пайыздық межеден өткен партиялар өздерінің басқару органдарының отырыстарын өткізеді. Осы отырыстарда тізімге енгізілген кандидаттар арасында мандаттарды бекітіп, бөледі. Өз шешімдерін бізге жолдайды. Партиялар мандат берген адамдар туралы деректерді алғаннан кейін тиісті құжаттарды дайындауға аз уақыт қажет. Содан кейін оларды табыстаймыз. Бәрі партиялардың басқару органдарының жеделдігіне байланысты, - деді Шавкат Өтемісов.

Айта кетейік, елімізде алғаш рет құрылатын Құрылтай пропорционалдық жүйе бойынша жасақталады. Яғни, депутаттар партиялық тізімдер бойынша анықталады. Олардың өкілеттік мерзімі - бес жыл.

Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бірінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайының бірінші сессиясын шақыру туралы» Жарлыққа қол қойды. Соған сәйкес, Құрылтай депутаттарының алғашқы отырысы 28 тамыз күні сағат 11.00-де өтеді.

Қ.ТІЛЕКТЕСҚЫЗЫ.

ШАҺАР ШЫРАЙЫ

Мән мен сән беретін жобалар

Павлодар қаласы мен ауылдық елді мекендерінің келбетін келістіріп, инфрақұрылымын дамыту бағытында бірқатар іргелі жобалар іске асуда. Сондай-ақ, инвестициялық бастамалар да аз емес. Аймақ басшысы Асайын Байханов аталмыш жұмыстардың барысымен танысып, бірқатар тапсырмалар берді.

Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ

Спорт кешенінің ерекшелігі бар

Алдымен облыс әкімі Павлодар қаласындағы «Батыр» стадионының орнында бой көтеретін маңызды нысанның құрылыс алаңына барды. 1,4 гектар аумақта спорт кешені салынады. Мердігер ұйым «Innovation development» ЖШС директоры Берік Төлегеновтің айтуынша, 3,5 мың шаршы метр болатын нысанда екі үлкен спорт зал болады. Ғимараттың бір бөлігінде бассейн қарастырылады. Әкімшілік блок, жаттығу, күрес, үстел ойындары залдары, медициналық кабинеттер салынады. Ең бастысы, бұл кешенде инклюзивті спортқа мұқтаж балалар мен жасөспірімдерге арналған жеке жаттығу залдары болады. Қазіргі таңда нысанның шұңқыры қазылып, орны әзірленуде. Қараша айына дейін нөлдік деңгейге шығуды көздеп отыр. Қара суық түспей, бетонын құйып, қыста металл конструкцияларын орнатпақ. Мердігер құрылыс жұмыстары кестесіне сәйкес нысанды 2027 жылдың желтоқсан айында аяқтайтындарын айтты. Аймақ басшысы өңіріміз үшін маңызды жобаның құрылысын созбай, келесі оқу жылы қарсаңында қолданысқа беру қажеттігін атап өтті.

- Павлодар облысында мұндай спорт кешені болған емес. Нысанның құрылысы Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен жүзеге асуда. Былтыр ел Президенті Астана қаласында осындай мекемеге барғанда әр облыс орталығында инклюзивті ерекше қажеттілігі бар балаларды қамтитын кешен салуды тапсырды. Сол тапсырма аясында қолға алынды. Ендігі мақсат - сапалы салу, - деді облыс әкімі А.Байханов.

Облыс әкімі «Батыр» стадионы бұзылып, орны сүрілген сәттен бастап қоғамда желдей ескен күмәнді сұрақтар туындағанын жасырмады.

- «Көпшілікте стадион орнына қандай нысан салынбақ?», «Тағы да тұрғын үй құрылысына беріле ме?», «жекеге өтіп кетті ме?» деген күмәнді сұрақтар қойыла бастады. Стадионның орнына, міне, әлеуметтік нысан салынуда. Ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған орталық болады. Толық талапқа сай жабдықталады, керекті құралдармен қамтамасыз етіледі. Мүмкіндігі шектеулі балаларға 100 пайыз бейімделіп салынады. Кіріп-шығуына да ыңғайлы етіп жасалады. Қалалық балалар мен жасөспірімдер ғана емес, облыстан келіп, спортпен айналысуға болады, - деді аймақ басшысы.

Аймақ басшысы билік тарапынан қолдау көрсетілетінін мәлімдеді. Осы ретте, қала әкімдігіне құрылыс жұмыстары кестесін қыркүйек айының ортасына дейін қайта қарастырып, «Самұрық Қазына» ұлттық әл-ауқат қорымен бекітуге беруді тапсырды. Айта кету керек, бұл нысан аталмыш қор есебінен салынуда. Ғимарат құрылысына 4 млрд теңге шамасында қаржы бөлінген. Инженерлік желілер қала әкімдігі тарапынан тартылады.

Үйлердің қасбеті қапталуда

Павлодар қаласында Лермонтов көшесіндегі сүреңсіз ескі үйлерге рең келтіру мақсатында көпқабатты үйлердің қасбеттерін қаптау жұмыстары жүргізілуде. Облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Бақытжан Әлімғазиновтің мәлімдеуінше, аталмыш көшеде биыл 20 көпқабатты үйдің сырты өзгермек. Яғни, тұрғын үйлердің төрт жағы да қапталады. Бұл мақсатқа 2 млрд теңге бөлінген.

Мердігер ұйым жұмыстарды биыл жыл соңына дейін аяқтамақ. Қара суық түскенге дейін үйлердің іргетасын қорғайтын тұстағы жұмыстарды алдымен тәмамдайды. Ал металл қаптамаларды қыста 20 градус суыққа дейін орнатуға еш кедергі жоқ. Осы ретте, облыс әкімі Асайын Байханов соңғы жылдары дауылды желдің бірнеше рет орын алғанын еске салды. Сондықтан, қаптамаларды бекітуде осы жағдайларды ескеруді қатаң тапсырды. Басқарма басшысы дауылды желдің әсері ескеріліп, қасбеттік конструкцияларға арналған ұзындығы 12 сантиметрлік бекіткіштер қолданылғанын мәлімдеді.

Сонымен қатар, облыс әкімі үйлердің қасбеті өзгертілуіне байланысты бірінші қабаттағы бизнес нысандарымен жұмыс жүргізу қажеттігін алға тартты.

- Сыртқы келбет үйлесімділігін реттеу қажет. Яғни, бір стандартқа келтіру керек. Бизнес өкілдерін шақырып түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Облыстық мәслихат сессиясында абаттандыру бойынша жаңа ережелерді бекіттік. Сол мәслихаттың шешімімен ережеге сәйкес тәртіпке шақыру керек. Әйтпесе, әртүрлі түс қаланың көркін бұзады. Дизайн кодқа сәйкестендірген жөн. Үйдің қасбетінің және бірінші қабаттағы бизнес нысандар келбетінің қарама-қайшылығы болмауы тиіс, - деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы жылына кемінде 50 үйді қаптау керектігін айтты. Қасбет бюджет қаражатынан қапталуда. Алдағы жылдары қаланың басты көшелері мен кіреберістегі үйлердің көркін келтіру көзделіп отыр. Тағы бір айта кетерлігі, қаланың дизайн коды мәслихат деңгейінде бекітіледі. Ол құзырлы органдар үшін ұсынымдық сипатта болады.

Импортты алмастырады

Павлодар қаласында тағы бір өндіріс орны ашылмақ. Мұнда кәсіпорындарда кеңінен қолданылатын техникалық май шығарылады. «ECOil» ЖШС директоры Даниял Жұманиязовтың айтуынша, мұнда жылына 15 мың тонна индустриялық, трансформаторлық, мотор, турбиналық, гидравликалық майлар өндіріледі. Кәсіпорын дайын базасы бар жер телімін алған. Бүгінде қажетті құрылыс жұмыстарының 50 пайызын аяқтаған. Қажетті жабдықтарын орнатуда. Кәсіпорын басшысы нысан қыркүйектің соңына дейін іске қосылып, толық өндірістік қуатына шығады. Сонда 200 адамды жұмыспен қамтиды. Осылайша, павлодарлық кәсіпорын Қазақстан нарығындағы тағы бір импорттық өнімді алмастырады. Толық болмаса да, біраз бөлігін өндіріс орындары өзімізден алу мүмкіндігіне ие болады. Мұнда шикізат ретінде ресейлік және ирандық мұнайдан алынатын базалық май қолданылады. Жобаға кәсіпорын 1,3 млрд теңге жеке қаражатын құйған. Жыл соңына дейін тағы 400 млн теңге салынады.

Облыс әкімі Асайын Байханов мұнай-химия саласындағы жобаның маңыздылығына тоқталып, алдағы уақытта шикізатты Павлодар мұнай өңдеу зауытынан алу мүмкіндігін қарастыруды құзырлы органға тапсырды. Нақтысы, жергілікті мұнай өңдеу зауытымен бірлесіп, базалық май алу қондырғысын орнату жолын іздестіру ұсынылмақ. Сондай-ақ, өңір басшысы аймақтың ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары өкілдерін жинап, отандық өнім алуға келісімшарт жасауға шақыратынын атап өтті.

- Президент бізден, әкімдерден, бизнеске толыққанды қолдау білдіруді талап етеді. Себебі, дәл осы бизнес мемлекетті қуатты етеді. Сондықтан, біздің тарапымыздан барлық қолдау жасалады, - деді Асайын Қуандықұлы.

Бұл өндірістен бөлек, инвестор тағы екі жобасын таныстырды. Бірі - қолданылған техникалық майларды қайта өңдеу кешені. Оны кәсіпкер жыл соңына дейін іске қоспақ. Көп өндіріс орындары қолданылған майларды жоюда қиналады. Міне, осы мәселені шешуде жаңа жобаның септігі мол болмақ. Экологиялық тұрғыдан да тиімді бастама екенін аймақ басшысы да атап өтті. Оған қоса, қайта өңделген майға кәсіпорында бағалы импорттық присадка қосылып, оны техникалық май шығаруда базалық май ретінде қолданады. Сәйкесінше, сырттан әкелінетін базалық май көлемін азайту мүмкін болады. Екіншісі - мұнай базасы. Сыйымдылығы - 14 мың текше метр. Мұнда дизель отынының сапасы жақсартылмақ. Ол үшін құны 1 млрд теңгеге жететін жабдық сатып алынбақ. Кәсіпорында жеке теміржол тұйығы да бар. Сондықтан, жанар-жағармайды уақытылы әрі ешбір жоғалтусыз мүмкіндігі бар.

«Ауыл көшесі керемет»

Павлодар ауылына аялдау кезінде тұрғындардың жиі айтқан тіркесі осы болды. Себебі, аталмыш елді мекенде биыл 30 көшенің жолы асфальтталды. Яғни, 13,5 шақырым асфальт төселген. Бұл мақсатқа 767 млн теңге жұмсалған. Арасында ешқашан тас жол болмаған көшелер бар. Павлодар ауылының әкімі Аманбек Ұнаттың айтуынша, ауылдағы 76 көшенің 52 көшесі асфальталған. Келесі жылға 14 көшеге жобалық-сметалық құжаты әзірленген. Ауылда 6800 адам тіркелген. Бейресми дерек бойынша 8 мыңға жуық адам тұратын көрінеді. Көбі қалада тіркеуде болғанымен ауылда тұрып жатыр. Ауыл көшелері толық жарықтандырылған.

Аймақ басшысы Асайын Байханов Павлодар қаласының әкімі болған кезінде тұрғындармен тұрақты кездесулерде көшелерге тас жол төсеу басты мәселе ретінде алға тартылғанын атап өтті. Енді, міне, сол сұраныстар ретімен орындалуда. Облыс әкімі халқы өсіп келе жатқан ауылға қаржы құюдан аянып қалмау қажеттігін тілге тиек етті. Аймақ басшысы аталмыш елді мекенде келесі жылы балабақша салынатынын мәлім етті. Қала мен ауыл әкімдеріне орналастыратын жерін тұрғындармен бірлесіп анықтауды тапсырды.

- 2022 жылы тұрғындармен кездесуде балабақша салуды сұраған еді. Сол кезде «алдымен, көшелерден бастайық, жарықтандыруды, қоқыс шығаруды реттеп алайық» деген едім. Яғни, базалық мәселелерді шешіп алуды ұсындым. Мәдениет үйін салуды уәде еттік, салынды. Енді тұрғындар саны өсуде. Сондықтан, балабақша құрылысының кезегі келді, - деді Асайын Байханов.

Қазіргі жасалып жатқан жұмыстарға ризашылығын білдірген тұрғындар енді интернет мәселесіне көңіл бөлуді сұрады.

Ескі көпір – естеліктер мекені...

Келесі жылы ескі көпірмен жаяу серуендеп, ерке Ертістің әсемдігіне көз тігетін әдемі орын пайда болуы мүмкін. Олай дейтініміз, Ертіс өзенінен өтетін автомобиль жүретін жаңа көпір қолданысқа берілген соң ескі көпірді жаяу жүргіншілердің пайдалануына беру көзделген.

«Қазавтожол» ҰК АҚ облыстық филиалы директорының міндетін атқарушы Алексей Логвиненконың айтуынша, қазіргі таңда ескі көпірге техникалық тексеру жүргізілуде.

- Әсіресе, су астындағы тіреуіштерінің жағдайы зерделенуде. Суасты тіреуіштерге соңғы рет 2017 жылы техникалық байқау жасалған. Алдағы қыркүйек айының ортасында техникалық қорытындысы дайын болады. Содан кейін ары қарайғы әрекет айқындалады. Яғни, қандай жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі белгілі болады. Ескі көпірді сақтап, оны жаяу жүргіншілер аймағы ретінде абаттандыру шешімі қабылданса, жобасы жасалып, белгілі бір жұмыстар жүргізу керек болады, - дейді А.Логвиненко.

Егер ескі көпірді жаяу жүргіншілер қолданысына қалдыру шешімі қабылданса, онда мұнда серуендеу аймағы жасалады. Веложолақ та қарастырылады. Эскизде көпірге көтерілер тұста көліктер тұрағы болмақ.

Алдын ала эскиздік жобамен танысқан облыс әкімі қауіпсіздік мәселелеріне басымдық беруді ескертті. Сонымен қатар, фудкорт орындарын да ойластыруға кеңес берді.

Құзырлы органдар 2027 жылы жаңа көпір қолданысқа берілген соң ескі көпірді қалдыру шешімі қабылданса, бірден оны түрлендіруге көшеді.

Суреттерді түсірген - Валерий Бугаев.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Павлодар әуежайының ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту жұмыстары толық аяқталып, тұрақты әуе қатынасы қайта жанданды. Нысан қажетті сертификаттаудан өтіп, жолаушыларға қызмет көрсетуді қайта бастау үшін барлық тиісті рұқсат құжаттарын алды. Қазіргі уақытта Павлодардан Астана мен Алматы бағыттарына тұрақты рейстер орындалып, облыс тұрғындары үшін әуе қатынасының қолжетімділігі қайта қамтамасыз етілді.

Әуежай қайта ашылды

Айдана БОРАНБАЕВА

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі көлік инфрақұрылымын дамыту және өңірлердің өзара байланысын арттырудың маңыздылығын бірнеше мәрте атап өткен болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Павлодар қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағын ауқымды қайта жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылды. Әуежайдың тұрақты жұмысын қайта бастау үшін қажетті рәсімдер де толық аяқталды. 17 тамызда авиациялық қауіпсіздік қызметі сертификатталса, 21 тамызда әуежайға жарамдылық сертификаты берілді. Осыдан кейін тұрақты әуе қатынасын қалпына келтіруге мүмкіндік туды.

Павлодар әуежайы 2025 жылдың 1 сәуірінен бастап жабық болған кезеңде мұнда ұшу-қону жолағын толық қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Негізгі жұмыстардың бірі ұшу-қону жолағының енін 45 метрден

60 метрге дейін ұлғайту болды. Сонымен қатар, жарық-сигнал беру жабдықтары, жарықтандыру және бейнебақылау жүйелері жаңартылды. Әуежай аумағының периметрі бойынша жаңа қоршау орнатылып, қауіпсіздік талаптарына сай инфрақұрылым қалыптастырылды.

Жобаны іске асыруға 16,4 миллиард теңге бағытталған. Оның ішінде 9,3 миллиард теңге Арнаулы мемлекеттік қор қаражаты есебінен бөлінді. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Бас көлік прокурорының бірінші орынбасары Ербол Құлбаев та атап өтті.

- Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстанда заңсыз шығарылған активтерді қайтару жұмыстары жүргізілуде. Қайтарылған қаражат әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға, соның ішінде көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталуда. Бүгінде елге 1 триллион теңгеден астам қаражат қайтарылды. Павлодар әуежайының ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту жұмыстары аясында 16 миллиард теңгеден астам қаражат игерілді, - деді Е.Құлбаев.

Облыс әкімі Асайын Байханов тұрақты рейстердің қайта жандануы өңір тұрғындары үшін көптен күткен жаңалық екенін атап өтті.

- Біз бұл сәтті асыға күттік. Бастысы, тұрақты әуе рейстерін қайта қалпына келтірдік. Бүгінде тұрақты рейстер Павлодарды Астана және Алматы қалаларымен тікелей байланыстырып отыр. Алдағы уақытта облыс тұрғындарының іскерлік сапарлары мен туристік саяхаттарына қолайлы жағдай жасау мақсатында әуе бағыттарының санын кезеңкезеңімен арттыратын боламыз, - деді аймақ басшысы.

Бүгінде Vietjet Qazaqstan әуе компаниясы Павлодар - Астана бағыты бойынша аптасына 4 рет, ал FlyArystan әуе компаниясы Павлодар-Алматы бағыты бойынша күн сайын рейстер орындайды. Тұрақты әуе қатынасының қайта қалпына келтірілуі өңір тұрғындары мен бизнес өкілдері үшін маңызды оқиға болды.

Астана-Павлодар бағытындағы рейстің алғашқы жолаушыларының қатарында Қазақстан Республикасының Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров та болды. Ол жаңғыртылған әуежай инфрақұрылымына жоғары баға берді.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Павлодар әуежайын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Бұл өңір үшін маңызды оқиға деп санаймыз. Себебі жоба өңірлік әуе қатынасын дамыту тұрғысынан ғана емес, халықаралық көлік байланысын одан әрі нығайту үшін де маңызды. Көлік министрлігі бұл жобаны толық қолдады, оны іске асыруға мемлекеттік қаражат бөлінді. Жалпы, бүгінде Қазақстанда әуежай инфрақұрылымы мен авиация саласын ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, елімізде тағы 6 әуежайда жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жобалардың барлығын кезең-кезеңімен іске асыратын боламыз, - деді М.Қалиақпаров.

Сонымен қатар, әуе бағыттарын кеңейту жұмыстары жалғасуда. SCAT әуе компаниясы Ақтау, Шымкент және Ақтөбе бағыттарына рейстер ашу мүмкіндігін қарастырып жатыр. Халықаралық бағыттар бойынша да келіссөздер жүргізілуде. Centrum Air әуе компаниясымен Павлодар-Ташкент бағыты бойынша 2027 жылғы наурыздан бастап рейстер ашу жөнінде алдын ала келісімге қол жеткізілді. Сондай-ақ, Мәскеу, Новосібір, Үрімші, Анталья және Шарм-эль-Шейх бағыттарына рейстер ашу мүмкіндігі көзделуде.

Әуежайдың инфрақұрылымын дамыту жұмыстары келесі кезеңде де жалғаспақ. Алдағы уақытта жолаушылар терминалын қайта жаңғырту жоспарланған. Жоба ұшу залын кеңейтуді және оның өткізу қабілетін сағатына 200-ден 300 жолаушыға дейін арттыруды көздейді. Сонымен қатар, ішкі және халықаралық рейстердің жолаушылар ағыны бөлінеді. Багажды өңдеу мен тексерудің автоматтандырылған жүйелері орнатылып, телескопиялық траптары бар екі галерея салынбақ. Инженерлік инфрақұрылым да жаңартылады.

Жаңа терминал жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға, әуежайдың өткізу қабілетін ұлғайтуға және ішкі әрі халықаралық рейстерді тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Маңыздысы, терминалды қайта жаңғырту жұмыстары әуежайдың жұмысын тоқтатпай жүргізіледі. Яғни, жолаушыларды қабылдау және жөнелту, сондай-ақ тұрақты рейстерді орындау жалғаса береді.

Павлодар қаласы.
Суреттерді түсірген - Валерий Бугаев.

ӨНЕР

Музыкалық аспаптармен толықты

Биыл Иса Байзақов атындағы облыстық филармонияның құрылғанына 85 жыл толып отыр. Осыған орай жергілікті билік тарапынан түрлі тарту жасалуда. Айталық, былтыр жаңа автобус берілсе, биыл музыкалық аспаптармен толықты. Ал келесі жылы ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Облыс әкімі Асайын Байханов Иса Байзақов атындағы облыстық филармонияға барып, мекеменің 85-ші мерейтойлық маусымына дайындық барысымен, жаңартылған музыкалық аспаптар қорымен және шығармашылық ұжымдардың жұмыс жағдайларымен танысты.

Жаңа маусым қарсаңында филармонияға Германия, Франция, Жапония, АҚШ және Ресейдің жетекші өндірушілерінен 55 жаңа музыкалық аспап сатып алынды. Сонымен қатар дәстүрлі қазақ музыкалық аспаптары - домбыра, қылқобыз, жетіген, керней, сыбызғы және басқа да аспаптар алынды. Ұлттық ішекті

аспаптарды шебер Ұлар Қожайұлы жасады. Жұмысқа кіріспес бұрын ол Баянауылдың тумасы, белгілі шебер Қамар Қасымовтың мұрасын зерттеген.

- Филармонияның 85 жылдығы - өңірдің мәдени өміріндегі маңызды дата. Шығармашылық ұжымдарды қолдау, материалдық-техникалық базаны жаңарту және әртістердің кәсіби тұрғыдан өсуіне жағдай жасау басты басымдықтарымыздың қатарында қалуы тиіс, - деді Асайын Байханов.

Жаңа аспаптар филармонияның жетекші шығармашылық ұжымдары - Рүстембек Омаров атындағы оркестрге, симфониялық және джаз оркестрлеріне, «ЛАД» ансамбліне берілді.

Материалдық-техникалық базаны жаңарту облыс әкімінің тапсырмасы бойынша жүргізілуде. Өткен жылдың соңында Асайын Байханов филармонияға барып, ұжыммен мекемені одан әрі дамыту мәселелерін талқылаған болатын. Ал бұған дейін филармония үшін жаңа автобус сатып алынған еді. Бұл шығармашылық ұжымдардың гастрольдік сапарларға кедергісіз шығуына мүмкіндік берді. Сахналық жабдықтарды жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Оған қоса, ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізуге қажетті жобалық құжаттама әзірленді. Жөндеу жұмыстарын 2027 жылы бастау жоспарланып отыр.

Мерейтойлық маусым Павлодар облысындағы басты мәдени ошақтардың бірінің дамуындағы жаңа кезеңге айналмақ.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.
Суреттерді түсірген - Валерий Бугаев.

БАС ТАҚЫРЫП

Тұмауға қарсы екпе алыңыз!

Әдетте салқын түсе бастаған кезде жіті респираторлық вирустық инфекциялар мен тұмау өрши түседі. Сондықтан эпидемиологиялық маусым басталмай тұрып алдын алу шараларына мән берген жөн. Биыл облыстың медициналық ұйымдарында тұмауға қарсы иммундау науқаны қыркүйек айында басталады. Қазір вакцина жеткізу және оны егуді медициналық ұйымдарда ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Тұмауға қарсы вакцина кімдерге тегін салынады? Облысқа қанша доза вакцина жеткізіледі? Екпені қайдан алуға болады және вакцинадан кейін қандай әсерлері болуы мүмкін? Осы және өзге де сауалдарымызға Павлодар қалалық №5 емхананың жалпы практика дәрігері Анар Қадырова жауап берді.

– Анар Бәкібайқызы, биыл тұмауға қарсы вакцинация қашан басталады және қанша уақытқа созылады?

- Тұмауға қарсы вакцинация жыл сайын эпидемиологиялық маусым басталар алдында, яғни қыркүйек-қазан айларының аралығында жүргізіледі. 2026-2027 жылдардағы вакцинация науқанының нақты басталу мерзімі мен ұзақтығы санитарлық-эпидемиологиялық шараларға сәйкес айқындалады. Биылғы науқан Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің тиісті қаулысы шыққаннан кейін басталады.

– Тұмауға қарсы вакцинаны алдымен кімдер алуы керек?

- Бірінші кезекте тұмауды жұқтыру және аурудың ауыр өту қаупі жоғары азаматтарға вакцинация жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің №612 қаулысына сәйкес, басым топқа медицина қызметкерлері, медициналық ұйымдарда динамикалық бақылауда тұрған балалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, қарттарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын азаматтар, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар жатады. Сонымен қатар, эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша инфекция жұқтыру қаупі жоғары адамдар да вакцинацияланады.

– Биыл облысқа қанша вакцина жеткізіледі?

- Биыл облысқа тұмауға қарсы 80 мың доза вакцина Бірыңғай дистрибьютор - «СК-Фармация» ЖШС арқылы жеткізіледі. Вакцинаның өңірге қыркүйек айында келуі күтілуде.

– Тұмауға қарсы екпені қайда салдыруға болады? Қандай құжаттар керек?

- Вакциналау профилактикалық екпе жүргізуге қажетті жағдайлары бар медициналық ұйымдарда жүзеге асырылады. Екпе алу үшін жеке куәлік қажет. Вакцина салынар алдында медицина қызметкері азаматты қарап, медициналық қарсы көрсетілімдердің бар-жоғын бағалайды. Екпе пациенттің ақпараттандырылған келісімі алынғаннан кейін жүргізіледі.

Сонымен қатар, медицина қызметкері вакцинацияның тиімділігі, ықтимал жағымсыз реакциялар және вакцинадан бас тартудың салдары туралы толық әрі объективті ақпарат беруге міндетті.

– Ал вакцина қаншалықты тиімді? Екпеден кейін жанама әсерлері болуы мүмкін бе?

- Вакциналау - тұмаудың алдын алудың тиімді тәсілдерінің бірі. Оның басты маңызы - аурудың ауыр өтуі мен асқыну қаупін төмендету. Алайда ол вакцина алған адам тұмаумен мүлде ауырмайды деген сөз емес. Екпеден кейін қысқа мерзімді жеңіл реакциялар байқалуы мүмкін. Мәселен, вакцина салынған жерде ауырсыну немесе қызару, әлсіздік, дімкәстік, бас ауруы, дене қызуының аздап көтерілуі ықтимал. Кез келген вакцинация сияқты, тұмауға қарсы екпеден кейін де жағымсыз реакциялар болуы мүмкін. Сондықтан вакцина салдырмас бұрын медицина қызметкері пациентке оның ықтимал әсерлері туралы қажетті ақпарат береді.

- Ақпаратыңызға рақмет!

Әңгімелескен -
Айдана БОРАНБАЕВА.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Облыста құны миллиондаған теңгеге бағаланатын жоғары технологиялық оталар қолжетімді бола түсті. Соның бірі — ревизиялық эндопротездеу. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша мұндай оталардың құны 2 миллион теңгеден асады, ал сақтандырылған азаматтарға ол тегін көрсетіледі.

Қымбат ота – тегін мүмкіндік

Айдана БОРАНБАЕВА

Ғалым Сұлтанов атындағы облыстық ауруханада тұрғындарға травматологиялық және ортопедиялық көмектің түрлі бағыты ұсынылады. Оның ішінде күрделі әрі жоғары технологиялық операциялар да бар. Бұл жөнінде Ғ.Сұлтанов атындағы облыстық ауруханаңың травматология-ортопедия бөлімінің меңгерушісі, травматолог-дәрігер Андрей Пороховой мәлімдеді.

Дәрігердің сөзінше, бөлімше ауыр жарақаттанған науқастарға шұғыл және жоспарлы түрде медициналық көмек көрсетеді. Басты бағыттардың бірі – ірі буындарды, соның ішінде жамбас пен тізе буындарын эндопротездеу. Ауруханада жамбас буынын алмастыру операциялары 2010 жылдан бері жасалса, тізе буынын ауыстыру 2012 жылдан бастап жүргізіледі. Қазір 1 жылда шамамен 500 осындай ота жасалады. Ал ай сайын орта есеппен 40-45 науқасқа буын ауыстыру отасы жасалады.

- Бұрын эндопротездеу жоғары технологиялық медициналық көмек санатына кіретін. Қазір мұндай операциялар күнделікті медициналық тәжірибеге еніп, Қазақстанның көптеген өңіріндегі клиникаларда жасалады. Ал ревизиялық эндопротездеу бүгінде жоғары технологиялық операциялардың бірі болып саналады. Ол бұрын жасанды буын орнатылған, бірақ уақыт өте импланты тозған, босап қалған немесе инфекциялық асқыну туындаған пациенттерге жасалады.

Жалпы, ревизиялық эндопротездеу – бұрын орнатылған имплантты қайта ауыстыру операциясы. Қазір біздің клиникада айына шамамен бір осындай операция жасалады. Жыл басынан бері 8 ота өткіздік. Бұл операцияның міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі құны 2 млн теңгеден асады. Дегенмен, сақтандыру мәртебесі бар пациенттерге операция тегін жасалады, - деді Андрей Пороховой.

Бөлімше дәрігерлері эндопротездеумен қатар, мениск пен алдыңғы айқаспалы байлам зақымданған кезде артроскопиялық операциялар да жүргізеді. Өткен жылы шамамен 100 артроскопиялық операция жасалған. Оның 20-ға жуығы алдыңғы айқаспалы байламды пластикалау оталары болған. Сондай-ақ, клиникада аяқтың бас бармағының деформациясы - hallux valgus, бітіспеген сынықтар, металл конструкцияларды алып тастау және басқа да жоспарлы ортопедиялық операциялар жасалады.

Шұғыл травматологиялық көмек көрсету де - бөлімше қызметінің маңызды бөлігі. Сүйек сынған жағдайда дәрігерлер әртүрлі сегментке остеосинтез жасап, жарақаттың ерекшелігіне қарай өзге де шұғыл хирургиялық араласуларды орындайды. Операция ұзақтығы күрделілігіне қарай 1 сағаттан 2 сағатқа дейін созылады.

Маманның айтуынша, буын ауыстыру қажеттілігіне әртүрлі жағдай себеп болуы мүмкін. Солардың бірі – деформациялық артроз. Мұндай кезде буынның шеміршек тіні біртіндеп тозып, қатты ауырсыну пайда болады және адамның қозғалысы шектеледі. Ауру жарақаттан немесе буын ішіндегі сынықтардан кейін де дамуы ықтимал. Сонымен қатар, ревматоидты артрит пен подагралық артрит секілді сырқаттар да буындардың бұзылуына әкелуі мүмкін.

Артық дене салмағы да буындарға түсетін күшті көбейтіп, олардың жылдам тозуына ықпал етеді. Бұдан бөлек, ұзақ уақыт ауыр физикалық жүктememен жүрген, соның ішінде бұрын кәсіби спортпен айналысқан азаматтар да қауіп тобына кіреді.

Эндопротездеу жасалатын науқастардың басым бөлігі - 60 жастан асқан адамдар. Алайда дәрігерлер буын ауруларының жасарып келе жатқанын да байқап отыр. Бөлімшеге 20-40 жас аралығындағы асептикалық некрозы бар пациенттер де келеді. Андрей Пороховойдың айтуынша, кейбір жағдайда буындардың зақымдануына COVID-19-дан кейінгі асқынулар да әсер еткен.

Осылайша, қазіргі травматология мен ортопедия павлодарлықтарға шұғыл көмектен бастап күрделі жоспарлы оталарға дейінгі медициналық қызметті өз өңірінде алуға жағдай жасап отыр. Медициналық көрсетілім болған және науқастың сақтандыру мәртебесі белсенді болған жағдайда құны миллиондаған теңгеге жететін бірқатар жоғары технологиялық операциялар МӘМС аясында тегін жасалады.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Талаптар қатаңдады

Павлодар облысында жыл басынан бері жалпы жол-көлік оқиғаларының саны азайған. Алайда, бұл дерек жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол апаттарының бәсеңдегенін білдірмейді.

Сара ӘБДОЛ

ҚР Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті азаматтық және әкімшілік салаларындағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің прокуроры Әсел Сүлейменова өңірдегі ахуалмен бөлісті.

- Бүгінгі күнге дейін аймағымызда 585 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24 жағдайға азайған. Дегенмен, көмелетке толмағандардың қатысуымен болатын апаттар жиілеген. Бүгінде аталған жағдай бойынша 185 дерек тіркелген. Оқиға салдарынан 225 жасөспірім жарақат алып, 6 бала көз жұмған. Олардың үшеуі көлік тізгіндеген болса, үшеуі жаяу жүргінші болған. Қайғылы жағдайдың төртеуі Павлодар және Ақсу қалаларында тіркелсе, екеуі облыстық және республикалық автожолдарда орын алған, - деді ол.

Мамандардың сөзінше, жасөспірімдердің мұндай жағдайларға тап болуы жол қозғалысы ережелерін сақтамаудан, жүргізушілердің көлікті мас күйінде тізгіндегеннен туындайды. Аталған оқыс оқиғалардың алдын алу үшін құзырлы органдар балалар қауіпсіздігіне қатысты профилактикалық жұмыстарды мектеп қабырғаларында ғана емес, аулаларда, жаяу жүргіншілер өткелдерінде, маңызды жолдарда күшейту қажет екенін алға тартты.

Бұдан бөлек, ата-аналардың да балаларын жол қозғалысы ережелерін сақтау жайлы құлақтандырылуы қажет екенін ескертті. Бүгінде көмелетке толмаған балалардың квадрацикл, самокаттарды, көліктерді басқаруы қалыпты жағдайға айналуда. Бұл да ата-аналардың немқұрайлылығынан болуда.

Жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының

жиілеуіне байланысты жаңа оқу жылы қарсаңында балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы түсіндіру және алдын алу жұмыстарды жалғасын табатын болады.

1 ҚЫРКҮЙЕК - БІЛІМ КҮНІ

Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік!

Жаңа оқу жылының басталуына бірнеше күн ғана қалды. Қазіргі таңда облыс мектептері оқушыларды қабылдауға сақадай сай дайын. Қуантарлығы, биыл да павлодарлық балаларды жағымды жаңалық күтіп тұр. Атап айтқанда, 1 қыркүйек күні аймағымызда екі жаңа мектеп есігін айқара ашпақ. Сондай-ақ, осы жылы 11 мыңға жуық балғын 1-сыныпқа қабылданып, оқушы қатарына қосылады деп күтілуде. Бастысы, елімізде барлық шәкірттің сапалы білім, саналы тәрбие алуы үшін жан-жақты жағдай жасалуда. Осы мақсатта отандық білім беру саласында бірқатар өзгерістер орын алып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылуда.

Нысандар – балалар игілігіне!

Осы оқу жылының басты жаңалығы - білім күні қарсаңында облысымызда 220 орындық екі жаңа мектептің тұсауы кесіледі деп жоспарлануда. Білім ордасының бірі - Екібастұз қаласының Атығай ауылында, ал екіншісі Ертіс ауданының Қызылқақ ауылында бой көтерген. Аймақ басшысы Асайын Байхановтың айтуынша, жалпы соңғы үш жылдың ішінде ауылдық жерлерде 8 жаңа мектеп салынған. Сонымен қатар, биыл қазан айында Павлодар қаласында 1200 орындық жайлы мектептің құрылысы аяқталып, шәкірттердің игілігіне берілмек. Нәтижесінде облысымызда оқушы орындарының тапшылығы жойылады деген үміт бар.

Атап өтерлігі, білім беру нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға да ерекше көңіл бөлінуде. Мәселен, ағымдағы жылы аймақтағы балабақшалар мен мектептерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 6,7 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінген. Сондай-ақ, биыл үш қаладағы барлық мектеп пен балабақшаның аумағына толық асфальт төселген. Ал келесі оқу жылында 15 білім беру нысанына күрделі жөндеу жүргізілмек.

Қуантарлығы, облысымызда балабақша тапшылығы мәселесі де оң шешімін тапқан.

- Биыл және келесі жылы да балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту көрсеткіші 100 пайыз сақталады. Осы жылдың өзінде үш мектепке дейінгі жаңа ұйым ашылды. Бұдан бөлек, Екібастұз қаласында демеушілер есебінен 140 балаға арналған инклюзивті балабақша ел игілігіне берілді. Келесі жылы тағы да 620 орынға арналған үш балабақша бой көтереді, - деді Асайын Байханов. Яғни, алдағы жылы Ақсу қаласының Үштерек ауылы мен Баянауыл, Атамекен елді мекендерінде жалпы саны 620 орындық үш балабақшаның құрылысы салынады деп жоспарлануда.

Бағалау жүйесі өзгереді

Осы оқу жылындағы өзгерістің бірі - бастауыш сыныптардағы оқушылардың білім деңгейін жаңартылған тәсіл бойынша бағалау. Нақтырақ айтқанда, бұдан былай 2-4-сыныпта оқитын балалар үшін тек аралық бақылау болады. Бұл туралы облысымызға іссапармен келген ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова мәлім еткен еді. Оның айтуынша, жаңа оқу жылынан бастап бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісін дамытуға басымдық беріледі. Осы мақсатта диктант, бақылау жұмыстары, шығарма, мазмұндама жазу сынды тапсырмалар қайтадан енгізілмек.

Бұған дейін оқушылардың оқу жетістіктері формативтік және жиынтық бағалау арқылы бағаланып келгенін білеміз. Ал енді формативтік бағалау сақталып, оның тоқсандық қорытынды бағадағы үлесі артатын болады. Бұл өзгеріс баланың сабаққа қатысуға белсенділігі мен тапсырмаларды орындау қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңартылған тәртіп бойынша тоқсан соңында бөлек тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) мүлдем өткізілмейді. Яғни, нәтижелер аралық бағалау арқылы анықталып, тоқсан соңында оқулықтағы бөлімдерді қайта қамтитын жеке жиынтық жұмыс жүргізілмейді.

Осылайша, бағалау жұмыстарының саны қысқармақ. Бұл өзгеріс оқушыны бағалау жүктемесін жеңілдетуге әрі мұғалімдердің тапсырмаларды бөлек әзірлеп, тексеруге жұмсайтын уақытын қысқартуға мүмкіндік береді, дейді министр.

Міндетті курстар оқытылады

Жаңа Конституцияға сәйкес оқу бағдарламалары мен жоспарлары қайта қарастырылып, маңызды құжатты жүзеге асыру аясында жалпы орта білім беру бағдарламасына бірнеше міндетті пәндер енгізілген.

Осылайша, биыл жаңа оқу жылынан бастап елдегі мектептерде бірқатар міндетті оқу курстары оқытылады деп жоспарлануда.

ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың айтуынша, 5-7-сынып оқушылары үшін «Конституция негіздері» пәні енгізіледі. Ал 8-11-сыныптарда «Заң және тәртіп», 5-11-сынып оқушылары үшін «Жеке қауіпсіздік» оқу курстары міндетті түрде оқытылатын болды.

- Бұған қоса, осы уақытқа дейін таңдау пәні ретінде оқытылып келген «Құқық негіздері» курсы енді барлық оқушы үшін міндетті пәнге айналады. Сондай-ақ, оның мазмұны жаңа Конституция қағидаттарына сай сәйкестендірілді. Сонымен қатар, үлгілік оқу жоспарларының құрылымы оңтайландырылды. Балалардың барлық оқу пәндеріне толық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқартылған оқу жоспарлары біржола алынып тасталды, - деп атап өтті министр.

ЖИ–ға басымдық беріледі

Жаңа оқу жылының тағы бір жетістігі - білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізу. Биыл бұл мәселеге басымдық берілмек.

- Осы мақсатта «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндерінің атауы өзгертілді. Биыл мамыр айында ел Президентінің «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданды. Бүгінгі таңда министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, аталған Жарлықты іске асыру жөніндегі 2026-2029 жылдарға арналған кешенді жоспарды әзірледі. Сол бойынша жұмыс жалғасады, - деді еліміздің бас ұстазы Жұлдыз Сүлейменова. Оның айтуынша, 1 қыркүйектен бастап Павлодар және Қызылорда облыстарындағы 10 шағын жинақты мектепте жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып қала мен ауыл арасындағы білім сапасының алшақтығын азайтуға бағытталған пилоттық жоба іске қосылады деп жоспарлануда.

Қазіргі уақытта дайындық жұмыстары қызу қолға алынуда. Аймақ басшысының айтуынша, облысқа қарасты шалғай ауылдардағы барлық мектеп жоғары жылдамдықты интернетпен және заманауи қауіпсіздік жүйелерімен 100 пайыз қамтылған.

- Мемлекет басшысы алдымызға цифрлық сауаттылықты, жауапкершілікті және білім сапасын арттыру міндетін қойды. Бұл - ауқымды әрі жүйелі жұмысты талап ететін маңызды бағыт. Мұнда мәселе тек қаржыландырумен шектелмейді. Әр міндет нақты сараланып, тиімді жоспарланып, нәтижеге бағытталуы тиіс, - деді Асайын Байханов.

Осылайша, осы оқу жылында білім беру саласына бірқатар өзгерістер енгізілмек. Облысымызда да ауыз толтырып айтарлықтай жағымды жаңалықтар баршылық. Мұның бәрі оқушылардың заман талабына сай сапалы білім алуына жасалған үлкен қолдау екені сөзсіз.

Демек, павлодарлық балалар үшін жаңа оқу жылы – жаңа білім мен жаңа мүмкіндіктердің бастауы болмақ.

БІЛІМ-АҚПАРАТ

Жаңа оқу жылы қарсаңында ата-аналарды қолдау мақсатында Май ауданының білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен жылжымалы мектеп жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңке өтті

Аталмыш шара аудан орталығынан шалғайда орналасқан 12 елді мекенді қамтып, ауылдық оқушылардың жаңа оқу жылына қажетті заттарды алысқа бармай-ақ сатып алуларына мүмкіндік берді.

Жергілікті кәсіпкерлер кеңсе тауарларын, мектеп формаларын, спорттық киімдер мен аяққиімдерді нарықтық бағадан төмен бағамен ұсынды. Ата-аналар бұл бастама үлкен қолдау екенін айтып, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Әлімжеттікке жол жоқ!

Бұдан былай ел мектептеріндегі заңсыз әрекеттерді ерте анықтауға мүмкіндік жасалмақ. Нақтырақ айтқанда, балалар арасындағы әлімжеттіктің алдын алуға тосқауыл қою тетіктері бекітілді.

ҚР Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің айтуынша, жаңа профилактика туралы заң аясында білім беру ұйымдарында балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған жұмыстар күшейтілетін болады.

- Ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмдері, оның ішінде буллингті және басқа да заңсыз

әрекеттерді ерте анықтау тәсілдері бекітілді. Осы жұмыстың тиімділігін арттыру үшін мектептерге тәлімгерлерді енгізу ұсынылады. Бұл шетелдік тәжірибемен де дәлелденген. Тәлімгерлер тиісті топтармен нақты жұмыс жүргізіп, қиын жағдайдағы балалармен әлеуметтік оңалту шараларын жүзеге асырады, - деді министр. Сонымен қатар, ол ҚР Оқу-ағарту министрі мен әкімдіктер осы модельді барлық облысқа енгізуді тездетуі қажет екенін атап өтті.

Бетті әзірлеген - **Нұржайна ШОДЫР.**

ҮКІМЕТ

Қысқы кезеңге әзірлік қалай жүруде?

Үкіметте алдағы қысқы жылыту кезеңіне дайындық мәселесі пысықталды. Құзырлы мекеме басшылары электр-жылу өндірісінен бастап, көмірмен қамтылу, қуаттарды арттыру бойынша істеліп жатқан жұмыстардан ақпарат берді. Өз сөзінде Премьер-Министр мектеп, аурухана тәрізді әлеуметтік нысандар жылыту 1 қыркүйектен, тұрғын үйлерді жылыту 15 қыркүйектен басталу керектігін ескертті. Яғни, тиісті әкімдіктер ауа температурасын ұдайы бақылауда ұстау керек. Межеленген жұмыстар осы уақытқа дейін аяқталуға тиіс.

Энергия нысандары жөнделуде

Қазақстанда энергетикалық кешенді алдағы жылыту маусымына дайындау жұмыстары жалғасуда. Биыл электр станцияларын, электр және жылу желілерін жөндеуге 384 млрд теңге қарастырылған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға көп. Жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп, генерация мен инфрақұрылымның негізгі нысандарын қамтиды.

Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов мәлімдеді. 2026 жылы электр стансаларында 9 энергия блогын, 55 қазандықты және 51 турбинаны жөндеу жоспарланған. Қазіргі уақытта 3 энергия блогында, 33 қазандықта және 24 турбинада жөндеу жұмыстары әртүрлі кезеңдерде жүргізілуде. Осы жылы жөндеу жұмыстарына 384 млрд теңге көзделген, бұл өткен жылдың деңгейінен 9% жоғары. Сондай-ақ, өңірлік электржелілік компаниялардың электр желілерінде жалпы ұзындығы 17,1 мың шақырым электр беру желілерін және 444 қосалқы стансаны жөндеу жоспарланған.

Бүгінгі таңда электр беру желілерінің 91% және қосалқы стансалардың 84% жөндеу аяқталды. Жылумен жабдықтау желілерінде 377 шақырым жылу желілерін реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Оның 246 шақырымы немесе 65%-ы аяқталды. Министр сондай-ақ энергожүйе жұмысының сенімділігін арттырудағы оң динамиканы атап өтті. Осы жылдың 7 айының қорытындысы бойынша электр стансаларындағы технологиялық бұзушылықтар саны 5,6%-ға төмендеді. Энергия көздерінің отын қоймаларында 4,2 млн тонна көмір жинақталды, сондай-ақ137 мың тонна мазут қоры қалыптастырылды, бұл көрсеткіштер өткен жылмен салыстырғанда 2%-ға жоғары. Министрлік қыркүйек айынан бастап көлемі 255 мың тонна құрайтын «әлеуметтік» мазут жеткізу кестесін бекітті.

Көмір жеткізуді ЖИ бақылайды

Энергетика министрлігі алдағы жылыту маусымына халықты және коммуналдық-тұрмыстық секторды көмірмен қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде. Көмір жеткізілімдерін үйлестіру үшін Республикалық штаб жұмыс істейді, ал отын қозғалысын бақылау жасанды интеллект элементтері мен предиктивті талдау құралдары енгізілген Бірыңғай цифрлық платформа арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы алғанда, алдағы жылыту маусымына халық пен коммуналдық-тұрмыстық сектордың көмірге деген қажеттілігі 7,3 млн тоннаны құрайды, оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық сектор үшін - 1,6 млн тонна, халық үшін - 5,7 млн тонна. Министрдің сөзінше, өткен жылыту маусымында коммуналдық-тұрмыстық сектор мен халықтың көмірге нақты қажеттілігі 8,3 млн тоннаны құрайды. Бұл 2035 жылға дейін газбен қамтудың Бас схемасын жүзеге асыруға байланысты. Өңірлерді қатты отынның қажетті көлемімен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында министрлік жасанды интеллект және предиктивтік талдау элементтері енгізілген Бірыңғай цифрлық платформа әзірледі.

Жүйеге 36 көмір өндіруші кәсіпорынның деректері, 29 мың жартылай вагонды пайдалана отырып жүзеге асырылатын темір жол тасымалдары, 586 көмір тұйығы операторының қызметі және 1,2 млн-нан астам тұтынушы туралы мәліметтер біріктірілген. Платформа нақты уақыт режимінде көмірдің өндіруден және жөнелтуден бастап халық пен коммуналдық-тұрмыстық секторға жеткізілуіне дейінгі барлық кезеңдердегі қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді, сондай-ақ тапшылық тәуекелдері мен бекітілген кестелерден ауытқуларды автоматты түрде анықтайды. Ерлан Ақкенженов атап өткендей, Министрлік ішкі нарықты қажетті көмір көлемімен қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдады.

Шараларды күшейтуді тапсырды

Премьер-Министр Олжас Бектенов тамыз айының ортасында бірқатар өңірлерде электр энергиясының өшіп қалуына байланысты елдің энергия жүйесінің сенімділігін арттыру үшін шаралар қабылдау қажеттігіне назар аударды.

Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов министрлік жаңа генерациялау нысандарын, оның ішінде Алматы қаласында ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті және Түркістан облысында қуаттылығы 1 мың МВт болатын жаңа ПМУ-ді іске қосу аяқталып жатқанын баяндады. Сонымен бір мезгілде электр желісі шаруашылығы да күшейтілуде. Мәселен, энергожүйенің оңтүстік аймағының сенімділігін арттыруға бағытталған 500 кВ-тық «Шу-Жамбыл-Шымкент» электр беру желісінің жобасы жүзеге асырылуда. Жұмыстарды аяқтау 2027 жылдың екінші тоқсанына жоспарланған. Бұдан басқа, технологиялық ақауларды тергеу қорытындылары бойынша мұндай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін қосымша ұйымдастыру іс-шаралары әзірленетін болады, олардың ішінде релелік қорғаныс пен жүйелік автоматиканы кезектен тыс тексеру және баптау қажеттігі туралы талаптар бар.

«Бұл - стратегиялық маңызы бар бағыт, сондықтан жұмыстарды күшейту керек», – деп атап өтті Премьер-Министр.

Ал әлеуметтік нысандардың жылу беру маусымына дайындығы 98%-ға жетті. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың баяндауынша, барлық өңірлерде нысандарды жылыту маусымына дайындау бойынша қажетті жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, білім беру саласындағы 10 913 нысанның 10 693-і, яғни 98%-ы дайындалды. Бұл ретте 8 өңірде 100% дайындыққа қол жеткізілді. Денсаулық сақтау нысандары бойынша дайындық 98% құрайды. 5 394 нысанның 5 281-і дайындықты аяқтады. 6 өңірде 100% дайындық қамтамасыз етілді. Тұрғын үйлер бойынша жылыту маусымына дайындық жұмыстары 51 391 үйде аяқталды, бұл жоспардың 96%-ын құрайды.

Су, жылу және электр желілері

Жылыту маусымына дайындық негізінен сумен, жылумен және электр қуатымен үздіксіз әрі жеткілікті қамтумен өлшенеді.

Бұл ретте, елде 1300 шақырымнан астам сумен жабдықтау желілері жөнделді. Өңірлерде инженерлік инфрақұрылымды алдағы жылыту маусымына жоспарлы түрде дайындау жұмыстары жалғасуда. Автономды қазандықтардың дайындығы 98%-ға жетті. Сонымен қатар сумен жабдықтау және су бұру желілерін жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың айтуынша, бүгінде сумен жабдықтау желілерінің жоспарланған 1 808 шақырымының 1 303 шақырымы жөнделді, бұл жоспарланған көлемнің 72%-ын құрайды. Жөндеу жұмыстары 6 өңірде толық аяқталды. Су бұру желілері бойынша 225 шақырым жөндеу жұмыстары орындалды, бұл жоспарланған көлемнің 74%-ын құрайды. Жылыту маусымының үздіксіз өтуін қамтамасыз ету мақсатында Министрлік тарапынан автономды қазандықтардың дайындығына мониторинг жүргізілуде.

Енді электрмен қамту мәселесіне келсек. Премьер-Министр Олжас Бектенов «KEGOC» басқарма төрағасына оңтүстік өңірдің энергетикалық жүйесін күшейту және батыс өңірді бірыңғай энергожүйеге қосу жөнінде тапсырма берді.

Алдағы күзгі-қысқы кезеңде Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің тұтыну максимумы 18 200 МВт деңгейінде болады деп күтілуде. Бұл өткен жылғы күзгі-қысқы кезеңмен салыстырғанда 3%-ға жоғары. Сонымен қатар электр энергиясын тұтыну көлемі де 3%-ға өседі деп болжануда.

«KEGOC» АҚ басқарма төрағасы Нәби Айтжановтың мәлімдеуінше, күзгі-қысқы кезеңде электр энергиясын тұтыну көлемі өткен күзгі-қысқы кезеңмен салыстырғанда 2 млрд кВтсағатқа немесе 3%-ға өседі деп күтілуде. Сонымен қатар болжам бойынша электр энергиясын өндіру 2,1 млрд кВтсағатқа немесе 3%-ға артуы мүмкін. Болжамды теңгерім бойынша алдағы күзгі-қысқы кезеңде Оңтүстік аймақтағы ең көп тұтыну көлемі 5 100 МВт деңгейінде болуы мүмкін. Бұл өткен күзгі-қысқы кезеңнен 700 МВт-қа көп. Оңтүстік аймақта күтілетін қуат тапшылығы «Солтүстік - Шығыс - Оңтүстік» транзиті ағыны есебінен жабылады. ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектенов жоспарланған барлық жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтаудың маңыздылығын атап өтті.

«Сіз атап өткен екі аса маңызды жобаларыңыз бар - оңтүстік аймақты күшейту және

батысты бірыңғай энерго жүйесіне қосу. Барлық жұмыстар сапалы, уақытылы жүргізілуге тиіс. Өте маңызды, стратегиялық маңызы бар нысандар. Жеке бақылауыңызға алыңыз. Нұрлыбек Машбекұлы, бақылаңыз», – деді Премьер-Министр.

Жалпы, республика бойынша энергия нысандарын жөндеуге 60%-ға көп қаржы бөлінді: Олжас Бектенов жөндеу мерзімдерін ауыстыруға және жұмыс қарқынының төмендігіне жол берілмейтінін атап өтті.

«Мемлекет басшысы энергетика мен коммуналдық инфрақұрылымның стратегиялық маңызын, сондай-ақ еліміздің энергетикалық және инфрақұрылымдық негізін нығайту қажеттігін әрдайым атап өтуде. Аталған мақсаттарға жыл сайын ауқымды қаражат бөлінеді. Биылдың өзінде энергия нысандарын жөндеуге және жаңғыртуға 851 млрд теңге көзделген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 60%-ға артық. Оның ішінде «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында биыл шамамен 384 млрд теңге бөлінді. Бұл 2025 жылғы жөндеу науқаны аясында бөлінген қаражаттан 15%-ға көп. Осындай көлемдегі қаржыландыру жағдайында жөндеу мерзімдерін ауыстыруға, жұмыс қарқынын бәсеңдетуге және бөлінген қаражаттың игерілмеуіне жол беруге болмайды», деп атап өтті О.Бектенов.

Өңірлерде әкімдер жауапты

Олжас Бектенов жылыту маусымына білім беру және денсаулық сақтау нысандары 1 қыркүйекке дейін, ТКШ нысандары 15 қыркүйекке дейін толық дайын болуға тиіс екенін ескертті. Бұл ретте, білім беру және денсаулық сақтау нысандарының алдағы жылыту маусымына толық дайын болуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ инженерлік және коммуналдық инфрақұрылымның дайындығын қатаң бақылауды тапсырды.

«Жылыту маусымының басталуына шамамен бір ай уақыт қалды. Солтүстік өңірлерде дайындық жұмыстарын аяқтау мерзімі бұдан да шектеулі. Сондықтан жөндеу науқанын уақытылы аяқтау үшін жұмыс қарқынын арттыру қажет. Мендегі ақпарат бойынша бірқатар өңірлерде жөндеу мерзімдерінің кешігу қаупі бар. Мәселен, осындай тәуекелдер Көкшетау, Теміртау, Жезқазған қалаларында орын алып отыр. Сондай-ақ, Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарында да жылу желілерін жөндеу жұмыстары баяу жүріп жатыр», – деп атап өтті Олжас Бектенов Үкімет отырысында. Сондай-ақ, энергетика нысандарын қысқы кезеңге дайындауға жауапты өңірлік штабтардың жұмысына назар аударылды.

«Энергетика нысандарын қысқы кезеңге дайындауға жауапты Өңірлік штабтардың жұмысына назар аударамын. Бірқатар өңірлерде олар есептік көрсеткіштерді тыңдаумен ғана шектеліп отыр. Жылыту маусымына дайындық барысына бұлайша салғырт қарауға болмайды. Атқарылып жатқан жұмыстарды тұрақты бақылауда ұстап, нақты шешімдер қабылдау қажет», – деп атап өтті Премьер-Министр. Мәселені қарау барысында Энергетика министрлігіне жөндеу науқаны мерзімдерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету тапсырылды.

Премьер-Министр әкімдіктерге ауа райының өзгеруіне және ауа температурасының төмендеуіне уақытылы ден қоюды тапсырды. Энергия нысандарын дайындау барысын жергілікті жерлерде бақылауды күшейтіп, олардың уақытылы дайындығын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

«Қазір энергия кәсіпорындарының жылыту маусымына әзірлік паспорттарын алу жұмыстары басталды. Әкімдерге энергия нысандарының қыс мезгіліне дайындығын бағалау жөніндегі комиссиялардың жұмысына тікелей қатысуды тапсырамын. Энергия көздерінің, жылу және электр желілерінің жай-күйін тұрақты негізде тексеріп, жөндеу жұмыстарының барысы мен қажетті материалдық ресурстардың болуын бақылауда ұстау қажет. Әзірлік паспортын алмай тұрып, жылыту маусымын бастап кететін болса, тиісті басшылар жауапкершілікке тартылады», – деп атап өтті Олжас Бектенов. Осыған байланысты Энергетика министрлігіне, әкімдіктерге және энергетикалық компанияларға жөндеу жұмыстарын аяқтап, жаңа қуаттарды белгіленген мерзімде іске қосуды қамтамасыз ету тапсырылды.

Тұрғындарды көмірмен қамту маңызды

Премьер-Министр Олжас Бектенов халықты және коммуналдық-тұрмыстық секторды көмірмен үздіксіз қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

«Көмірді өндіру мен тасымалдаудан бастап оны халыққа сатуға дейінгі бүкіл жеткізу тізбегіне қатаң бақылау орнату қажет. Өңірлерде көмір тапшылығы мен бағаның негізсіз өсуіне жол берілмесін. Бұл үдеріске қатысушылардың барлығы өз жұмысын көмірмен қамтамасыз етуге арналған қолданыстағы цифрлық платформа аясында ұйымдастыруға тиіс», – деп атап өтті Премьер-Министр.

Энергетика министрлігіне өңір әкімдіктерімен бірлесіп, осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін өңірлерге әлеуметтік мазут жеткізу кестесін бекіту тапсырылды. Қазақстан темір жолы компаниясымен бірге бекітілген кестеге және көлемдерге сәйкес энергия нысандарына көмір мен мазутты уақытылы жеткізу бойынша шаралар қабылдау жүктелді.

«Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, өңір әкімдіктері 1 қыркүйекке дейін білім беру және денсаулық сақтау нысандарының толық дайындығын қамтамасыз етсін. Оқу-ағарту, Ғылым және Денсаулық сақтау министрліктері де бұл мәселені бақылауға алсын. Солтүстік, орталық және шығыс өңірлер бойынша барлық инженерлік инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары 15 қыркүйекке дейін, ал қалған өңірлер 15 қазанға дейін жылуды іске қосуға толық дайын болуға тиіс. Менің тапсырмам бойынша Премьер-Министрдің бірінші орынбасары барлық өңірлерді аралап, оның ішінде жылыту маусымына дайындық барысын да тексеріп келді. Нұрлыбек Машбекұлы, бұл мәселені қатаң бақылауда ұстап, әр апта сайын өңірлердегі жағдай туралы маған баяндап тұрыңыз», – деп тапсырды Олжас Бектенов.

Әзірлеген -
Нұрбол ҚАНАТБЕКҰЛЫ.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

Тозу көрсеткіші төмендейді

Облыста жылу желілерінің 78,2 пайызы тозған. Павлодар қаласында бұл көрсеткіш, тіпті, 87 пайызды құрайды. Осы сүреңсіз статистиканы төмендету үшін соңғы жылдары дәл осы саланы қаржыландыру еселеніп, ескілерінің үлесін азайтуға күш салынуда.

Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ

Биыл жөндеу және қайта жабдықтау жұмыстарының нәтижесінде облыстағы жылу желілерінің тозу көрсеткіші 76,6 пайызға түседі деп межеленіп отыр. Бұл туралы облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Ержан Иманзайыпов мәлімдеді. Ол 2022 жылмен салыстыра отырып, жылу желілерін ауыстыру жұмысының артқанын атап өтті. Мәселен, 2022 жылға дейін жылына шамамен 3 шақырым желі жаңартылса, соңғы жылдары жеті есеге дейін артқан. Биыл 23,6 шақырым жылу желісі ауыстырылуда.

- Ағымдағы жылы алдағы жылыту маусымына дайындық аясында ауқымды жұмыстар жоспарланды. Энергия көздерінде 41 негізгі жабдыққа жөндеу жүргізілуде. Атап өтсек, олар - 9 энергоблок, 24 қазандық, 6 турбина және 2 түтін мұржасы. Бүгінде олардың 22-сінде жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, электрмен қамту желілерінде 2393 шақырым электр желісі мен 790 жабдық жөнделеді деп межеленген. Қазіргі таңда оның 91,4 пайызы іске асырылды. 48,9 шақырым жылу желісі жөнделмек. Бұл жұмыстың 98,6 пайызы орындалды, - дейді Ержан Бейбітұлы.

Жөндеуден бөлек, өңірімізде ауқымды жаңарту жұмыстары жоспарланғанын білесіздер. Нақтысы, «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде облыста жалпы сомасы 21,7 млрд теңгенің 16 жобасы жүзеге асуда. Оның ішінде электрмен жабдықтау саласында 9 жоба екінші деңгейді банктер арқылы қаржыландырылады. Жылумен қамту саласында 7 жоба жергілікті атқарушы органның мемлекеттік құнды қағаздары есебінен іске аспақ.

Айта кетерлігі, биыл жүргізілген күзгі гидравликалық сынақтар нәтижесінде облыста 202 ақау анықталған. Оның 128-і Павлодар қаласында, 62-сі Екібастұзда, 12-сі Ақсуда тіркелген. Ақауларды жоюмен 64 бригада жұмыс істеуде.

Білім және денсаулық сақтау нысандарының қазандықтары толық дайын. Алдағы жылыту маусымына 660 мың тонна көмір жеткізілмек. Оның 245 мың тоннасы бюджеттік ұйымдарға, қалғаны тұрғындар қажетіне деп жоспарланған.

Биыл да жылыту маусымы қыркүйектің 9-10 күндері әлеуметтік нысандар үшін басталуы мүмкін. Бұлай ерте бастау жауапты кәсіпорындар үшін тиімді көрінеді. Яғни, күн жылыда желілерді сынап, кем-кетікті ерте анықтауға қолайлы.

ҚУАНЫШ

Үш еселенген бақыт

Павлодар ауданының Кемеңгер ауылында тұратын Түсіпбековтер отбасы үшін биылғы 10 тамыз есте қаларлық ерекше күн болды. Осы күні шаңырақка бірден үш сәби келіп, отбасы мүшелерінің қатары жеті балаға жетті. Елдана Дүйсенова Елнара, Елнияр және Елдияр есімді үшемді дүниеге әкелді.

Түсіпбековтер әулетінің өзіндік бір ерекшелігі бар. Отбасындағы балалардың есімі түгелдей «Е» әрпінен басталады. Бұл дәстүр ата-ананың есімдерінен де көрініс тапқан. Үшемдерге ат қойғанда да ерлі-зайыптылар отбасылық дәстүрді жалғастырған. Сөйтіп, үшемдерге Елнара, Елнияр және Елдияр есімдерін берген.

- Үшемнің дүниеге келуі біз үшін зор қуаныш. Бірден үш бала болады деп ойлаған жоқпыз. Негізі, бір перзент күткен едік. Алла үшемді нәсіп етіп, қуанышымызды еселеді. Қазір, бастысы - анасы мен балалардың дені сау. Үшеуінің де жағдайы жақсы, - дейді көпбалалы әке Ермек Түсіпбеков.

Елдана Дүйсенова Кемеңгер балалар өнер мектебінде директордың міндетін атқарып келеді. Перинаталдық орталық мамандарының айтуынша, анаға қажетті медициналық көмек көрсетіліп, үшемдердің денсаулығы бақылауда болған.

Жас отбасының қуанышына аудан басшылығы да ортақтасты. Павлодар ауданының әкімі Дидар Ыбыраев отбасыға арнайы барып, үшемдерге балалар арбасын сыйға тартты. Аудан әкімі ата-ананы құттықтап, сәбилерге зор денсаулық пен жарқын болашақ тіледі.

А.БОРАНБАЕВА.

БІЛІМ

Әр балаға – тең мүмкіндік

Май ауданында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсетуге ерекше мән берілуде.

Бүгінде ауданда осындай санаттағы 76 оқушы білім алуда. Оның ішінде 11 бала үйде оқытылады.

Өткен оқу жылында Е.Мұқашев атындағы орта мектепте инклюзияны қолдау кабинеті ашылды. Мұнда әр оқушының жеке ерекшеліктері ескеріліп, оның оқу үдерісіне бейімделуіне, қабілеттерін дамытуына және мектеп ортасында өзін еркін сезінуіне қажетті психо-

логиялық-педагогикалық көмек көрсетіледі.

Оқушылардың білім алуына және мектеп өміріне белсенді араласуына 7 педагог-ассистент қолдау көрсетуде. Сонымен қатар, аудан мектептерінде 2 логопед пен 1 дефектолог жұмыс істейді.

Инклюзивті білім берудің сапасын арттыруда педагогтердің кәсіби біліктілігін жетілдіруге де басымдық беріліп отыр. Соңғы 3 жылда 96 педагог инклюзивті білім беру бағытында арнайы курстардан өтті.

Май ауданында бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі дамыту арқылы әр баланың сапалы білім алуына, өз қабілетін ашуына және қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік жасау көзделіп отыр.

А.ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

Студенттердің жоғары оқу орындарында білім алу мерзімі 2-3 жылға қысқартылуы мүмкін. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Үкімет отырысынан кейінгі баспасөз мәслихатында мәлімдеген. Министр Саясат Нұрбек те төрт жылдық оқу мерзімінің ұзақ екенімен келіскен. Оның сөзінше, 2022 жылдан бастап жоғары оқу орындары оқу мазмұнының 92 пайызын өздері анықтай алады. Оның ішінде оқу ұзақтығы да бар. Мәселен, Astana IT University-де үш жылдық бакалавриат бойынша пилоттық жоба болғанын да атап өтті. Оқу мерзімінің қысқаруы студенттердің бакалавр деңгейінде толық білім алуына жеткілікті ме? Егер жастар ерте жұмысқа орналаса жұмыссыздар саны өсіп кетпейме? Осы сауалдар бойынша алаңнан жауап алып көрдік.

Оқу мерзімін қысқарту қаншалықты тиімді?

Ғабит САПАРОВ,
ақын, Жазушылар одағының мүшесі:

- Менің ойымша, студент мектептен кейінгі жоғары білімді толық төрт-бес жыл алғаны дұрыс. Себебі бұл - белгілі бір мамандыққа даярлайтын маңызды кезең. Сондықтан оны толық игеруге мүмкіндік берген жөн. Өз саласы бойынша терең теориялық білім қалыптастыру үшін студентке жеткілікті уақыт қажет. Әрине, жастар арасында төрт-бес жылды ұзақ мерзім деп қабылдап, болашақ мансабын қалыптастыруды кешеуілдетіп аламыз деген түсінік болуы мүмкін. Алайда біз де осы кезеңнен өттік. Төрт-бес жыл білім алып, ешнәрседен кеш қалған жоқпыз. Керісінше, алған біліміміздің іргетасы кейінгі кәсіби жолымызға негіз болды. Жас мамандардың барынша сауатты әрі білікті болып қалыптасуына да мән берген жөн. Әрине, түптеп келгенде, білімді қаншалықты меңгеру студенттің өзіне байланысты. Дегенмен оқу барысында ол болашақ маман ретінде қалыптасып, кәсіби жолына дайындалады. Сондықтан сапалы кадрлардың даярлану деңгейі төмендеп кетпеуі үшін жоғары оқу орындарындағы қазіргі оқу мерзімін сақтаған дұрыс деп есептеймін.

Азамат СМАХАН, тарих пәнінің мұғалімі:

- Егер оқу мерзімі қысқартылатын болса, ең алдымен оқу бағдарламаларының мазмұнына назар аудару қажет. Университеттерде студенттің болашақ мамандығына тікелей қатысы жоқ пәндер мен қайталанатын тақырыптарды азайтып, кәсіби білім беруге басымдық берген жөн. Бұл жағдайда студент уақытын тиімді пайдаланып, өзінің мамандығына қажетті білім мен дағдыларды тереңірек меңгеруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар жас маман еңбек нарығына ертерек араласып, тәжірибе жинақтуға да уақыт ұтады. Дегенмен оқу мерзімін қысқарту мәселесінің екінші жағы да бар. Екі-үш жылдық білімнен кейін жастардың еңбек нарығына жаппай шығуы жұмыс орындарына деген бәсекелестікті күшейтуі мүмкін. Әсіресе бір мамандық бойынша қысқа мерзімде көп маман даярланса, олардың барлығын жұмыспен қамту мәселесі туындайды. Бұл жұмыссыздық деңгейінің өсуіне немесе жастардың алған мамандығы бойынша жұмыс таба алмай, басқа салаларға ауысуына әкелуі ықтимал. Сондықтан оқу мерзімін қысқарту туралы шешім қабылданғанда тек студенттің университетті ертерек аяқтауы емес, одан кейінгі еңбек нарығындағы жағдай да ескерілуі керек. Қандай мамандықтарға қанша кадр қажет екені, олардың еңбек нарығындағы сұранысы, жұмыс орындарының саны алдын ала сараланғаны жөн.

Фарида Нұрхиса, жас маман:

- Жоғары оқу орындарында оқыту мерзімінің қысқартылуы әр мамандыққа жеке тағайындалған дұрыс деп санаймын. Мамандыққа деген сұраныс, игерілуі тиіс ақпарат көлемі жеке-жеке талдануы керек. Мен - Astana IT университетінің биылғы түлегімін. Қысқартылған мерзім бойынша 3 жыл оқып, қазіргі таңда мамандығым бойынша жұмыс істеудемін. Менің ойымша, ақпараттық технология мамандығында оқитын студенттер үшін аталған оқу мерзімі өте тиімді. Себебі, осы саланы игерушілер қатарында сырттай курстар арқылы маман-данған адамдар да жыл сайын артуда. Нәтижесінде еңбек нарығында ресми түрде білім алған студенттерге кейде орын тапшы болып жатады. Мұндағы артықшылық - өз салаңа ғана қатысты теориялық және практикалық білім алу мүмкіндігі. Уақыттың аз болғаны білім алушының да жауапкершілігін арттыруға көмектеседі деп ойлаймын. Қазіргі таңда мен оқу барысында практикадан өткен мекемеде қызмет етудемін. Жұмысыма үйренісіп кету ешқандай қиындық туғызбады. Өзіме қойылған міндеттерді уақытылы әрі талапқа сай орындап келемін.

«Алаңды» үйлестірген - **Сара ӘБДОЛ.**

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Тротуармен жүруге тыйым салынды

Бұған дейін елімізде сағатына 6 шақырым жылдамдықпен жүретін самокаттар жаяу жүргіншілер жолымен жүйтки беретін. Бұл өз кезегінде тұрғындарға қауіп төндіріп, талай адам түрлі дене жарақатын алған-ды. Енді бұлай болмайды. 25 тамыздан бастап электрсамокаттардың тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдарында қозғалуына тыйым салынды.

Бас прокуратураның мәліметінше, жыл басынан бері мопед жүргізушілерінің кінәсінен 390 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 33 адам қаза тауып, 461 адам жарақат алған. Сонымен қатар велосипедшілердің кінәсінен - 169, шағын электр көлік құралдарын пайдаланушылардың қатысуымен - 97, электрсамокат жүргізушілерінің кінәсінен 47 жол-көлік оқиғасы болған. Осындай жайттардың алдын алу үшін жаңа ережелер енгізілді. Енді электрсамокат жүргізушілері бірінші кезекте велосипед жолдарымен және веложолақтармен жүруі тиіс. Егер олар болмаса, қозғалысқа Жол жүрісі қағидаларында көзделген жағдайларда жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен немесе жол жиегімен рұқсат етіледі.

Электрсамокатпен жолға шығуға 18 жасқа толған, кез келген санаттағы жүргізуші куәлігі мен қорғаныс шлемі бар адамдарға ғана рұқсат етіледі. Тәуліктің қараңғы уақытында жарық қайтарғыш элементтерді пайдалану да міндетті. Бұл ретте жаяу жүргіншілер өткелінен электрсамокаттан түспей өтуге тыйым салынады.

Жаңа талаптар электрсамокаттарды жалға беретін компанияларға да қатысты. Яғни электрсамокаттарды қысқа мерзімге жалға беретіндер де жауапкершілік арқалайды. Жалға берілетін электрсамокаттардың тіркеу нөмірлері болуы және олар сақтандырылуы тиіс. Сондай-ақ кикшерингтік компаниялар самокаттардың техникалық жай-күйін, жылдамдығы мен орналасқан жерін бақылауға міндетті. Одан бөлек, 1 шілдеден бастап сервистер жаңа ережелерде көзделген жағдайларда пайдаланушылардың жасын және оларда жүргізуші куәлігінің бар-жоғын тексеруге міндетті.

Ал ережелердің сақталуын полицейлер де, кикшерингтік сервистер де қадағалайды. Егер самокат қозғалысқа тыйым салынған аймаққа кірсе, жүйе оның жылдамдығын автоматты түрде төмендетіп, содан кейін тоқтатады. Сонымен қатар жүргізуші куәлігі жоқ пайдаланушылар самокатты жалға ала алмайды. Ережені бұзған электрсамокат жүргізушілері әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Қ.ТІЛЕКТЕСҚЫЗЫ.

Ауыл-аймақ

АҚҚҰЛЫ АУДАНЫ

Шақа мектебіндегі шаттық

Биыл аудандағы Шақа орта мектебіне – 75 жыл. Айтулы мереке қарсаңында әр жылдары оқу бітірген түлектердің басын қосқан кеш ұйымдастырылды.

Мерекелік шараға аудан әкімінің орынбасары Махаббат Абулова, ардагер ұстаздар, білім ордасын басқарған директорлар, ата-аналар қатысты. Махаббат Өміртайқызы мектептің ауданның білім беру саласына қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Ширек ғасыр емес, тұтас 75 жылдық тарихы бар білім ошағы талай буынға білім мен тәрбие беріп, мыңдаған шәкірттің үлкен өмірге қанат қағуына жол ашты. Мектеп қабырғасында білім алған түлектер бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп, жетістіктерімен туған ауылының абыройын асқақтатып келеді.

Мерейтой қарсаңында мектеп түлектері ардагер ұстаздар қауымына алғыстарын жаудырды. Түлеп ұшқан алтын ұяларына 5 млн теңгеден астам қаржыға естелік сыйлық табыс етті. Атап айтқанда, мәжіліс залына сенсорлық панель, орындық пен басқа да қажетті құрал-жабдықтар орнатты. Бұл - түлектердің мектепке деген ыстық ықыласы мен жанашырлығының көрінісі.

Әсем кеште осы мектепте ұзақ жылдар бойы еңбек еткен екі ұстаздың құрметіне екі кабинет ашылды. Игі бастама - ұстазға жасалған үлкен құрмет. Саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған ардақты ұстаздардың есімін ұлықтау - кейінгі ұрпаққа өнеге.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

ТЕРЕҢКӨЛ АУДАНЫ

Ветеринарлық пункт салынуда

Тереңкөл ауданының Песчан ауылында жаңа ветеринарлық пункт биыл қолданысқа беріледі. Қазіргі таңда нысанды инвестор өз қаражатына салуда. Кейін бюджет қаражатына сатып алынады.

Облыстық ветеринария басқармасының мәліметінше, ауылдағы ветеринарлық пунктте 50 шаршы метр аумақты әкімшілік ғимарат болады. Ветеринарлық іс-шаралар өткізуге арналған ұзындығы 24 метр, ені 18 метрлік қақпалы мал қора қарастырылған. Ал ғимараттың өзінде екі жұмыс кабинеті, ветеринарлық дәрі-дәрмекті сақтайтын қойма, санитарлық торап, дәліз, өз-өзіне қызмет көрсету аймағы болады. Сонымен қатар, нысанның екі кіреберісі ұйымдастырылған. Бірі - негізгі кіреберіс, екіншісі биоматериалдармен жұмысқа арналған. Нысанда пандус та орнатылған. Ғимарат газдыблоктан және қаптама кірпіштен салынуда. Төбесі металл жабындысымен жабылады. Бюджет есебінен қыркүйек айында нысан инвестордан сатып алынады.

Айта кету керек, облыста 2026-2027 жылдары жалпы сипаттағы трансферттерге ветеринарлық мақсаттағы 172 нысанды сатып алуға 4 млрд 643 млн теңге қарастырылған. Оның ішінде 7 ветеринарлық станция ғимараты, 71 ветеринарлық пункт, 94 мал қорымы қолданысқа беріледі. Типтік нысандардың құны да бірдей. Ветеринарлық станциялар мен пункттер құны - 30 млн теңге, ал мал қорымдары - 24,5 млн теңге.

Г.ТҮГЕЛБАЙ.

МАЙ АУДАНЫ

Оқушыларға қолдау көрсетілуде

Май ауданының білім беру ұйымдарында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылар анықталып, оларға атаулы көмек көрсету шаралары ұйымдастырылуда.

Акцияны ұйымдастыру барысында Май ауданының білім беру ұйымдарында әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылардың санаттары нақтыланып, атаулы тізімдері жасақталды. Жаппай оқыту қорынан 373 балаға қаржылай көмек алды. Сонымен қатар, кәсіпкерлер, жеке тұлғалар 56 балаға қаржылық және материалдық көмек беріп, оқушыларға кеңсе тауарларын, мектеп формасын, спорттық киім-кешектер алуға қолдау білдірді. Акцияға аудан көлеміндегі кәсіпкерлерді, меценаттарды, ата-аналарды, жеке тұлғаларды және басқа да қайырымдылық жасаушыларды тарту жұмыстары жалғастырылуда.

Тамыздың 12-14 күндері аралығында ауданның барлық елді мекенінде акция аясында жылжымалы мектеп жәрмеңкелері өтті. Жәрмеңкеде кенсе тауарлары, мектеп формасы төмендетілген бағамен ұсынылды. Жәрмеңке 12 елді мекенде 500-ге жуық ата-анаға қызмет көрсетті.

А.БОРАНБАЕВА.

ШАРБАҚТЫ АУДАНЫ

Орманды қорғау – ортақ іс!

Шарбақты ауданында алқапты орманды өрттен қорғау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Осы бағытта облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері «Ертіс орманы» резерватының өкілдерімен бірлесіп, орман қоры аумағында ауқымды рейдтік іс-шаралар өткізуде.

Мамандардың айтуынша, басты мақсат - орман өрттерінің алдын алу, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау.

Рейд барысында халық жиі демалатын және өрт шығу қаупі жоғары учаскелер тексеріліп, демалушылар, жергілікті тұрғындар мен орманға жақын орналасқан ауыл шаруашылығы құрылымдарының жұмысшыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, төтенше жағдай кезінде жасалатын іс-әрекеттер көрсетілген жадынамалар таратылды.

Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерінің сөзіне қарағанда, орман өрттерінің басым бөлігі адам факторынан туындайтын көрінеді. Сондықтан орманда от жағуға, сөндірілмеген темекі тұқылы мен сіріңке тастауға және өрт қаупін тудыратын басқа да заттарды қалдыруға болмайды. Орманды қорғау - ортақ іс, дейді мамандар.

Н.ШОДЫР.

БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ

Экологиялық акция жалғасуда

Баянауылдың көркем табиғатын көздің қарашығындай сақтау – баршаға ортақ міндет. Осы мақсатта аудан жастары «Вандализмге жол жоқ!» акциясын ұйымдастырып, Жасыбай демалыс аймағы мен «Ұлу тас» маңын тазалады.

Аталған акцияға 40-тан астам ерікті қатысып, табиғи аумақтағы қоқысты жинады. Бұдан кейін жартастарға бояумен жазылған есімдер мен түрлі жазуларды өшірді.

Баянауыл жастар орталығының басшысы Ренат Ілден табиғи нысандарды бұрынғы қалпында сақтау - акцияның басты мақсаты екенін атап өтті. Еріктілердің айтуынша, жартастардағы жазуларды кетіру оңайға соқпаған. Соған қарамастан, олар аянбай еңбектеніп, тазалау жұмыстарын жүргізген.

Жалпы, акция барысында әр ерікті шамамен бір қап қоқыс жинаған. Жастар мұнымен ғана шектелмей, әлеуметтік желілер арқылы экологиялық мәдениетті насихаттап, қоршаған ортаны қорғауға үндейтін бейнероликтер жариялауда.

Экологиялық бастамаларға аудан ардагерлері, Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің өкілдері мен мектеп оқушылары да өз үлестерін қосып, көмекке келгенін атап өткен жөн. Ендігі кезекте еріктілер Сабынды көлі жағалауын тазалауға кіріспек.

Н.ШОДЫР.

АҚТОҒАЙ АУДАНЫ

Ойын алаңдары абаттандырылуда

Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылдық округіндебалалардыңбосуақытын қауіпсіз әрі жайлы ортада өткізуіне жағдай жасау мақсатында ойын алаңдарын абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Елді мекендердегі балалар алаңдарының жабдықтары жаңартылып, олардың сыртқы келбетін жақсартуға мән беріліп отыр.

Ауылдық округ әкімдігінің мәліметінше, абаттандыру аясында ойын алаңдарындағы түрлі құрылғы мен қоршаулар сырланып, тозған элементтер қалпына келтірілген. Сонымен қатар, балалар жиі пайдаланатын ілмелі өткеншектер жаңасына ауыстырылды. Бұл жұмыстар ойын алаңдарының көркін келтіріп қана қоймай, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ауылдық округ аумағын көркейту мен қоғамдық орындарды күтіп ұстау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын таппақ. Мұндай шаралар елді мекендердің ажарын арттырып, балалардың таза, көрікті және қауіпсіз ортада ойнауына жағдай жасайды.

А.ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

30 ТАМЫЗ — КЕНШІЛЕР КҮНІ

Ірі көлікпен іркіліссіз жұмысты қамтиды

Көмір өнеркәсібі – ел экономикасының іргелі саласы. Мұнда еңбек етіп жүрген әрбір жанның үлесі еселі. Себебі, кеніштегі жауапкершілікті жұмысқа төзіп, табандылық таныту үшін бойда қайсарлық қажет. Осындай еңбекті 34 жыл абыроймен атқарып жүрген азаматтардың бірі – Қайрат Әубәкіров.

Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ

Екібастұздағы «Шығыс» кенішіне жігіт жасында келген ол бүгінде кәсіпорынның белді қызметкеріне айналды. Тәжірибелі маман ретінде кейінгі буынға жөн сілтеп, білгенімен бөлісіп келеді. Қайрат Сембайұлы бүгінде кеніштегі теміржол орталығының бөлімшесі - жылжымалы құрамның «Фестивальная» депосында нұсқаушы-машинист болып еңбек етеді. Яғни, мұндағы локомотивтік бригадалардың күнделікті жұмысына тікелей жауапты.

- Біздің басты міндет - локомотивтердің апатсыз, үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. Таңертең келе сала жұмыс киімімізді киіп, медициналық тексерістен өтеміз. Басшымыздан жұмыс тапсырмасын аламыз. Алдыңғы ауысымда қызмет еткен нұсқаушы-машинистен ақпараттарды қабылдаймын. Яғни, жұмыс ауқымы, қай локомотивтің қандай жұмыс атқарғанын, ақаулары бар-жоғын білемін. Жұмыс тапсырмалары кітапшасын толтырып, машинистерге локомотивтерді, осы ауысымда атқаратын жұмыстарын бөліп беремін. Іске кіріспес бұрын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беремін, - дейді ауысым сайынғы атқаратын жұмысын тізбектеген Қайсар Әубәкіров.

Осылайша, ол желідегі локомотивтік бригадалардың жұмысына бақылау жасап, апатсыз жұмыс істеуін қадағалайды. Локомотивтерді жөндеуге кіргізу, одан шыққан соң қабылдап алу шараларының да басы-қасында болады. Жөндеуден шыққан тепловоздарды сынап, жағдайын бағамдайды.

> *...Әрине, жұмыс оңай емес. Бірақ, тұрақтап, табанды түрде 34 жыл еңбек етіп келемін. Бұл салада тұрақтау үшін бойында еңбекқорлық, жауапкершілік, ниет болу керек. Күрделі жағдайларға төзімділік те керек. Тәртіпсіз тағы болмайды...*

Машинистерді жұмыс алаңына жөнелткеннен кейін кабинетіндегі жұмыстарды реттеуге кіріседі. Барлық құжаттарды реттеп, қабылдап, қол қоятынына қол қойып, келесі міндетіне аттанады. Нақтысы, кеніш аумағындағы теміржол торабына бет алады. Мұнда локомотивтік бригадалармен нұсқаушылық сапарға шығады. Бұл дегеніңіз, локомотивті басқарудың қыр-сырын үйретеді. Маневр жасау кезіндегі ескерілетін тұстарды түсіндіреді. Машинистердің тепловозды жүргізуде кем-кетігін көргенше, қателіктерін түзету бағытында жұмыс істейді. Айта кетерлігі, Қайрат Сембайұлы еңбек ететін аумақта теміржол рельстерімен тепловоздар вагондарға көмір тиелген соң оны ары-бері жылжыту жұмыстары жүргізіледі. Көмір тиелген вагондарды маневрлік қозғалысқа келтіреді. Сондай-ақ, станцияда таразылау пунктіне жеткізеді. Вагондарды жинап, пойызды жасақтайды. Одан бөлек, локомотивтермен шаруашылық жұмыстарға да атсалысады. Қажетті кран, вагондарды тасиды.

Бұл салаға екібастұздық азамат жол-жөнекей кірген жоқ. Саналы түрде дәл осы саланың мамандығын оқып, еңбекке араласқан.

- 1989 жылы Екібастұздағы тау-кен техникумын тәмамдадым. Мұнда теміржол көлігінің жылжымалы құрамы бөлімшесінде білім алдым. Өнеркәсіптік теміржол көлігін жөндеу бойынша техник-механик мамандығын алып шықтым. Екі жыл әскери борышымды өтеп келген соң 1992 жылы «Шығыс» кенішіне тартушы агрегат машинисінің көмекшісі ретінде жұмысқа орналастым. Үш жылдан соң жеке машинист қызметіне ауыстым. Осылайша, еңбек жолым жалғаса берді, - дейді Қайрат Сембайұлы.

Ал 2010 жылы локомотивтік бригадалардың нұсқаушы машинисі қызметі сеніп тапсырылады. Яғни, лауазымы өсіп, жауапкершілігі арта түседі. Алғашында өзі басқаратын көлікті тізгіндеп, тиісті жұмысты атқару қажет болса, енді тұтас бригаданың жұмысын қадағалады. Жүктелген міндетін мінсіз атқара алды. Нәтижесінде 2019 жылы жылжымалы құрам депосының басшысы болып тағайындалады. Мұнда елу шақты азаматтың қауіпсіз еңбек етуіне жауапты болды. Алайда, 2022 жылы отбасылық жағдайына байланысты ауысымдық жұмысқа ауысуға тура келеді. Сөйтіп, нұсқаушы машинист қызметіне оралады. Содан бері осы қызметте нәтижелі еңбек етуде.

- Әрине, жұмыс оңай емес. Бірақ, тұрақтап, табанды түрде 34 жыл еңбек етіп келемін. Бұл салада тұрақтау үшін бойында еңбекқорлық, жауапкершілік, ниет болу керек. Күрделі жағдайларға төзімділік те керек. Тәртіпсіз тағы болмайды. Теміржолда, әсіресе, мұқияттылық қажет. Себебі, жұмысымыз қауіпті. Сондықтан, қызметкерлерден әр істі тыңғылықты жасау талап етіледі. Ауысыммен жұмыс істеген соң түнгі жұмысқа да төзімділік керек. Денсаулыққа баса назар аударуды ұмытпаған жөн, - дейді Қайрат Сембайұлы.

Алғаш еңбекке араласқан кезінде жол көрсетіп, бар білгентүйгенімен бөліскен тәлімгерін де атап өтті. Қазіргі таңда кеніште механик болып еңбек ететін Сергей Михайлович Шабанов Қайрат ағаның шыңдалуына, маман ретінде қалыптасуының бастауында болған. Үйреткені, айтқан әрбір кеңесі құлағында әлі күнге дейін жаңғырып тұрады. Бүгінде өзі де өзгелерге тәлімгер. Қызметі де дәл осы үйретуге бағытталған. Нұсқаушы машинист ретінде ізінен ерген буынға алып техниканы жүргізудің қыр-сырын үйретеді.

Айтпақшы, Қайрат Әубәкіровтің ұлдары да әке жолын жалғастырып, көмір өнеркәсібі саласында еңбек етуді таңдаған. Тұңғышы Ислам Екібастұздағы политехникалық колледжді бітіріп, «Богатырь» кенішінде экскаватор машинисінің көмекшісі болып еңбек етуде. Екінші ұлы Талғат биыл 9-сыныпты тәмамдап, ағасы сияқты аталған колледжде білім алуға бел буған. Ал даңқты маман Қайрат Сембайұлы жұмыстың ауыртпалығын білсе де, ұлдарының таңдауына қарсы келмеген. Керісінше, қолдау білдіріп, өздері қалаған мамандық бойынша еңбек етуін құп көреді. Ол кеніште жұмыс істеуді мақсат етіп, сол мамандықты меңгерген жас жерде қалмайтынын біледі. Оқу орнынан түлеген соң жастар жұмыс іздеп қиналмайтынына сенімді. Әрі тұрақты табыс та әр азаматтың өмір сүруіне аса қажет деп санайды. Үшінші ұлы Алан 3-сыныпта оқиды. Оның да болашақта әкесі, ағалары сияқты даңқты жолды таңдар-таңдамасын уақыт көрсетер. Дегенмен, қайсар мінезді ортадан қайратты ұл болып қалыптасары анық. Қайрат Сембайұлының жұбайы Әсемгүл балабақшада тәрбиеші болып еңбек етеді.

Осындай еңбекқор азаматтың кеніштің дамуына қосқан қомақты үлесі елеусіз қалған жоқ. Қайрат Әубәкіров «Шахтер даңқы» белгісінің 3 дәрежесімен де марапатталған. Сонымен қатар, кеніштің 30 жылдық мерейтойына орай 2015 жылы корпорация атынан құнды сыйлық - автокөлік табысталған. Даңқты маманның жұмысына жауапкершілікпен қарайтын әрбір қызметкерін бағалайтын кеніш басшылығына алғысы шексіз.

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ

Аяқ киім сатып аларда азаматтар оның сыртқы түрінің тартымдылығына ғана емес, сондай-ақ, тиісті сапасына әрі көрсетілген сипаттамаларына сай болуына сенеді. Оған тұтынушы әбден құқылы. Бірақ, іс жүзінде кейде сатып алғаннан кейін кемшіліктері немесе толыққанды жиынтықталмағаны анықталып жатады.

Сапасыз тауарға тап болды

Аймағымыздың бір азаматы осындай жағдайға тап болған. Тұтынушы заңды құқығын таптатпау үшін облыстық сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментіне өтініш білдірген.

Департаменттің мәлімдеуінше, тұтынушы алдын ала тапсырыспен 134 мың теңгеге сандал сатып алады. Алайда тауарды алғаннан кейін аяқ киімнің толық жиынтықталмағаны анықталған. Нақтысы, белдіктің толыққанды пайдаланылуына қажетті жекелеген металл бекіткіштер болмай шығады. Кемшілікті көрген тұтынушы дүкенге сапасыз тауар үшін ақшалай қаражатты қайтару талабын қояды. Бірақ, бастапқыда сатушы оның талабын қанағаттандырудан бас тартқан көрінеді. Сондықтан азамат құзырлы органның көмегіне жүгінуге мәжбүр болады.

Департамент мамандары тұтынушыларға заңды құқығын түсіндіреді. Яғни, заңның 15-бабы 1-тармағына сәйкес сатушы тауардың кемшіліктері туралы алдын ала ескертпесе, онда тұтынушының екі таңдауы бар. Ол не сатып алу бағасын мөлшерлес көлемде азайтуды, не тауардың кемшіліктерін өтеусіз жоюды талап етуге құқылы.

Егер тиісті сапасыз тауардың сатушысы оның өндірушісі болмаса заң бабының аталған тармағының 2, 4 және 5-тармақшаларында көрсетілген талаптардың бірін сатып алушы сатушыға немесе өндіру-шіге қоя алады. Тауар кемшіліктерін жою шығындарын өтеуді немесе осындай маркалы үлгідегі артикулдағы тауарға ауыстыруды талап етуіне болады. Сондай-ақ, сатып алу бағасын тиісінше қайта есептеумен басқа маркадағы осындай тауарға ауыстырып беруді немесе шартты бұзып, тауарға төленген ақшалай соманы қайтаруды талап ету құқығы қарастырылған.

- Тұтынушының келтірілген залалдарды өтеуді талап ету құқығы оның осы тармақтың бірінші бөлігінің 1-6-тармақшаларында көрсетілген талаптардың қайсысын таңдағанына қарамастан сақталады. Заңның 30-бабының 2-тармағына сәйкес тұтынушы тауардың кемшіліктерін анықтап, оны ауыстыру туралы талап қойған жағдайда, сатушы (дайындаушы) тауарды дереу ауыстыруға міндетті. Ал сатушыға (дайындаушыға) тауардың сапасын қосымша тексеру (сараптама) қажет болған жағдайда, тиісті талап қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыстыруы тиіс, - дейді департамент мамандары.

Өтінішті қарау барысында Департамент мамандары тиісті жұмыс жүргізіп, дүкенге Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ сатып алушы алдындағы міндеттемелерді тиісінше орындау қажеттігін түсіндірген. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде дүкен өз ұстанымын қайта қарап, тұтынушының талаптарын ерікті түрде қанағаттандыру туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде сатып алынған аяқ киім үшін ақшалай қаражат толық көлемде, яғни 134 300 теңге қайтарылды.

Егер тұтынушылар осындай жағ-дайға тап болса, олар Павлодар қаласы, Генерал Дүйсенов көшесі, 9 мекенжайындағы облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүгіне алады. Сондай-ақ өтініштерін **E-otinish.gov.kz** бірыңғай өтініштерді қабылдау платформасы арқылы жолдауға немесе **8 (7182) 55-10-70** жедел желі телефонына хабарласуға болады.

Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ.

БІЛІМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ

Цифрлық мүмкіндіктер

Қаламызда цифрлық құзіреттіліктің деңгейі уақыт өткен сайын жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Бұл материалдық технологиялық базаның жаңаруыменде, озық идеялы жастардың қатарының артуымен де байланысты. Заман ағымына сай жасанды интеллекттің құзіретін пайдалана отырып өңірімізде адам өмірін жеңілдетуге, кейбір салаларда қолдануға арналған тиімді қосымшалар мен сайттар жасаумен айналысып жүрген «Pavlodar Hub» орталығы.

Сара ӘБДОЛ

ҚР Премьер-Министрінің өңірлік hub-тарды құру және дамыту тапсырмасы аясында 2025 жылы облыста дербес «Pavlodar Hub» өз жұмысын бастаған. Бүгінде мұнда ақпараттық технологиялар бойынша бастамаларды дамытуға және технологиялық кәсіпкерлікті ілгерілетуге және өңіріміздің дарынды жастарына қолдау көрсетуге арналған алаң қалыптасуда. Қазірдің өзінде жас бағдарламалаушылар жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуде. Былтыр өткен республикалық «Decentrathon» атты хакатонда өңіріміздің екі білім алушы қатысып, біреуі командалық есепте үшінші орынды иеленген.

Өңіріміздің цифрлық әлеуетін арттыруға өз үлестерін қосып жүрген Pavlodar Hub-тың тыныс тіршілігі жайлы облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Ердос Жүсіпов айтып берді.

- Pavlodar Hub қызметінің тағы бір артықшылығы - стартап жобаларға көрсетілетін қолдау. Арнайы бағдарлама бойынша осындай 70-ке жуық жоба қабылданған. 17 топ идеядан алғашқы сатылымға дейін жетті. Бұдан өзге 20-ға жуық команда өз жобаларын дамыту, мақсатты аудиториясын табу мақсатында кеңес алды. Біз мұндай шараларды өткізіп ғана қоймай, үздік идеялар қалыптасатын орта құруға ұмтыламыз. Қазіргі таңда Pavlodar Hub-қа келетін жандардың жас айырмашылықтарына ешқандай шектеу жоқ. Жастар, орта буын тіпті кейде егде адамдар да келіп, өз идеяларымен бөлісіп жатады, - дейді ол.

Сонымен қатар, хабта жүзеге асқан стартап жобарадың ішінде демеушілер тауып жатқан жобалар да бар. Солардың бірі «involve.ecosystem» қосымшасы. Бұл қосымша мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған. Дәлірек айтқанда, мүгедек жандарға каспи, инвотакси сынды қолданбаларды ыңғайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Айта кету керек, аталған жоба елімізде алғаш рет қолданысқа енгізілетін болады. Осы бағытта мамандар басқа қалалармен де байланыс орнатуда. Жылдың соңына дейін «involve.ecosystem» қосымшасы еліміздің өзге де қалаларында пайдалануға қолжетімді болады.

Pavlodar Hub филиалы директорының міндетін атқарушы Данияр Мамытбектің сөзінше, жаңа стартап жобалардың басым бөлігі білім беру саласына қатысты қарқын алуда.

- Жарты жыл бойы 20 жобамен жұмыс істедік. Көбінесе білім беру саласы бойынша жобалар талқыланды. Соның ішінде тілдер үйрену бойынша пайдаланатын қолданбалар да бар. Бұдан өзге Ә.Марғұлан университетінің студенттерімен жасалған Mugalim ріре жобасы бар. Ол қосымша тәлімгердің сабағын егжей-тегжейлі талдауға арналған инновациялық жасанды интеллект платформасы. Жалпы стартап жобалар арнайы бір аудиторияға көзделіп жасалады. Нақтырақ айтқанда, алдымен аудиторияның сұранысын анықтап аламыз. Осыдан кейін ғана жоба жасауға кірісеміз. Бірақ, белгілі бір уақыт ішінде стартап жоба өзгеріске енуі мүмкін. Себебі, жобаны жүзеге асыруға бағытталған тапсырмалар, бұйрықтар өзгерісті талап етеді. Жалпы стартап жобаларды әртүрлі бағыттта икемдеуге болады, - дейді ол.

Бүгінде жақсы нәтиже көрсетіп, қолдаушылар тапқан бағлардамалар да жоқ емес. Солардың бірі - «Vibe cheek». Бұл жоба қолдаушылар тарапынан 400 мың доллар көлемінде қаржыландыру алған. Ол жасалып жатқан бағдарламалардың қызметін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бағдарламалаушылардың кодттарды енгізу барысында жіберген қателіктерін анықтап, оны басқаша қалай жазуға болатынын бағамдап береді.

Павлодар қаласындғы tomorrow school кампусының басшысы Елдар Асанов та білікті мамандар даялару барысында атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.

- Tomorrow school кампусы astana hub және alem.ai foundation атты инновациялық экожүйе өкілдерінің бастамасымен, өңірлік әкімдік пен Цифрлық технологиялар басқармасының қолдауымен ашылған. Біз бағдарламалау және жасанды интеллект тілін бағдарлама әзірлеуші деңгейінде пайдалануды үйретеміз. Мұнда бағдарламалаудан еш хабары жоқ жандар да өз қабілеттерін шыңдай алады. Бастысы білім алушының кәмелет жасына толған толу керек. Білім алушылар өзара тәжірибе алмаса отырып, нәтижеге жете алады, -деді ол.

Ағымдағы жылдың шілде айында алғашқы іріктеу кезеңі аяқалған. Онда 80-ге жуық адам цифрлық білімін шыңдаған. Оның ішінен 13-і негізгі оқыту курсына өткен.

Tomorrow school-ға қабылдану үшін онлайн өтінім беріп, есте сақтау қабілетін тексеруге арналған шағын ойыннан өтіп, сауалнаманы толтыра алады. Оқу бағдарламасы бағдарламалаудың негіздерінен басталып, кейін күрделене түседі. Іріктеу кезеңінде студенттер Go (Golang) бағдарламалау тілінің негіздерін меңгереді. Ал негізгі екі жылдық оқу барысында білім бірнеше бағытқа бөлініп, оның ішінде full-stack веб-әзірлеу және IT индустриясына қажетті заманауи технологиялар қамтылады.

Оқытуда peer-to-peer, яғни студенттердің бір-біріне білім беру тәсілі қолданылады. Мұнда мектеп тек бағыт-бағдар беріп, қажетті материалдар мен оқу платформасын ұсынады. Ал студенттер өзара тәжірибе алмасып, техникалық дағдыларымен қатар коммуникация, командалық жұмыс секілді soft skills қабілеттерін дамытады.

Tomorrow school-дың менторы Еркебұлан Ахмедияның айтуынша, сабақ барысында теориядан гөрі тәжірибеге басымдық беріледі. Оның сөзінше, студенттер дайын ақпаратты жаттап қана қоймай, кодты өздері жазып, оның нақты қолданысын бірден түсінуге тырысады.

- Бізде дәрістер барынша практикалық форматта өтеді. Теорияны мүмкіндігінше азайтып, әр тақырыпты код арқылы түсіндіреміз. Мысалы, мен кодты экранда жазып отырып, оның қалай жұмыс істейтінін қатар түсіндіремін. Осылайша студенттер материалды бірден тәжірибеде қолдана алады, - дейді ол.

Мектеп тәулік бойы жұмыс жасайды. Дәрістер негізінен кешкі сағат 18:00-ден кейін өткізіледі. Бұл жұмыстан кейін келетін студенттерге де сабаққа қатысуға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда дәрістердің бейнежазбалары да ұсынылады.

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Елімізде мүлік сатуға қатысты өзгерістер бар. Мұны ескермесеңіз, мүлікті сатудан түсетін салықты еселеп төлеуіңіз ықтимал.

Мүлік сатуда нені ескеру керек?

Облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметінше, Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі (№ 214-VIII) күшіне енуіне байланысты мүлікті сату кезінде жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу ережелері өзгерді. Бұл ретте заңнамада өзгерістерге біртіндеп өту кезеңі қарастырылған.

Осы ретте, құн өсімі не екенін ұғынып алған абзал. Егер мүлік өзінің сатып алынған бағасынан қымбатқа сатылса, пайда болған айырма табыс (құн өсімі) болып саналады. Осы таза пайдадан 10 пайыз жеке табыс салығы (ЖТС) төленеді. Салық төлеу міндеттемесі мүліктің түріне және оның меншікте болу мерзіміне байланысты.

Департаменттің түсіндіру жұмысы және байланыс орталығы басқармасы мамандарының айтуынша, жылжымайтын мүлікті сатуға қатысты 2026 жылғы басты өзгеріс салықтан босатылу үшін тұрғын үйге иелік етудің ең төменгі мерзімін 1 жылдан 2 жылға дейін ұлғайту болып отыр.

2026-2027 жылдары өзгерістерге өту кезеңі қарастырылған. Мәселен, 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін сатып алынған мүліктерге қатысты бұрынғы нормалар қолданылады, яғни, 1 жыл иелік еткеннен кейін сатқанда салық 0 теңгеге тең. 2026 жылғы 1 қаңтардан кейін сатып алынған мүліктер бойынша салықтан босату меншік құқығы тіркелген сәттен бастап 2 жыл өткен соң сатқан кезде ғана қолданылады. 2028 жылдан бастап 2 жылдық ереже барлық тұрғын үй жылжымайтын мүлік объектілері үшін бірдей болмақ.

Жаңа құрылыстар тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарты бойынша талап ету құқығын басқаға берген кезде, шарт жасалған күннен бастап 3 жыл немесе меншік құқығы рәсімделген сәттен бастап 2 жыл өтсе, салық төленбейді.

Осы орайда, салық әрқашан төленетін жағдайлар да бар көрінеді. Нақтысы, иелік ету мерзіміне қарамастан, кез келген құн өсімінен салық Қазақстандағы коммерциялық жылжымайтын мүлік (кеңселер, дүкендер, қоймалар және тағы басқаларды) сатқанда төленеді. Шетелдегі кез келген тұрғын үй немесе жылжымайтын мүлікті, цифрлық активтерді (криптовалюта) сатудан құн өсімінен салық төленеді.

Енді автомобильдер, бағалы қағаздар және цифрлық активтерге келетін болсақ, мұнда да өзгерістер бар. ҚР есебіндегі автомобильдерді 1 жыл және одан да көп иелік еткеннен сатқан жағдайда, иесі өсім құнынан салық қалыптаспайды. Ал 1 жылға жетпей және сатып алу бағасынан қымбат өткізген жағдайда салық тек айырмадан төленеді. Шетелдік есептегі автомобильдер бойынша иелік ету мерзіміне қарамастан, құн өсімінен салық әрқашан төленеді.

Бағалы қағаздарды сату кезінде инвестициялық қызметтен түскен табысты да, шығындарды да ескеруге мүмкіндік беретін арнайы ережелер қолданылуын жалғастырады.

Департамент мамандары бастапқы құнды анықтау жолдарын да түсіндіруде. Жылжымайтын мүлікке құжаттар болмаған кезде, мәселен, сату-сатып алу шарты жоғалса, бастапқы құнға негіз ретінде объектінің ресми бағалау немесе кадастрлық құны алынады.

Автомобильді шетелден әкелген кезде бастапқы құнға төленген кедендік баждар, қосымша құн салығы, акциздер және утилизациялық алым қосылады. Бұл салық салынатын өсімді азайтады.

Демек, азаматтар салықсыз сату үшін Қазақстандағы тұрғын үйге кемі 2 жыл иелік етуі тиіс. 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін сатып алынған болса, 1 жылдан соң салықсыз сатуға жол ашық. ҚР нөмірі бар автомобильді 1 жыл иелік еткеннен кейін еш алаңсыз, салықсыз сата беруіңізге болады. Коммерция, шетелдік жылжымайтын мүлік және криптовалютаға келсек, мұнда әрдайым пайдадан салық төленеді. Бұл тұста иелік ету мерзіміне байланысты емес.

Г.ТҮГЕЛБАЙ.

СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА — 35 ЖЫЛ

Ортақ мүдде жолында

Семей ядролық сынақ полигонының тарихы – халқымыздың жадында өшпес із қалдырған қасіретті кезеңдердің бірі. Полигон жабылып, арада қанша жыл өтсе де, оның зардабы ұмытыла қойған жоқ. Керісінше, сол жылдардағы сынақтардың салмағын сезініп келе жатқан азаматтардың денсаулығына, тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәселелер әлі де бар. Уақыт өте келе олардың кейбірі кейінге шегерілгенімен, түбегейлі шешімін таппаған түйткілдер аз емес.

Айдана БОРАНБАЕВА

Осындай азаматтардың мұң-мұқтажын бір арнаға тоғыстырып, ортақ мәселелерін жүйелі түрде көтеру мақсатында «Павлодар - полигон» ардагерлері қоғамдық бірлестігін құру бастамасы қолға алынды. Бұл бір күнде пайда болған ой емес. Оның алғашқы қадамдары 2023 жылдан бастау алған.

Сол жылы ұйымның сол кездегі басшысы Марат Смағұловтың бастамасымен бастамашыл топ құрылып, полигон зардабын тартқан азаматтардың мәселелерін зерделеу жұмысы қолға алынды. Арада бір жыл өткен соң Семей қаласындағы «Семипалатинск-21» ұйымы басшысының орынбасары Майра Әбеноваға қолдау көрсету жөнінде өтініш жасалды. Алайда бұл бастама күткендей нәтиже бермеді. Осыдан кейін бастамашыл топ өз қоғамдық бірлестігін құрып, қордаланған мәселелерді жүйелі түрде көтеру туралы шешімге келген.

- Полигон зардабын тартқан азаматтардың мәселесін бірлі-жарым өтінішпен шешу мүмкін емес. Бұл - жылдар бойы қордаланған, жүйелі түрде көтеруді қажет ететін мәселе. Сондықтан бізге өз алдымызға жеке қоғамдық бірлестік құрып, азаматтардың талап-тілегін бір жерге жинақтап, тиісті орындарға нақты жеткізу қажет болды. Ұйым арқылы әр адамның жеке мәселесін ортақ деңгейге көтеріп, заңды талаптарының орындалуына ықпал ете аламыз. Басты мақсатымыз - полигон зардабын тартқан жандардың үнін естірту және олардың мәселесін шешуге нақты қадам жасау, - дейді ұйым басшысының орынбасары М.Смағұлов.

Бүгінде ұйым тарапынан белгілі бір деңгейде қолдау шаралары көрсетіліп келеді. Мәселен, жыл басынан бері 600-ден астам адам демалыс және сауықтыру орындарына жіберілген. Бұл - атқарылып жатқан жұмыстардың бір көрінісі. Дегенмен, көкейде жүрген сауалдардың бәрі бірдей жауабын тауып, қордаланған түйткілдердің барлығы түбегейлі шешілді деуге әлі ерте. Мәселен, қазірде түсетін арыз-шағымдар аз емес. Бірінің денсаулығына қатысты мәселесі болса, енді бірінің баспанасына байланысты шешілмей тұрған түйіні бар. Әлеуметтік қолдау, сауықтыру және басқа да мәселелер бойынша өтініштер жиі айтылады. Бұл мәселелердің әрқайсысының артында адам тағдыры жатыр. Полигонның алапат жарылыстарын көзбен көріп, оның зардабын жүрекпен сезінген жандар үшін бұл - жай ғана статистика емес. Бұл - ондаған жыл бойы арқалап келе жатқан өмірдің жүгі.

- Шын мәнінде, Семей полигонының зардабы - белгілі бір кезеңмен шектеліп қалған мәселе емес. Оның салқыны талай отбасының өміріне әсер етті. Сондықтан полигоннан зардап шеккен азаматтардың талап-тілегін тыңдап, олардың мәселесін жүйелі түрде көтеру - уақыт күттірмейтін міндет. Егер біз ұйым болып құрылмасақ, көтеріліп жатқан мәселелерді жүйелі түрде шеше алмаймыз. Сондықтан өзіміздің қоғамдық бірлестігімізді құруды жөн көрдік. Қазіргі уақытта қоғамдық бірлестік екенімізді растайтын қажетті құжаттар дайындалуда. Сол жұмыстар аяқталған соң толыққанды қызметімізге кірісеміз. Ұйымның негізгі мақсаты - полигон зардабын тартқан әр азаматтың жанайқайын естіп, жеке мәселені ортақ мәселеге айналдыра отырып, оның шешілуіне ықпал ету, - дейді ұйымның қазіргі төрағасы Мұрат Әбілқасымов.

Аталмыш ұйым азаматтардың басын біріктіріп, олардың үнін тиісті орындарға жеткізуді мақсат етіп отыр. Полигоннан зардап шеккен азаматтардың арыз-шағымдарын жинау, нақты мәселелерді саралау, тиісті мекемелерге ұсыныстар жолдау және шешімін таппаған түйткілдерді қайта көтеру алдағы жұмыстың негізгі бағыттарының бірі болмақ.

Семей полигоны жабылғанымен, оның адам жүрегіндегі жарасы әлі жазылған жоқ. Сол жараның салмағын арқалап жүрген азаматтардың мұңын тыңдап, заңды талаптарын қорғауға атсалысу - уақыт талабы. Ұйым полигон зардабын тартқан жандардың үмітін ақтап, олардың мәселесін ортақ деңгейге көтеруге ниетті. Бастысы, өткеннің қасіретін ұмытпай, одан сабақ алып, зардап шеккен азаматтардың заңды мүддесін қорғауға қоғам болып атсалысу.

1949 жылы 29 тамыз күні Семей полигонында атом бомбасын алғаш сынады. Бұл Кеңестер одағындағы ең алғашқы ядролық қару РДС 1–атом бомбасын жарған күн еді. Қуаты 22 килотонна болды.

Қайғы-қасірет әкелген полигон

Семейдің ядролық полигоны әлемдегі ең ірі ядролық алаңдарының бірі болды. 1949-1989 жылдар аралығында 456 ядролық сынақ өткізілді, оның жер үстінде, яғни 116-сы атмосферада, 340-ы - жер астында жүргізілді.

Сынақтардың зардабы өте ауыр болды. Кейбір жарылыстардың қуаты Хиросима мен Нагасакиге тасталған атом бомбаларынан ондаған есе күшті болды.

Адамдар арасында қатерлі ісік аурулары пайда болды, некрология, без ауырулары, туа біткен кемістік, бедеулік, генетикалық мутациялар, сәуле аурулары көбейді. Одан бір миллионнан астам адам зардап шекті, әлі де зардап шегіп келеді. Онымен қоса, қоршаған ортаның топырағының радиоактивті ластануы, жерасты, жерүсті суларының ластануы, өсімдіктер мен жануарларға да әсер етті.

Әлемдегі басқа бірде-бір ел қазақстандықтар сияқты ядролық сынақтан мұндай сұмдық зардап шеккен жоқ!

1989 жылы халық көтерілді. Әйгілі ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов «Невада - Семей» қозғалысын бастады. Бүкіл жұртшылық оны қолдады да қостады. Семей полигонының жабылуын талап етті, миллиондаған адамдар қолдарын қойып, алаңға шығып, сынақтардың өткізілуіне қарсылық білдірді. Нәтижесінде 1989 жылы 29 тамыз күні сынақтарды жүргізу тоқтатылды. Бұл күндері 29 тамыз күні бүкіл әлемнің мерекесіне айналды, сөйтіп «ең қуатты қаруды, қарусыз халық жеңді!» деуге болады.

Одан кейін Семей полигоны 1991 жылы Қазақ ССР Президентінің Жарлығымен мүлдем жабылды. Сол Жарлықты сіздерге орысша мәтінінің түпнұсқасын ұсынып отырмын:

Указ

Президента Казахской Советской Социалистической Республики

«О закрытии Семипалатинского испытательного ядерного полигона»

На территории Казахской ССР в Семипалатинской области с 1949 года осуществлялись испытания ядерного оружья. За это время здесь было произведено около 500 ядерных взрывов, которые нанесли урон здоровью и жизни тысяч людей.

Учитывая, что Казахская ССР выполнила свой долг по созданию ядерного потенциала обеспечивающего стратегический военный паритет между СССР и США и принимая во внимание требования общественности Республики,

ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Закрыть Семипалатинский испытательный ядерный полигон.

2. Кабинету Министров Казахской ССР по согласованию с Министерством обороны СССР и Министерством атомной энергетики и промышленности СССР преобразовать Семипалатинский испытательный полигон в союзно–республиканский научно–исследовательский центр. 1991 году разработать и утвердить его статус и перечень основных направлений научно –исследовательских работ

3. Учитывая, что при проведении воздушных и наземных испытаний с 1949 по 1962 годы нанесли ущерб здоровью населения районов прилегающаяся к Семипалатинскому полигону, совместно союзными органами определить размеры и порядок компенсационных выплат пострадавшим гражданам Казахской ССР.

4. Кабинету Министров Казахской ССР совместно с союзными Министерствами и ведомостями, причастными к проведению ядерных взрывов на территории Республики, утвердить программу социально –экономического развития, улучшения условий жизни и медицинского обслуживания населения районов Семипалатинской, Карагандинской и Павлодарской областей, прилегающих к испытательному полигону, с привлечением по указанные цели средства соответствующих союзных источников.

Настоящий Указ вступает в силу с момента его принятия.

Президент Казахской Советской
Социалистической Республики **Н.НАЗАРБАЕВ.**
г.Алма-Ата
29 августа 1991 год.

Ядролық державалар - АҚШ, Англия, Ресей, Қытай, Франция сияқты елдер Қазақстанның тәуелсіздігіне, егемендігіне және бүгінгі шекарамыздың өзгермейтіндігіне кепілдік берді. Қазақстанның тәуелсіздігіне, территориялық тұтастығына қарсы күш қолданбауға міндеттенді.

Рашит БЕКТЕМІРОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Май ауданының Құрметті азаматы.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Шәкен есімі сақтала ма?

Облыс орталығындағы Шәкен Айманов атындағы кинотеатрдың жаңа атаумен жұмыс істей бастауы қала тұрғындарының назарын бірден аударды. Бірнеше онжылдық бойы қазақ киносының көрнекті тұлғасының есімімен аталған мәдени нысанның атауын өзгерту қаншалықты орынды? Жаңа компанияның өз бренді болуы түсінікті-ақ. Бірақ жаңа атау мен тарихи есімді қатар сақтаудың мүмкіндігі бар ма? Бүгінгі мәселенің түйіні – осы.

Айдана БОРАНБАЕВА

Павлодар қаласындағы аталмыш кинотеатр бірнеше буын көрерменнің жадында Шәкен Аймановтың есімімен қалыптасты. Бірі мұнда бала кезінде алғаш кино көрсе, енді бірі жастық шағын осы орынмен тығыз байланыстырады. Уақыт өте келе мәдени нысанның атауы қала тұрғындарының естелігіне еніп, жергілікті тарихтың бір бөлігіне айналды. Алайда соңғы уақытта кинотеатрдың жаңа атаумен жұмыс істей бастағаны әлеуметтік желілерде жиі талқыланып жүр. Бірқатар онлайн сервисте нысан «G Cinema Park» ретінде көрсетіледі, ал кей платформаларда бұрынғы атауы қаз-қалпында сақталған. Осыған байланысты атаудың өзгеру себебі мен тәртібіне қатысты ресми түсініктеме қажеті анық.

Мәселе жаңа компанияның келуінде емес. Кәсіпкердің өз бренді мен жұмыс нұсқасын таңдауы - заңды құқығы. Кинотеатрдың жаңарып, көрерменге сапалы қызмет көрсетуі де қала үшін маңызды. Алайда жаңа брендтің пайда болуы Шәкен Аймановтың есімінен бас тартуды міндеттей ме? Бұл сауалды алғаш болып көтерген азаматтардың бірі - **Мәдениет саласының үздігі Ерлан Рахимов.** Оның сөзінше, мәселе жаңа компанияның жұмысына немесе оның таңдаған брендіне қарсылық білдіруде емес. Негізгі түйткіл - бірнеше онжылдық бойы сақталып келген тарихи атаудың тағдырында.

- Әр компанияның өз бренді, өз жұмыс нұсқасы болатыны сөзсіз. Оны жақсы түсінеміз. Біз ешкімнің бизнесіне қарсы емеспіз. Кинотеатрдың жаңарып, тұрғындарға сапалы қызмет көрсеткеніне біз де қуанамыз. Бірақ жаңа компанияның келуі Шәкен Аймановтың есімін сақтап қалуға кедергі болмауы керек деп ойлаймын. Әңгіме жаңа атаудың жақсы не жаман екенінде емес. Әңгіме - Шәкен Аймановтың есімі сақтала ма, жоқ па дегенде.

Шәкен Айманов - қазақ өнерінің тарихында өзіндік орны бар тұлға. Ол өзінің атағын біреуден сұрап алған жоқ, елдің құрметіне талантымен, еңбегімен жетті. Павлодар облысында оның есімі берілген мәдени нысандар көп емес. Ендеше, барымызды сақтап қалудың жолын неге іздемеске? - дейді ол.

Мәселенің тарихи қырына қатысты тағы бір дерек бар. **Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім басшысы Гүлжайнат Мағазқызының** айтуынша, 1990 жылдары, елдегі экономикалық қиындықтар күшейген кезеңде кинотеатрдың жабылып қалу қаупі болған. Сол уақытта Майдаш Рахимжанова секілді азаматтар нысанның жұмысын сақтап қалуға күш салған. Сол кезеңде Шәкен Аймановтың есімін де сақтауға әрекет жасалған.

Бұл деректі сол жылдардағы құжаттармен және оқиға куәгерлерінің естеліктерімен нақтылай түсу қажет. Дегенмен, оның өзі бүгінгі мәселенің мәнін аңғартады. Қазір қалыпты көрінетін атаудың артында бір кездері оны сақтап қалуға күш салған адамдардың еңбегі бар.

Әлеуметтік желідегі қоғам белсенділерінің пікірлері де бұл мәселенің көпшілік үшін бейжай тақырып емес екенін аңғартады. Солардың бірі - **мәдениет саласының үздігі, ақын Алмагүл Бұзаубаева.** Оның пікірінше, қазақ киносының көрнекті тұлғасы, жерлесіміз Шәкен Аймановтың есімі туған жеріндегі мәдени нысанда сақталуы тиіс.

- Мен осы маңайда тұрамын. Таяуда кинотеатрдың жаңа атауын көргенде, шынымды айтсам, намысыма тиді. Қазақ киносының алғашқы режиссерлерінің бірі, жерлесіміз, талай биік атаққа ие болған Шәкен Аймановтай тұлғаның есімін осы кинотеатрдан алып тастауға кім рұқсат берді? деген сұрақ туындайды. Шәкен Аймановтың атауын қайтару керек деп есептеймін. Бұл - жай ғана атау ауыстыру мәселесі емес, елдің мәдени мұрасына деген құрмет мәселесі, - дейді А.Бұзаубаева.

Әрине, әлеуметтік желідегі бірнеше пікірді тұтас қоғамның ұстанымы деп бағалау жаңсақ. Бірақ мұндай пікірлердің пайда болуының өзі тұрғындардың бұл атауға бейжай қарамайтынын аңғартады. Өйткені, кейбір атаулардың өмірі ресми құжаттағы мерзімнен әлдеқайда ұзақ болады. Олар адамдардың жадында сақталып, белгілі бір дәуірдің, белгілі бір ортаның белгісіне айналады.

Шәкен Аймановтың есімі де осындай мәнге ие. Кинотеатрға барған жас көрермен маңдайшадағы «Шәкен Айманов» деген жазуға назар аударып, «Бұл кім?» деп кейін осы тұлға туралы ақпарат жинастыруы мүмкін. Ал сол қарапайым сауалдың өзі қазақ киносының тарихына бастайтын алғашқы қадамға айналары сөзсіз. Демек, тарихи атаудың тәрбиелік әрі танымдық маңызы да зор.

КӨРМЕ

Ел тарихындағы қасіретті кезеңдердің бірі - 1949 жылдан 1989 жыл аралығында өткен жүздеген ядролық сынақтың жүруі. Оның зардабы әлі күнге дейін толық жойылмай келеді. 1991 жылы 29 тамызда О.Сүлейменовтің бастамасымен ядролық полигондарды жабу туралы шешімі республика басшылығы тарапынан қолдау тауып, оны жабу туралы жарлыққа қол қойылды. Бүгінде осы тарихи шешімге 35 жыл толып отыр. Осыған орай Г.Н.Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінде арнайы көрме ұйымдастырылды.

Семей полигоны - ел жадында

Сара ӘБДОЛ

Көрмеде музей қорларынан алынған тарихи құжаттар, фотосуреттер, кітаптар, архивтік материалдар мен өзге де экспонаттар көпшілік назарына ұсынылды. Іс-шараға тарихшылар, өлкетанушылар, өңіріміздің белсенді азаматтары қатысты.

«Тұзқала» ұйымының жетекшісі Руслан Мусин аталған көрменің өзектілігіне тоқталды.

- Мұндай танымдық шаралардың өтуі әсіресе жастар үшін өте қажет. Бүгінгі аға буынның қатысуымен өтіп жатқан жиында жастар өздеріне керек ақпаратты алады деп сенеміз. 35 жыл өтсе де еш өзектілігін жоғалтпаған, жоғатпайтын да трагедиямыз жайлы мағыналы жиын өткізу міндетіміз. Ядролық қарудан бас тартқанымыз жайлы өзге жерге барып дәріптеудің қажеті жоқ. Оны өз ортамызда көрсете берсек жеткілікті, - деді ол.

Семей полигонынан зардап шеккен аймақтар қатарында өңіріміздің бірнеше аудандары да бар. Көрмеге қасіретті оқиғадан зардап шеккен жандардың денсаулығымен жұмыс істеп келе жатқан «Самал» оңалту орталығының төрайымы Зинаида Багненко да қатысты.

- Ең үлкен құндылық - адам. Әсіресе балалардың өмірі мен болашағы бәрінен маңызды. 1990 жылдары Май, Аққулы және Баянауыл аудандары тұрғындарын медициналық тексеруден өткізу жұмыстарына көмектесу үшін штабқа бардым. Сол жерде 600-ге жуық ауру балалардың тізімін көрдім. Педагогтер мен дәрігерлерден бастамашыл топ құрып, балалардың үйлеріне барып, жағдайларымен таныстық. Көрер көзге өте ауыр картина болды. Сол кезде «Балалар - ядросыз болашақ үшін» тақырыбын көтеріп, балалардың өмірі үшін күресті бастадық. Бүгінге дейін кемтар балалардың өмірге деген құлшынысын арттыру жолында еңбек етіп келеміз. Олардың да өмір сүруге құлшыныстары ерекше. Сондықтан адамзат келешегінде ядросыз болашақ үшін күрес ешқашан тоқтамауы керек, - деді ол.

Айта кету керек, көрмеде жергілікті ақын-жазушылардың Семей қасіретіне байланысты толғанып жазған жинақтары қойылды. Сонымен қатар, келушілерге мұрағаттық бейне-материалдар көрсетілді. Аталған көрме алдағы екі апта бойы келушілер назарына ұсынылатын болады.

ҚҰНДЫЛЫҚ

Дәстүр мен дін сабақтастығы

Қазақ халқы ғасырлар бойы Ислам дінін ұлттық салт-дәстүрімен сабақтастыра отырып, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Дүниеден өткен адамды қадірлеу, оның рухына Құран бағыштау, садақа жасау, ағайын-туыстың басын қосып дұға ету секілді ізгі амалдар халқымыздың діни танымы мен дәстүрлі тәрбиесінің ажырамас бөлігіне айналған.

Суретті түсірген - Есенжол Исабек.

Адам баласы дүниеден өткеннен кейін де оны жақсы іспен еске алу, атынан садақа жасап, сауабын бағыштау - қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан өнегелі үрдіс. Бұл дәстүр марқұмды ұлықтаудан бұрын, тірілерді имандылыққа, бірлікке, өзара құрметке және қайырымдылыққа тәрбиелеуді көздейді. Әсіресе алыстағы ағайынның басын қосып, марқұмға дұға бағыштау - туыстық байланысты нығайтатын рухани әрі әлеуметтік мәні бар рәсім.

Қазақ даласында Ислам діні орныққан кезеңнен бері дін мен дәстүр өзара сабақтасып дамыды. Бабаларымыз діни құндылықтарды халықтың тұрмыс-тіршілігімен ұштастырып, ұрпаққа түсінікті әрі тәрбиелік мәні жоғары жол қалыптастырды. Сондықтан бүгінгі таңда дәстүрлі діни танымға қатысты мәселелерді біржақты бағаламай, оның мән-мағынасы мен шариғаттағы негізіне байыппен қарау маңызды.

Соңғы жылдары қоғамда кейбір дәстүрлі діни рәсімдерге қатысты түрлі пікірлер айтылып, олардың барлығын бірдей «бидғат» деп бағалау кездеседі. Бидғат діни термин ретінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с) дәуірінде болмаған және кейін дінге діни амал ретінде енгізілген жаңалық деген мағынада қолданылады. Алайда ислам ғұламалары бидғат мәселесін жан-жақты қарастырған. Діннің негізгі қағидаларына қайшы келмейтін, ізгілікке, қайырымдылыққа және қоғамның бірлігіне қызмет ететін дәстүрлерді бағалауда асығыстыққа жол бермеу қажет.

Марқұмның атынан садақа жасау мәселесіне келсек, исламда оның сауабы дүниеден өткен адамға бағышталатынын білдіретін деректер бар. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) алдына жақыны қайтыс болған адам келіп, оның атынан садақа берудің сауабы тиетін-тимейтінін сұрағанда, Алла елшісі оның сауабы тиетінін айтқан.

Осы діни ұстанымды халқымыз өз өмір салтына енгізіп, дүниеден өткен жақындарын еске алуды ізгі амалмен байланыстырған. Жеті күндігі, қырқы, жүзі, жылы секілді кезеңдерде ағайынның бас қосып, марқұмға дұға бағыштауы, Құран оқытуы және садақа жасауы - осындай танымның көрінісі.

Мұндай дастарқанның басты мақсаты - бәсекелестік немесе даңғазалық емес, марқұмды еске алып, дұға жасау, ағайынның басын қосу, алыстан келген туыстарға құрмет көрсету және көпшіліктің батасын алу. Сондықтан ас беру мен садақа жасауды ысырапшылдыққа немесе мақтанға айналдырмай, оның негізгі мәні - қайырымдылық пен дұға екенін есте ұстаған жөн.

Қазақ қоғамында «Қазалы үйде қазан көтерілмесін» деген тағылымды сөз бар. Бұл - қайғы құшағында отырған отбасына алғашқы күндері қолдау көрсетудің, ауыртпалығын жеңілдетудің маңызын аңғартады. Дәстүр бойынша көрші-қолаң мен ағайын қазалы отбасыға тамақ дайындап, көмек көрсеткен. Мұның өзі халқымыздың өзара жанашырлық пен қамқорлықты жоғары бағалағанын көрсетеді.

Бұған қоса марқұмды еске алу рәсімдерінде шамадан тыс шығынға ұрыну, бәсекелестік таныту немесе елден қалмау үшін қарызға бату дұрыс емес. Садақаның мәні - оның көлемінде емес, ниетінде. Әр отбасы өз мүмкіндігіне қарай, ысырапқа жол бермей, қайырымдылық жасауға ұмтылғаны жөн.

Бүгінгі ұрпақ үшін маңыздысы - атадан балаға жеткен дәстүрлердің сыртқы формасын ғана емес, оның ішкі тәрбиелік мәнін түсіну. Өйткені марқұмды еске алу арқылы біз өлімді еске алып, өмірдің қадірін түсінеміз. Құран бағыштау арқылы рухани тәрбие аламыз, садақа арқылы мұқтажға көмектесеміз, ағайынның басын қосу арқылы бірлігімізді бекемдейміз.

Дін мен дәстүр - бір-біріне қарсы ұғымдар емес. Керісінше, шариғат талаптарына қайшы келмейтін ұлттық салт-дәстүрлер халқымыздың рухани болмысын қалыптастыруға қызмет етіп келеді. Сондықтан дәстүрлі діни құндылықтарды сақтай отырып, оларды дұрыс түсіндіру, ысырап пен даңғазадан арылтып, тәрбиелік және рухани мазмұнын кейінгі ұрпаққа жеткізу - баршамызға ортақ міндет.

Бабаларымыздан жеткен имандылыққа, қайырымдылыққа, ағайындыққа және үлкенді құрметтеуге негізделген игі дәстүрлерді сақтау - өткенге құрмет қана емес, келешекке деген жауапкершілік. Мұндай құндылықтар ұрпақтар сабақтастығын жалғап, қоғамдағы өзара сыйластық пен бірлікті нығайта бермек.

РУХАНИ ЖИЫН

Мәуліт кеші өтеді

Астанада Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Ислам және адал қоғам» жылы аясында тағылымы мол рухани шара – «Адалдық – Пайғамбар (с.ғ.с) өсиеті» атты Мәуліт кеші өтеді.

Рухани кештің негізгі мақсаты - халқымыздың рухани құндылықтарын дәріптеу, адалдық пен адамгершіліктің маңызын кеңінен насихаттау және Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) көркем мінезі мен өнегелі өмірін кейінгі ұрпаққа үлгі ету.

Мәуліт кешінің арнайы қонақтары қатарында елге танымал өнер және мәдениет қайраткерлері бар. Атап айтқанда, Қазақстанның халық әртістері Тұңғышбай Жаманқұлов пен Болат Әбділманов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бекжан Тұрыс, сондай-ақ айтыскер ақын, жазушы Арман Бердалин қатысады.

Өнер иелерінің қатысуы кештің мазмұнын байытып, рухани құндылықтарды көркем өнер арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл - дін мен дәстүрді, руханият пен мәдениетті сабақтастыра отырып, қоғамға ортақ ізгі құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызды бастама.

Аталған жиын 30 тамыз күні сағат 15:00-де Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда өтеді. Шараға зиялы қауым өкілдері, дін қызметкерлері, өнер және мәдениет саласының өкілдері, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары қатыса алады.

ПАРЫЗ

Намаз уақыты

Назарларыңызға Павлодар қаласындағы **31 тамыз - 6 қыркүйек** аралығындағы намаз кестесін ұсынамыз

Күні	Апта күндері	Таң	Күн	Бесін	Екінті	Ақшам	Құптан
31	**Дүйсенбі**	03:17	04:56	11:58	16:39	18:48	20:26
1	**Сейсенбі**	03:20	04:58	11:57	16:38	18:46	20:23
2	**Сәрсенбі**	03:22	05:00	11:57	16:36	18:43	20:21
3	**Бейсенбі**	03:24	05:01	11:57	16:34	18:41	20:18
4	**Жұма**	03:26	05:03	11:56	16:32	18:39	20:15
5	**Сенбі**	03:28	05:05	11:56	16:30	18:36	20:12
6	**Жексенбі**	03:31	05:06	11:56	16:29	18:34	20:09

Намаз уақыты muftyat.kz сайтынан алынды.

ЖАРЫС

Жас талапкерлерге сәттілік!

Павлодар облысында Құран Кәрімді жүрегіне серік етіп, қасиетті кітапты жаттау мен мәнерлеп оқу жолында талмай ізденіп жүрген жас шәкірттеріміздің қатары артып келеді. Олардың әрбір жетістігі - өздері мен ұстаздарының ғана емес, ата-аналарының және барша өңір жұртшылығының қуанышы.

Биыл Павлодар облысының намысын қорғап, Республикалық Құран жарысының XV кезеңіне қатысуға жолдама алған жас талапкерлеріміз де - осындай қажырлы еңбектің жемісі.

Республикалық деңгейдегі Құран жарысы - шәкірттердің жаттау қабілетін, оқу мәнерін, білімін және рухани дайындығын сынайтын маңызды дода. Мұндай байқаулар жастардың Құранға деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, олардың білімге деген ынтасын күшейтіп, ізденісін жаңа деңгейге көтеруге үлкен мүмкіндік береді.

Павлодар облысының атынан қасиетті жарысқа қатысатын жас талапкерлеріміз:

10 пара бағыты бойынша - Билал Абдукадыров, мәнерлеп оқу бағыты бойынша - Абдулла Нұрмұрат, 30 пара бағыты бойынша - Мұхаммедәли Шәкіров және 20 пара бағыты бойынша - Әміршах Әрімжанов.

Осындай талапты да талантты шәкірттеріміздің Республикалық Құран жарысында Павлодар облысының абыройын лайықты қорғап, жоғары нәтижелер көрсетуіне тілектеспіз!

Бетті әзірлеген - **Сара ӘБДОЛ.**

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Тамыры – тарихта, тұғыры – болашақта

Тәуелсіздікпен бірге еңсе тіктеген елдің үлкен мұратының бірі – ұлттық болмысты сақтау, ана тілін ардақтау, атадан балаға жеткен салт-дәстүр мен мәдени мұраны келер ұрпаққа аманаттау. Осы ізгі мақсатты білім мен тәрбиені ұштастыра жүзеге асырып келе жатқан ерекше білім ордаларының бірі – Павлодар қаласындағы Қанат Даржұман атындағы Ұлттық жаңғыру мектебі.

Биыл өзінің отыз жылдық белесіне қадам басып отырған мектептің тарихы еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылдарымен сабақтас. 1996 жылдың 5 шілдесінде Павлодар қаласы әкімінің шешімімен Ұлттық жаңғыру мектебін ашу туралы шешім қабылданып, сол жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім ордасы №1 индустриялық аудан орта мектебінің базасында жұмысын бастады.

Мектептің ашылуына Қазақстанда өмір сүріп жатқан этностардың ана тілін, ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап, оны жас ұрпаққа жеткізу қажеттілігі себеп болды. Алғашқы күннен бастап мұнда тіл үйрету, тарихи-мәдени мұраны таныту, ұлттық өнер мен дәстүрді дәріптеу бағыттарына басымдық берілді.

2012 жылдың 29 наурызында Павлодар қаласы әкімдігінің №529/11 қаулысымен мектепке оның негізін қалаушы, қоғам қайраткері Қанат Болатұлы Даржұманның есімі берілді.

Бұл білім ордасының қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғаның еңбегіне көрсетілген құрмет әрі мектеп тарихының сабақтастығын айқындайтын маңызды шешім болды.

Ұлттық жаңғыру мектебінің басшысы Әсемгүл Жолдасбекованың сөзінше, мұнда тіл - жай ғана оқу пәні емес. Ол - халықтың тарихына апарар жол, мәдениетін түсінудің кілті, ұрпақтар арасындағы алтын көпір. Сондықтан оқушы белгілі бір тілді меңгерумен шектелмейді. Тіл арқылы сол халықтың тарихын, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін танып, ұлттық дүниетанымына бойлайды.

- Ұлттық құндылықтар оқушыларға дайын түрде түсіндіріліп қана қоймайды, тәжірибе арқылы қалыптасады. Балалар тіл үйренеді, ұлттық музыкалық аспаптарда ойнайды, ән айтады, би билейді, сахналық қойылымдарға қатысады, ұлттық мәдениетке арналған жобалар мен іс-шараларға араласады. Бұған дейін мектепте ұлттық ертегілерді, фольклорды, ұлттық киімдер мен музыкалық аспаптарды танытуға бағытталған жобалар жүзеге асырылды. Маңыздысы, бала ұлттық мәдениетті сырттай бақылаушы ретінде емес, оның тікелей қатысушысы ретінде қабылдайды, - деп атап өтеді Ә.Жолдасбекова.

Әсемгүл Ермұханбетқызының айтуынша, ұлттық жаңғыру мектебінің педагогтері этномәдени бірлестіктермен тығыз байланыста жұмыс істеп, кәсіби шеберліктерін үнемі жетілдіруге мән береді. Ұстаздар этностардың тарихи Отандарына барып, тағылымдамалар мен біліктілікті арттыру курстарына қатысады. Мұндай кездесулер мен қабырғасымен шектемей, оны қаладағы ортақ тәрбие кеңістігіне енгізіп келеді, - дейді мектеп басшысы.

Жылдар бойы қалыптасқан жүйелі жұмыстың нәтижесі шәкірттердің жетістіктерінен де көрінеді. Мәселен, мектеп оқушылары тілдік, шығармашылық және мәдени бағыттар бойынша халықаралық, республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, жоғары нәтижелер көрсетіп жүр. Польша мен Ресейде өткен тілдік және мәдени бағыттағы байқауларға қатысқан оқушылар да бар. Тілдік бағыттағы білім кейбір оқушыларға тарихи Отандарындағы жоғары

кәсіби тәжірибе педагогтерге сол ұлттардың тілін оқыту әдістемесін ғана емес, олардың бүгінгі мәдени ортасын, дәстүрін және заманауи даму үрдістерін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Жинақталған тәжірибе кейін оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысына енгізіледі.

- 2024-2025 оқу жылында «Ұлыларды ұлықтайық», ал 2025-2027 жылдары «Адал бол» жобалары аясында қаланың басқа мектептерімен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мұндай жобалар ұлттық құндылықтарды оқушыларға заманауи әрі қызықты нұсқада танытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, педагогтер үшін тәжірибе алмасуға, әдістемелік ізденісті күшейтуге, тәрбие жұмысының мазмұнын жаңартуға жол ашады. Яғни, мектеп өз тәжірибесін өз оқу орындарына білім гранттарына ие болуға мүмкіндік беріп келеді.

Білім ордасы түлектерімен де мақтанады. Әртүрлі салада танылған Элина Маслютова, Ринат Абылкаюмов, Наталья Нефедова, Ринат Малцагов, Рамиль Смағұлов сынды түлектер - мектеп қабырғасындағы тәрбиелік ортаның жемісін көрсететін азаматтар.

Алдағы кезеңде мектепте шығармашылық жобаларды көбейту, тілдік және өнер бағыттарын жетілдіру, қалалық мектептермен бірлескен жұмыстарды кеңейту көзделіп отыр. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тіл үйретуде, шығармашылық жобалар жасауда, ұлттық тарих пен мәдени мұраны заманауи нұсқада танытуда пайдалану да маңызды бағыттардың бірі болмақ.

Келіңіздер! Көріңіздер!

Құрметті Павлодар облысының тұрғындары және қонақтары!

Назарларыңызға 2026 жылдың 27 тамыз - 2 қыркүйек күндері аралығында өтетін мәдени іс-шаралар кестесін ұсынамыз

Павлодар қалалық «Ertis Promenade» сахнасы



27 тамыз, сағат 19.00-де
Екібастұз қалалық шығармашылық ұжымдарының концерті
29 тамыз, сағат 19.00-де
«Ertis Sound 2026» атты музыкалық кеш
30 тамыз, сағат 18.00-де
«Ертіс» лигасының КТК ойындары

Павлодар қалалық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі

27 тамыз, сағат 11.00-де
«Заң және құқық: азаматтық қоғамның негізі» атты ақпараттық сағат
27 тамыз, сағат 15.00-де
«Оюмен өрілген өнер» атты шеберлік сағаты
27 тамыз, сағат 15.00-де
«Ақ желкен» үйірмесінің жұмысы бойынша бейнешолу
28 тамыз, сағат 15.00-де
«Ядролық полигонның қасіреті мен жады» атты бейнешолу

Екібастұз қаласының «Атамұра» мәдениет орталығы

31 тамыз, сағат 15.00-де
«Көрнекі ақпарат мен жарнама тілін безендіру» акциясы

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана

27 тамыз, сағат 11.00-де
Семей полигонының жабылғанына 35 жыл толуына орай «Ядролық қасірет: ұмытылмас күндер» атты кездесу кеші

Д.Багаев музей-үйі

12 тамыз бен 12 қыркүйек аралығында *фотосуретші Николай Рындиннің дербес фотокөрмесі*

Кенжекөл ауылдық мәдениет үйі

27 тамыз, сағат 12.00-де
«Көтеріңкі көңіл күй» атты концерттік бағдарлама

** Іс-шаралар кестесінде толықтырулар мен өзгерістер болуы мүмкін.*

Бетті әзірлеген - **Айдана БОРАНБАЕВА.**

27 ТАМЫЗ - АҚЫН ҚАБДЫКӘРІМ ЫДЫРЫСОВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

Асқақ тұлғалы ақын

Көрнекті ақын, көркем аудармашы, публицист Қабдыкәрім Ыдырысов 1928 жылы 27 тамызда қазіргі Ақтоғай ауданының «Жаңа ұйым» (қазіргі Өтес) ауылында дүниеге келген. Бүгінде мен ақын ағаның туған күнінде үнсіз қала алмадым. Ол туралы естелік жазуды жөн санадым.

Қабдыкәрім ЫДЫРЫСОВ

Мен ақын ағаның 1978 жылы тамыз айында өзінің келгені туралы жазғалы отырмын. Ақын аға елге келгенде жанында Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақтың көрнекті ақыны Жұбан Молдағалиев пен талантты ақын Сағи Жиенбаев, композитор Әсет Бейсеуов, жұбайы Бәтіш, ұлдары Ерлан мен Нұрлан болған еді.

Ақын аға Павлодардан шыққан соң басқа машиналарды оздырып жіберіп, әуелі өз ауылы, сол кезде «Жаңа ұйым» аталатын кіндік қаны тамған топырағына табанын тигізіп ерекше толқыды. Ол ауылда Байғабылов Темірболат есімді немере інісі тұратын. Менің сол үйге барып қалған себебім, Күләш апам Серік ұлын мотоциклмен жіберіп, мені алғызды. «Дана, бәрі мектепке, жолға қарсы алуға кетіп қалды, шай беретін кісі жоқ. Тез шай жасасып жіберші. Мен етті дайындайын, - деді.

Ақын аға және жанындағы меймандар үйге кірді. Отырып шай ішті. Мен шайды құйып, ақын аға кесені қонақтарға әперіп отырды. Әңгіме-дүкен құрып бір кезде Жұбан Молдағалиев қайда жұмыс істейтінімді сұрады. Кітапханада екенімді айттым. «Менің кітаптарым бар ма?» - деді.

«Әрине, бар», - дедім. Мұқабасы қоңыр кітабы түскен, содан бір ауыз өлеңін іркілмей айтып бердім. Бәрінің көңілдері көтеріліп қалды.

Әттең... сол кезде қазіргідей техника яғни фотоға түсіру жоқ қой, қазір балаға дейін бәрін түсіріп жатады. Негізі біздің 500 орындық мәдениет үйіне ақын-жазушылар, атақты композиторлар, әншілер жиі келетін. Есігі жабылмайтын.

Композитор Нұрғиса Тілендиевпен де бірге отырып шайын беріп, ортақ тіл табыстым. Себебі, кітапхананың қарсы бөлмесін сол кісіге босатып бердік. Еркін демалсын, - деп. Задында, мен бақытты адаммын. Қанша еңбек етіп жүргенде адал ниетті, жарқын жүзді, жақсы, зиялы қауымның ортасында болдым. Сол кезде жас болсам да, тез тіл табысып, ортақ пікір тауып, адамды қызықтыратын тақырыпта сөйлесетінмін. Қазір таң қаламын, сөйтсем, жас болсам да, ата-анадан алған қасиет екен...

Мен бүгінгі мақаламда «архив сөйлесін» деп, әкемнің қорында сақталған Қабдыкәрім Ыдырысовтың 1967 жылы жазған мақаласын оқырманға ұсынуды жөн көрдім. Қабдыкәрім Ыдырысов, «Кереку келбеті» мақаласында ақын былай дейді:

Қала нелер көркем жер бетінде,
Талпынтқан жұртты
өсуге, ер жетуге.
Мен үшін ерексің сен, Керекуім,
Қуанам бүгінгі асқақ келбетіңе!
Қадірлі менің жерлестерім -
Бәріңе!
Жасың мен кәріңе -
Мен тұрмыста бақыт,
еңбекте шабыт тілеймін!

Елу жыл ел мерекесі!
Тойларының тойға
ұлассын, достар!

Бүгінгі дастарханда басында мен де сендермен біргемін.

Ал енді 1978 жылы еліне келгенде Қабдыкәрім Ыдырысов жазған «Ауылымның аялы алақаны» мақаласында:

Бәрі де... бәрі есімде,
Ұмытсам мені кешірме.
Көтерген жерден өзіңсің,
Талпытқан алға,өсуге!

Бәрі де... бәрі есімде,
Ұмытсам мені кешірме.
Балапан жырым бал жинап
Қанатын қақты төсіңде...
Паңсынам саған несіне?
Сен берген толы несібе.
Көркіңді көріп көсілген.
Түседі бәрі есіме, деп тебіренеді.

1978 жылы туған еліне қоштасуға келді ме екен... Мектепке кіргенде бәріне құшағын жайып, танып, аттарын атап амандасты. Аузын ашса жүрегі көрінетін, жаны жайсаң, жамандығы жоқ, адамгершілігі мол, бойында адалдық, жүзінен мейірім төгіліп тұратын азамат еді. Найзағайдай жарқылдан өтті. Бірақ... өшпес із қалдырған, ғибратты ғұмыр кешті, алғашқы кездесу соңғы болды.

Еліне келіп, сағынышын басты ма екен... Өшпес мұра әндері қандай шіркін, ауылда мерекелерде, тойларда жиі айтылады.

«Кереку келбеті» мақаласында атап жазған мына фотода менің әкем Қайкен Жармакин, жанында отырған Стремцов Матвей Григорьевич - екі соғысқа қатысқан алғашқы тың игеруші. Осы газетті сақтаған менің әкем Қайкен Жармакин де өмірден өтті.

Қазақ елі барда ақын аты өшпек емес.

Дана ЖАРМАКИНА,
Ақтоғай ауданы,
Әуелбек ауылы,
ҚР Құрметті кітапханашысы,
Ақтоғай ауданының
Құрметті азаматы.

Ертісім

Құйды ақ жаңбыр шелектеп,
Тозаңын басып көшенің.
Келемін саған дедектеп,
Елемей жауын нөсерін.

Жағаңа жеттім жайраңдап,
Ыстың ең қандай, Ертісім!
Тұрам ба босқа қайран қап,
Күмп берді ұлың еркінсіп.

Баяғыша сен мені,
Аяладың, көтердің.
Сен үшін жүк пе мен тегі,
Баладай жеңіл екенмін.

Құрғақта біраз «паңсыған»,
Мінезім бар-ды салмақты.
Төсіңде сенің жасырман,
Бойымда ол «күш» қалмапты.

Сөйтсем, ерке өзенім,
Сақтапсың бала шағымды.
Балықтай жүзген кезеңім,
Көзіме оттай шалынды.

Керекуім

Туған қалам, Керекуім – бесігім,
Міне, тағы өз даусыңды естідім.
Саған деген сағынышты арқалап,
Келдім, міне, кештеу қалсам, кеш бүгін.

Жалаңаяқ құм көшеңді басқаным -
Отты желге жас кеудемді тосқаным,
Өміріме өзек болған алдағы,
Әліппенің бетін алғаш ашқаным.

Мойыныма байлап қызыл галстук,
Өсіргенің өзгемен де таныс қып...
Алғашқы еңбек,
Өмір жолы алғашқы -
Бүгінгідей бәрі есімде, бәрі ыстық!

Ыстық маған жерлестерім, достарым,
Дастарханда бастапқы бас қосқаным.
Ерке Ертістің жағасында серуенден,
Шырқаған ән, әзіл-күлкі, асқақ үн.

Айта берсем, бәрі қымбат мен үшін,
Бір өзіңнен басталған бар өрісім.
Құшағыма сыйсаң, әттең, мен сені,
Туған қалам, құшар едім сол үшін.

Бір кезде біз алтыбақан ойнаған,
Допты қуып, жағаласып аунаған.
Көшелерде зәулім биік үйлер тұр,
Қала бопсың Алматыдан аумаған.

Қимылына бұлардың кім тең келер,
Туысым менің - москвалық инженер.
Салып жатыр, әне, алып заводты,
Күні ертең қуанышын көз көрер!

Зор құрылыста толған менің жақыным –
Орал, Болат, Мұқан, Сағит, Бәкірім.
Кездестірдім сонда жаңа достарды,
Семей менен Қызылорда ақынын.

Бүгін көріп мақтан етем бәрін де,
Борыштымын жырымменен бәріне.
Қарлығаштай ұшқан осы өлеңім -
Көрімдігім,
Керекуім, сәніңе.

ҒҰМЫРНАМА

Сәулелі ғұмыр жаңғырығы

Қазақ елі тәуелсіздігімізді алғаннан кейін халқымызда ұлт болуға, ұлттың құндылығына деген үлкен бір серпіліс, керемет бір талпыныс пайда болды. Тәуелсіздік - халқымыздың тарихында жаңа дәуірдің бетін ашып, бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді. Сол тәуелсіздіктің жаңа лебімен қазақ тарихындағы ұлы тұлғалар мен ұлт интелегенцияларының есімі де жаңғырды. Ел болашағы үшін қазақ ұлтының ұл-қыздары ерен еңбек пен рухани майдан сарбаздары болды. Солардың ішіндегі бірегейі де, табанды, өжет, тіл жанашыры, Ертіс-Баян өңірінде мемлекеттік басқару және қоғамдық ұйымдар саласында қызмет атқарған танымал тұлға - Сәуле Османова еді.

Сәуле Ғабдулжапарқызы 1961 жылы 25 наурызда Алтай өлкесі, Бөрлі ауданы, Қаракесек қазақ ауылында үлкен және тату отбасында дүниеге келген. 1980 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін бойжеткен Сәуле туған жерден кетіп, Барнауыл мемлекеттік педагогикалық институтына жоғары білім алуға аттанды. Оқу жылдары оның өмірінің маңызды кезеңі болды. Ол шет тілдер факультетін таңдап, Барнауыл мемлекеттік педагогикалық институтында неміс және ағылшын тілдерінің мұғалімі мамандығын алып, толық оқу курсын сәтті тәмамдайды. Алайда студенттік жылдар ол үшін тек оқу уақыты емес, сонымен қатар маңызды жеке оқиғалар болды. Дәл осы кезеңде Сәуле Ғабдулжапарқызы болашақ жұбайымен кездесіп, отбасын құрады. Көз қуанышы болып ұлы дүниеге келеді. 1985 жылы институтты бітіргеннен кейін жас Османовтар отбасының өмір жолы Екібастұз қаласында жалғасады. Сәуле Ғабдулжапарқызы өз қызметін Екібастұз қаласының №12 орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімі ретінде бастайды, бірақ күйеуі Кавказдан шыққанын ескере отырып, 1986 жылдың жазында Сәуле Ғабдулжапарқызы отбасымен бірге жұбайының туған ауылына, ата-анасының еліне - Әзербайжан Республикасының Белакан ауданы Катех ауылына қоныс аударуға тура келеді.

Осылайша, оның өмірінің жаңа парағы басталады. Туыстарынан және үйден алыс, бірақ әкесінің тәрбиесінің арқасында бала кезінен сіңірген құндылықтарымен әзербайжан халқының тілі, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеу мақсаты айқын болады. Сол себепті Сәуле Ғабдулжапарқызы 3 айдың ішінде әзербайжан тілін меңгеріп, көп ұзамай мектепте сабақ бере бастайды. Бұл оның табандылығының, еңбекқорлығының және білімге деген шынайы сүйіспеншілігінің алғашқы дәлелі болды. Уақыт өте келе ол мұғалім ретінде ғана емес, сонымен қатар Катехзауыт мектебі директорының орынбасары қызметіне тағайындалады. Көптеген жыл бойы Сәуле Ғабдулжапарқызын шәкірттері мен әріптестері үшін тек педагог емес, нағыз тәлімгер ретінде ыстық ықыласпен қабылдайды. Тек жас мұғалімдер емес, тәжірибелі әріптестері де оның пікірімен санасып, оның принципшілдігі, біліктілігі және әділдігі үшін құрмет тұтады. Туған жерден жырақ жүрген кезінде Сәуле Ғабдулжапарқызы айналасындағылардың шынайы сыйластығына ие болды. Ол өзінің өмірлік ұстанымы бар белсенді, бей-жай қарамайтын адам, жанашыр және әрқашан көмекке келуге дайын адам ретінде танымал болады. Ол жергілікті халықтың дәстүрлерін құрметтеп, әзірбайжан ғана емес, түрік, авар тілдерін де еркін меңгеріп, жақсы қарым-қатынаста болды.

1997 жылы Таулы Қарабақтағы соғыс шиеленісінің жағдайына байланысты Сәуле Ғабдулжапарқызы отбасымен бірге Қазақстанға оралуға мәжбүр болды. 1997 жылы Қазақстанда тарихи жаңарудың бастамасы ретінде елорда Ақмолаға көшірілді. Бұл шешім Қазақстан

тарихындағы жаңа кезең болса, сондай-ақ Сәуле Ғабдулжапарқызы мен оның отбасының өмірі үшін де жаңа белес басталады.

Османовтар отбасы Әзербайжаннан Қазақстанға оралғанда жаңа өмір тынысына кіріседі. Екібастұз қаласының мектептерінің бірінде неміс тілі мұғалімі болып жұмыс істейді. Сәуле Ғабдулжапарқызы бұл кезеңді әрқашан оның өміріндегі қиын, бірақ маңызды кезеңдерінің бірі ретінде еске алатын. Әрине, Қазақстанға оралғаннан кейін Османовтар отбасының өмірі біртіндеп жақсарады. Кейін жалғыз ұлының болашағы үшін Екібастұздан Павлодарға көшіп, саналы қадам жасайды.

Павлодарда Сәуле Ғабдулжапарқызының кәсіби біліктілігі мен еңбекқорлық келбеті толық ашылады. 2000 жылдан 2005 жылға дейін Сәуле Ғабдулжапарқызы Павлодар қаласының №27 мектебінде неміс және ағылшын тілдерінің мұғалімі болып еңбек етеді. Уақыт өте келе оның тәжірибесі, білімі және дамуға деген ұмтылысы оны мемлекеттік қызметке алып келеді. 2005-2012 жылдар аралығында кәсіби өсу сатыларынан өтіп, түрлі лауазымды атқарады. Әр түрлі буынның маманы болып жұмыс істей отырып, ол өзінің дағдыларын тереңдетіп қана қоймай, мемлекеттік тіл мен аймақтағы халықтардың тіл саясаты мен мәдениетін қалай тиімді дамытуға болатындығы туралы нақты түсінік қалыптастырады.

Оның кәсіби қызметі жан-жақты болады. 2004-2019 жылдар аралығында «Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметін атқарды. Бұл мекеме аймақтағы тіл саясатын жүргізумен және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтумен айналысады. 2012 жылдың маусым айында Тілдерді дамыту бөлімінің басшысы лауазымына тағайындау кезекті кәсіби жетістік болды. Жарты жылдан кейін Сәуле Ғабдулжапарқызы облыстық тілдерді дамыту басқармасы басшысының орынбасары болып тағайындалады, ал көп ұзамай бұл басқарманың басшысы болады. Жеті тілді меңгеру, мәдени ерекшеліктерді терең түсіну, көп жылдық өмірлік тәжірибе, сондай-ақ білім беру мен мемлекеттік қызметтегі еңбек тәжірибесі Сәуле Ғабдулжапарқызын шын мәнінде лайықты басшы етті. Жаңа лауазымда ол жинақталған білімді жүзеге асырып қана қоймай, аймақтың тілдік ортасының дамуына елеулі үлес қосады.

2016 жылдан бастап Сәуле Ғабдулжапарқызы облыстық мәдениет басқармасының басшысы ретінде аймақтың рухани мұрасын сақтау мен дамытуға тікелей байланысты маңызды және жауапты бағыт бастайды. Ол кейінгі жылдарын өзінің кәсіби қызметіне арнады, басқарма басшылық лауазымдарында зейнеткерлікке шыққанға дейін қызмет етті. Содан кейін тағайындау оның мемлекеттік қызметтегі көпжылдық жолының заңды жалғасы болды. Осы уақытқа дейін Сәуле Ғабдулжапарқызы бай басқару тәжірибесіне ғана емес, сонымен қатар қоғамда болып жатқан мәдени және тілдік процестерді терең түсінуге ие болды. Осы жауапты қызметте ол өзін мемлекеттік тілдің дәйекті және принципті қорғаушысы ретінде көрсетті. Оның ұстанымы әрқашан берік және дәлелді болды: тіл – тәуелсіздіктің негізі, ұлттық бірегейліктің өзегі, ұрпақтардың тірі байланысы деп қабылдады, ерен еңбегімен дәлелдей білді. Ол мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуді қолдап, оның мәртебесін көтеруге және танымал етуге бағытталған жобаларға көшбастылық жасады.

Басқару стилі ерекше болатын. Әріптестері мен қоғам арасында тіл заңнамасының орындалуын қатаң бақылайтын, өңірдегі мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге арналған түрлі форум мен әдістемелік жобалардың ұйымдастырушысы ретінде танымал болады. Әр өткізілетін шараның мән-мазмұнын терең зерттеп, зерделеп, сол істің мамандарымен ақылдасып шешім қабылдайтын шебер ұйымдастырушы болды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғамдық қызметті адал атқарды. Тілдерді дамыту басқармасы таратылған соң, оның функциялары облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына берілді. Осы кезеңнен кейін ол кәсіби және қоғамдық бағытын ауыстырды. «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Павлодар облыстық филиалында басшылық лауазымдарда болып, еңбек ұжымдарының құқықтарын қорғауға үлес қосады.

Ол үшін бұл жай ғана жұмыс емес – бұл туған мәдениетке деген шынайы сүйіспеншілік пен елдің болашағына деген сенімнің миссиясы болды. Әріптестері, ғалымдар мен зиялы қауым, достары Сәуле Ғабдулжапарқызын дана көшбасшы, талапшыл, бірақ әділ, оның мінезі адамгершілікті, іскерлік қатынастық пен рухани жылулықты біріктіртіретін ізгілік гармониясы бар жан еді деп бүгінде үлкен сағынышпен еске аламыз. Ол тыңдауды және естуді, қолдауды және бағыттауды, адамдарды ортақ мақсатқа біріктіруді біртұтас ұстай білетін аққөңіл жан болды.

Оның барлық кәсібилігін, жауапкершілігі мен өз ісіне адалдығын жұртшылық, облыс басшылары және Мемлекет басшысы жоғары бағалап, Алғыс хаттар, грамоталар және «Павлодар облысының 75 жылдығы» мерейтойлық медалі, «Астананың 20 жылдығы» мерейтойлық медалі, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығы» мерейтойлық медалі, «Облыстың дамуына қосқан адал үлесі үшін» төсбелгісі сияқты марапаттармен марапатталады.

Оның өмірі - мемлекетке, қоғамға және уақытқа бағынбайтын мұраттарға қызмет етудің дәлелі болды. Сәуле апайымыз ортамызда болса оның 65 жасқа толу мерейтойын тойлап жатушы едік! Амал нешік! Оның тіл, мәдениет, ұлт тағдыры мен болашағы туралы сұхбаттасып, әңгіме айтпағанымызға 1 жыл болды. Ортамызда жоқ, сағынамыз! Ол туралы жарқын естелік облыс тарихында және біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Жасамаған жасын ұрпағына дарытсын!

Айман ЗЕЙНУЛИНА,
ф.ғ.к., профессор,
«Торайғыров университеті»
КеАҚ «Үштұғырлы тіл»
кафедрасының меңгерушісі,
«Құрмет» орденінің иегері.

Павлодар облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ
(VIII сайланған XXXIII (кезекті) сессия)
№ 293/33

Павлодар қаласы 2026 жылғы 21 тамыз

Павлодар облыстық мәслихатының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 229/26 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар облыстық мәслихатының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №229/26 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген шешімнің 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«1. 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2026 жылға арналған келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 497835434 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер - 66153454 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 10953670 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - нөлге тең;

арнайы түсімдер - 17071139 мың теңге;

трансферттер түсімі - 403657171 мың теңге;

2) шығындар - 498098062 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 12842925 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 33072461 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 20229536 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 1062569 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 1062569 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - нөлге тең;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -14168122 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 14168122 мың теңге.»;

2) көрсетілген шешімнің 2, 3-тармақтары келесі редакцияда жазылсын:

«2. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне салықтан түскен түсімдердің жалпы сомасын 2026 жылға келесі мөлшерлерде үлестіру белгіленсін:

Ақтоғай ауданына - 75 пайыз, Аққулы ауданына - 25 пайыз, Баянауыл ауданына - 100 пайыз, Железин ауданына - 53,5 пайыз, Ертіс ауданына - 0 пайыз, Май ауданына - 62 пайыз, Павлодар ауданына - 24 пайыз, Тереңкөл ауданына - 69 пайыз, Успен ауданына - 0 пайыз, Шарбақты ауданына - 0 пайыз, Ақсу қаласына - 0 пайыз, Павлодар қаласына - 0 пайыз, Екібастұз қаласына - 5,5 пайыз.

3. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден облыстық бюджетке салықтардан түскен түсімдердің жалпы сомасын 2026 жылға келесі мөлшерлерде үлестіру белгіленсін:

Ақтоғай ауданына - 25 пайыз, Аққулы ауданына - 75 пайыз, Баянауыл ауданына - 0 пайыз, Железин ауданына - 46,5 пайыз, Ертіс ауданына - 100 пайыз, Май ауданына - 38 пайыз, Павлодар ауданына - 76 пайыз, Тереңкөл ауданына - 31 пайыз, Успен ауданына - 100 пайыз, Шарбақты ауданына - 100 пайыз, Ақсу қаласына - 100 пайыз, Павлодар қаласына - 100 пайыз, Екібастұз қаласына - 94,5 пайыз.»;

3) көрсетілген шешімнің 7-2-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«7-2. Абай облысына «Абайға құрмет» республикалық акциясын өткізу шеңберінде Семей қаласында Үстел теннисі орталығын салуға нысаналы трансферт 1702448 мың теңге сомада ескерілсін.»;

4) көрсетілген шешімнің 8-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«8. 2026 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттер келесі мөлшерлерде қарастырылғаны ескерілсін:

641620 мың теңге - мәдениет объектілерін жөндеуге;

3009188 мың теңге - халықтың әлеуметтік-осал топтарына арналған коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға;

8973395 мың теңге - аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуге;

346875 мың теңге - Ертіс ауылын жылумен жабдықтау желісін күрделі жөндеуге;

40658 мың теңге - аудандардың шекараларын орнатуға;

13367257 мың теңге - бағалардың өсуіне моратарий енгізумен байланысты мұнай өнімдеріне акциз бойынша шығынды өтеуге;

177000 мың теңге - коммуналдық меншікке арнайы техниканы сатып алуға;

12211 мың теңге - аспалы өртсөндіргіштерді сатып алуға.»;

5) көрсетілген шешімнің 9-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«9. 2026 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері келесі мөлшерлерде қарастырылғаны ескерілсін:

1051253 мың теңге - коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және қайта жаңартуға;

583446 мың теңге - инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға немесе жайластыруға;

2866897 мың теңге - кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға;

530980 мың теңге - мәдениет объектілерін дамытуға;

166651 мың теңге - спорт объектілерін дамытуға;

2966901 мың теңге - «Ауыл - Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту;

6646514 мың теңге - қалаларда сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;

782590 мың теңге - ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға;

2938033 мың теңге - жылу энергетикалық жүйені дамытуға;

3334015 мың теңге - коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

3430500 мың теңге - қалаларды және елді мекендерді абаттандыруды дамытуға;

1385112 мың теңге - моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға.»;

6) көрсетілген шешімнің 13-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«13. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2026 жылға арналған резерві 6929212 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

7) көрсетілген шешімнің 1, 2, 3, 6-қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасының міндетін атқарушы **И.НАЗАРЧУК**.

Павлодар облыстық мәслихатының
2026 жылғы 21 тамыздағы
№ ¬¬¬293/33
шешіміне 1-қосымша

Павлодар облыстық мәслихатының
2025 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 229/26
шешіміне 1-қосымша

Павлодар облыстық мәслихатының 2026 жылғы 21 тамыздағы № 298/33 шешіміне қосымша

Павлодар облысы бойынша жер үсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2026 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері

Р/с №	Арнайы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері, теңге
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	294,97
2	Өнеркәсіп, энергетиканы қоса есептегенде	1000 текше метр	844,46
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	237,88
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	1000 текше метр	43,29
5	Су көлігі	1000 тонна шақырым	33,3

Павлодар облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 тамыздағы «Павлодар облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы» № 237/1 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 тамыздағы «Павлодар облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы» № 237/1 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыру.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі **А.БАЙХАНОВ.**

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын
реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су
ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі
Ертіс бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау комитетінің Павлодар облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті»
республикалық мемлекеттік мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық
реттеу және бақылау комитетінің Павлодар облысы
бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Павлодар облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі

Павлодар облысы әкімдігінің
2026 жылғы «____» _____ №____ қаулысына
қосымша
Павлодар облысы әкімдігінің
2025 жылғы 25 тамыздағы № 237/1 қаулысына
1-қосымша

Павлодар облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

№ р/с	Су объектісінің атауы	Орналасқан жері	Су қорғау аймағының ауданы, гектар	Су қорғау белдеуінің ауданы, гектар	Су қорғау аймағының ені, метр	Су қорғау белдеуінің ені, метр
Павлодар қаласы						
1	Ертіс өзені	Павлодар қаласы - оң жағалау	554	5666	105-4270	35-3210
2	Ертіс өзені	Павлодар қаласы - сол жағалау	58	3032	4293-5785	4223-5715
3	Қара Бидайық көлі	Павлодар қаласы	396,015	26,659	500	35
4	көл №1	Павлодар қаласы	62,4225	6,5831	300	50
5	көл №3	Павлодар қаласы	69,5132	7,8698	300	50
6	көл №5	Павлодар қаласы	62,0042	6,5082	300	50
Павлодар қаласының ауылдық аймағы						
7	Мойылды көлі	Мойылды ауылы	163,4	16,6	300	35
Екібастұз қаласының ауылдық аймағы						
8	Шідерті өзені	Шідерті ауылы	16,9634	1,1789	500	35
9	Темірастау өзені	Төрт-Құдық ауылдық аймағы	554,3658	44,8152	254-500	35
Ақсу қаласының ауылдық аймағы						
10	Ертіс өзені	Ақсу қаласының ауылдық аймағы	1242	59517	105-14290	35-13240
Ақтоғай ауданы						
11	Ертіс өзені	Ақтоғай ауданы	8400	43997	115-11335	35-8200
Железин ауданы						
12	Ертіс өзені	Железин ауданы	5700	8253	216-8232	36-7081
Ертіс ауданы						
13	Ертіс өзені	Ертіс ауданы	11100	41842	59-8960	35-6265
14	Бірсуат өзені	Амангелді ауылдық аймағы - оң жағалау	14,2542	1,0231	500	35
15	Бірсуат өзені	Амангелді ауылдық аймағы - сол жағалау	13,8733	0,9952	500	35
Май ауданы						
16	Ертіс өзені	Май ауданы	13500	73848	950-11926	880-10676
17	Кемертұз көлі	Май ауданы	103	21,8	500	100
18	Ащысу өзені	Май ауданы	162,7	16,3	500	55
19	атауы жоқ көл	Май ауданы	385,95	28,59	300	35
Аққулы ауданы						
20	Ертіс өзені	Аққулы ауданы	1000	44498	67-12332	35-11326
21	Тұз көлі	Аққулы ауданы	1259	195	500-1300	100
22	Қалатұз көлі	Аққулы ауданы	2570	40	500-3130	35
23	Кожа көлі	Аққулы ауданы	188	54	300-500	100
24	Қазы көлі	Аққулы ауданы	707,73	78,47	500	35-100
25	Қызылтұз көлі	Аққулы ауданы	625,391	86,65	500	35-100
26	Малыбай көлі	Аққулы ауданы	1816,73	210,6	500	35-100
27	Төлеуберді көлі	Аққулы ауданы	624,04	63,87	500	50-100
28	Шарбақты көлі	Аққулы ауданы	575,35	65,49	500	35-100
Тереңкөл ауданы						
29	Ертіс өзені	Тереңкөл ауданы	9600	29323	45-11595	38-9210
Павлодар ауданы						
30	Ертіс өзені	Павлодар ауданы	9046	55549	51-14002	35-10699
31	Маралды көлі	Павлодар ауданы	852,1	71,1	500	35
Баянауыл ауданы						
32	Біржанкөл көлі	Құндыкөл ауылдық округі	81,5	7,5	500	35
33	Сабындыкөл көлі	Баянауыл ауылдық округі	495,6	37,7	500	35
34	Ақсор көлі	Баянауыл ауданы	212,4	23,88	300	35
35	Тұз көлі	Баянауыл ауданы	1797	160	500-2400	100
36	Ащысу өзені	Баянауыл ауданы	145	35	500	100
37	Ащысу өзені	Көкдомбақ ауылы - оң жағалау	16,78	1,24	500	35
38	Ащысу өзені	Көкдомбақ ауылы - сол жағалау	18,97	1,32	500	35
Шарбақты ауданы						
39	Маралды көлі	Шарбақты ауданы	1006,4	80,3	500	35
40	Бура көлі	Шарбақты ауданы	351	17	500-570	35
Успен ауданы						
41	Балқазы көлі	Успен ауданы	1100,8	132,98	500	35-100
42	Қадырбай көлі	Равнополь ауылдық округі	885,21	68,8	500	35
43	Кіші Тобылжан көлі	Равнополь ауылдық округі	1654,65	190,39	500	50

Павлодар облыстық мәслихатының
2026 жылғы 21 тамыздағы № 296/33 шешімімен бекітілген

«Павлодар облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы» атағын берудің қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Павлодар облысының (қаланың, ауданның) Құрметті азаматы» атағын берудің қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 279-НҚ бұйрығымен бекітілген «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын берудің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және «Павлодар облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы» атағын беру тәртібін айқындайды.

2. «Павлодар облысының (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын (бұдан әрі - «Құрметті азамат» атағы) беру елеулі еңбек сіңірген азаматтардың көпжылдық жемісті қызметін және бастамашылығын қоғам тарапынан тану әрі ынталандыру болып табылады, сондай-ақ азаматтардың еңбек және қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған.

3. «Құрметті азамат» атағы облыста (қалада, ауданда) кемінде 10 жыл еңбек еткен, келесі талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетел азаматтарына беріледі:

1) кәсіби немесе азаматтық міндетін орындау кезінде көрсеткен ерлігі үшін, сондай-ақ заңдылық және құқықтық тәртіпті нығайтуға қосқан үлесі үшін;

2) мемлекет, саяси және қоғам қайраткерлеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы нәтижелі еңбегі үшін, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін;

3) қоғамдық қызметтегі жетістіктері мен қайырымдылық қызметі үшін;

4) облыстағы (қаладағы, аудандағы) спорт, мәдениет, ғылым, білім, денсаулық сақтау, құрылыс, кәсіпкерлік, бизнес және ауыл шаруашылығы салаларын дамытуға қосқан үлесі үшін;

5) тәуелсіз және егемен Қазақстанның тұтастығын сақтауға, этносаралық қатынастар мен келісімді, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген ерен еңбегі үшін.

2-тарау. «Құрметті азамат» атағын беру тәртібі

4. «Құрметті азамат» атағына ұсынылушының әрқайсысына Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша награда қағазы толтырылады.

«Құрметті азамат» атағын беру туралы қолдаухаттар жергілікті атқарушы органдарымен, шығармашылық одақтармен және басқа да ұйымдармен еркін нысанда енгізіледі.

Награда қағазында «Құрметті азамат» атағына ұсынылатын тұлғаның жеке басы, тиісті қызмет саласындағы жұмысының жалпы еңбек өтілі, тұлғаның еңбек, кәсіби немесе қоғамдық қызметі туралы мәліметтер, нақты сіңірген еңбегі, жұмысының тиімділігі мен сапасы туралы мәліметтер баяндалады.

Награда қағазына ұйым басшысы қол қояды және қол қойған ұйымдардың мөрлерімен расталады.

«Құрметті азамат» атағына ұсынылғандардың әрқайсысына ұсыным жеке дайындалады.

Павлодар облысының әкімдігі жанындағы Мемлекеттік наградаларға ұсыныстарды қарау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия) отырысына дейін отыз күннен кем мерзімде келіп түскен награда құжаттары қарауға қабылданбайды.

5. Награда қағазын Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия ресімделеді.

6. Медальдар мен оларға куәліктерді дайындау, сондай-ақ оларды есепке алу және сақтау облыс (қала, аудан) әкімі аппаратына жүктеледі.

7. Өз кандидатураларын ұсынған тұлғалардан келіп түскен «Құрметті азамат» атағын беру туралы қолдаухаттар қаралмайды.

Облыс бойынша аудан немесе қаланың «Құрметті азамат» атағына ие тұлғаны қайта ұсынуға жол берілмейді.

«Құрметті азамат» атағын беру қайтыс болғаннан кейін еліміздің мүддесін қорғау кезінде және адам өмірін құтқаруға байланысты жағдайларда көрсеткен батылдығы, ерлігі, қаһармандығы үшін жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Қолдаухат Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияда қаралады.

9. Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10. Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның шешімі ұсыныс сипатында болады және оның барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

11. «Құрметті азамат» атағы әр екі жыл сайын Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарынның он тұлғаға дейін берілуі мүмкін.

Облыстың (қаланың, ауданның) мерейтойлық күніне орай «Құрметті азамат» атағын қосымша әр бес жыл сайын Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарының бес тұлғаға дейін берілуі мүмкін.

Облыс (қала, аудан) әкімінің ұсынысы бойынша қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей зілзаланың немесе өзге де авариялық жағдайлардың салдарын жоюға немесе алдын алуға көмек көрсеткен Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарына «Құрметті азамат» атағы берілуі мүмкін.

12. «Құрметті азамат» атағын беру туралы тиісті мәслихаттың шешімі жергілікті масс-медиада жарияланады.

13. «Құрметті азамат» атағы:

1) «Құрметті азамат» атағына ұсынылған кезде өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар тұлғаларға;

2) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған тұлғаларға берілмейді.

3-тарау. Медаль мен куәлікті тапсыру тәртібі

14. «Құрметті азамат» атағын беру туралы тиісті мәслихат шешімі күшіне енген күннен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде аталған атақ берілген тұлғаға салтанатты түрде «Құрметті азамат» атағына медаль мен куәлік тапсырылады.

«Құрметті азамат» атағына медаль мен куәлікті Павлодар облысының (қаланың, ауданның) әкімі немесе мәслихат төрағасы тапсырады.

15. Медаль мен куәлікті тапсырар алдында тиісті мәслихаттың «Құрметті азамат» атағын беру туралы шешімі жария етіледі.

«Құрметті азамат» атағы берілген тұлғаға медаль мен куәлік жеке тапсырылады.

Егер «Құрметті азамат» атағы берілген тұлға денсаулық жағдайына байланысты тапсыруға келе алмаса, медаль мен куәлік оның орналасқан жерінде тапсырылуы мүмкін.

Қайтыс болғаннан кейін «Құрметті азамат» атағын беру туралы құжаттар мен оған қоса медаль қайтыс болған тұлғаның отбасы мүшелеріне тапсырылады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын ескере отырып қайтыс болған тұлғаның мұрагерлерінің келісімімен ресімделген «Құрметті азамат» атағын беру туралы құжаттар мен оған қоса медальді музейлерге сақтауға берілуі мүмкін.

Мұрагерлері болмаған жағдайда «Құрметті азамат» атағын беру туралы құжаттар мен оған қоса медаль музейлерге сақтауға беріледі.

16. «Құрметті азамат» атағына медаль осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындалады.

«Құрметті азамат» атағы берілген әрбір тұлғаға медальді тапсырумен бір мезгілде осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша медальға куәлік беріледі.

«Құрметті азамат» атағына берілетін куәлікке облыс (қала, аудан) мәслихатының төрағасы қол қояды.

17. Медальдер мен оларға берілетін куәліктерді дайындауға жұмсалатын шығыстар тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

18. Соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда «Құрметті азамат» атағынан айыру тиісті мәслихаттың шешімімен жүзеге асырылады.

19. «Құрметті азамат» атағынан айырылған тұлға осы атақты қайта алуға ұсыныла алмайды.

«Павлодар облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы» атағын берудің қағидаларына 1-қосымша

Нысан

_____
облыс (қаланың, ауданның)

НАГРАДА ҚАҒАЗЫ

1. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)_____

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)_____

3. Лауазымы, жұмыс, қызмет орны (кәсіпорын, мекеме, ұйым бөлімшесінің нақты атауы дәл көрсетілуі керек) _____
_____ _____
_____

4. Жынысы _____

5. Туған жылы мен туған жері _____

6. Білімі _____

7. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____
_____

8. Қазақстан Республикасының қандай мемлекеттік наградаларымен наградталған және наградталған уақыты:

_____

9. Үйінің мекенжайы _____

10. Жалпы жұмыс өтілі _____

11. Саладағы жұмыс өтілі_____

12. Тиісті қызмет саласындағы еңбек өтілі, тұлғаның еңбек, кәсіби немесе қоғамдық қызметі туралы мәліметтер _____

13. Наградталушының нақты айрықша еңбегін сипаттайтын мінездеме:
Кандидатура_____
(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы
_____талқылау болған уақыт, хаттаманың
№)_____ талқыланып, ұсынылған.
Мына_____атағына ұсынылады
(«Павлодар облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы» атағы)

Ұйым басшысы

_____ _____
(ТАӘ) (ол болған жағдайда) (ТАӘ) (ол болған жағдайда)
_____ _____
(қолы) (қолы)

«Павлодар облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы» атағын берудің қағидаларына 2-қосымша
Нысан

1. Медальдің эскизі мен сипаттамасы:

Медальдің аверсі	Медальдің реверсі
Медаль аверсінің ортасында өңірлік нышанның бейнесі. Жоғары шеткі бөлігін бойлай облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы деген жазу жазылады	Реверсінде медальдің реттік нөмірі орналасқан.

Медальге мынадай талаптар қойылады:

1) медальдің визуалды құрамдас бөлігі, көлемді бейнесі және (немесе) моделі анық бедері бар;

2) медаль жобасында ресми атаулар, жазулар және басқа да мәтіндер қазақ тілінде жазылады;

Медальдің дизайнын дайындау кезінде:

1) медаль жезден диаметрі 34 миллиметр (бұдан әрі - мм) шеңбер пішінінде жасалады. Медальдің аверсі жылтырақ;

2) реверсінде медальдің реттік нөмірі орналасады;

3) медаль құлақша мен шығыршық арқылы көгілдір түсті муар лентасымен қапталған, ені 30 мм және биіктігі 50 мм алтытбұрышты тағанға жалғанады. Медаль киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

«Павлодар облысының (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын берудің қағидаларына 3-қосымша
Нысан

Куәлік эскизі:

Куәліктің алғы сол жағы	Куәліктің алғы оң жағы
(Медальдің сурет)	Облыстың (қаланың, ауданның) атауы № куәлік ТАӘ (ол болған жағдайда) Мәслихаттың шешімі жазылады Облыстың (қаланың, ауданның) мәслихат төрағасының қолы мен мөрі

Куәліктің артқы сол жағы	Куәліктің артқы оң жағы
	Облыстың (қаланың, ауданның) өңірлік нышанының бейнесі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Аяқ-Қоджан жер қойнауы учаскесіндегі мыс кендерінің қорларын игерудің тау-кен жұмыстары жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды (жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖШШ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары (ҚОҚІЖЖ)).

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы **1 қазанда сағат 10:00-де** мына мекенжайда өтеді: Павлодар облысы, Екібастұз қалалық әкімшілігі, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ, Әлкей Марғұлан атындағы ауыл, Марғұлан көшесі, 1, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ әкімдігі аппаратының ғимараты. Географиялық координаттары: 51°2'34.1295" с.е., 74°6'24.4099" ш.б.

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/76584233498?pwd=JM3hQHlAJonRWWElF8ABp1WmmuCoKB.1

Конференция ID: 765 8423 3498

Кіру коды: 640Fj0

Барлық мүдделі тұлғалар қатысуға шақырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы:

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, С.О. Әлкей Марғұлан, с. Әлкей Марғұлан, Аяқ-Қожан өндірістік аймағы, 25-құрылым.

БСН 070440000551

Бас директор: Мавлен Д.

Байланыстар: тел. 87018732215, e-mail: v.kudenko@yertai.kz;

Әзірлеуші:

«Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504 п.

БСН 150740026602, Өкіл: Куденко В.С. Байланыстар: тел. 87057086573,

e-mail: v.kudenko@yertai.kz

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында: https://ndbecology.gov.kz және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: v.kudenko@yertai.kz және тел. 87057086573;

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық пошта мекенжайлары: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, сондай-ақ мына телефон нөмірлері бойынша: **+7 705 540 30 51, 8 (7182) 37-21-78.**

(20109)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Коджанчад 4 жер қойнауы учаскесіндегі қорларды игерудің тау-кен жұмыстары жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды (жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖШШ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары (ҚОҚІЖЖ)).

Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылғы 1 қазанда сағат 15:00-де** мына мекенжайда өтеді: Павлодар облысы, Екібастұз қалалық әкімшілігі, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ, Әлкей Марғұлан атындағы ауыл, Марғұлан көшесі, 1, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ әкімдігі аппаратының ғимаратында. Географиялық координаттары: 51°2'13.2775" с.е., 74°3'10.8694" ш.б.

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/71251850054?pwd=oFrEXUml4e5R8Mlv2pKK5eEqXH4RDQ.1

Конференция ID: 712 5185 0054

Кіру коды: eBm4gL

Барлық мүдделі тұлғалар қатысуға шақырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы:

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, С.О. Әлкей Марғұлан, с. Әлкей Марғұлан, Аяқ-Қожан өндірістік аймағы, 25-құрылым.

БСН 070440000551

Бас директор: Мавлен Д.

Байланыстар: тел. 87018732215, e-mail: v.kudenko@yertai.kz;

Әзірлеуші:

«Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504 п.

БСН 150740026602, Өкіл: Куденко В.С. Байланыстар: тел. 87057086573,

e-mail: v.kudenko@yertai.kz

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында: https://ndbecology.gov.kz және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: v.kudenko@yertai.kz және тел. 87057086573;

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, сондай-ақ мына телефон нөмірлері бойынша: **+7 705 540 30 51, 8 (7182) 37-21-78**.

(20109)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Соқырқұдық жер қойнауы учаскесіндегі минералдық ресурстар мен қорларды игерудің тау-кен жұмыстары жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды (жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖШШ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары (ҚОҚІЖЖ)).

Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылғы 1 қазанда сағат 11:00-де** мына мекенжайда өтеді: Павлодар облысы, Екібастұз қалалық әкімшілігі, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ, Әлкей Марғұлан атындағы ауыл, Марғұлан көшесі, 1, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ әкімдігі аппаратының ғимаратында. Географиялық координаттары: 50°59'56,539" с.е., 74°3'41,506" ш.б.

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/75516914543?pwd=FyJWuajTZUm2VGgaVlWYvKrvo1jgoU.1

Конференция ID: 755 1691 4543

Кіру коды: ejW952

Барлық мүдделі тұлғалар қатысуға шақырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы:

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, С.О. Әлкей Марғұлан, с. Әлкей Марғұлан, Аяқ-Қожан өндірістік аймағы, 25-құрылым.

БСН 070440000551

Бас директор: Мавлен Д.

Байланыстар: тел. 87018732215, e-mail: v.kudenko@yertai.kz;

Әзірлеуші:

«Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504 п.

БСН 150740026602, Өкіл: Куденко В.С. Байланыстар: тел. 87057086573,

e-mail: v.kudenko@yertai.kz

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында: https://ndbecology.gov.kz және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: v.kudenko@yertai.kz және тел. 87057086573;

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, сондай-ақ мына телефон нөмірлері бойынша: **+7 705 540 30 51, 8 (7182) 37-21-78**.

(20109)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Аяк-Қоджан байыту фабрикасының әсеріне экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды (жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖШШ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары (ҚОҚІЖЖ)).

Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылғы 1 қазанда сағат 12:00-де** мына мекенжайда өтеді: Павлодар облысы, Екібастұз қалалық әкімшілігі, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ, Әлкей Марғұлан атындағы ауыл, Марғұлан көшесі, 1, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ әкімдігі аппаратының ғимаратында. Географиялық координаттары: 51°3'10.2974" с.е., 74°7'52.4848" ш.б.

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/79372954985?pwd=tooLcHfKd0n7nkNr2w9P2hDQtI3Ubk.1

Конференция ID: 793 7295 4985

Кіру коды: BZ8ew7

Барлық мүдделі тұлғалар қатысуға шақырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, С.О. Әлкей Марғұлан, с. Әлкей Марғұлан, Аяк-Қожан өндірістік аймағы, 25-құрылым.

БСН 070440000551

Бас директор: Мавлен Д.

Байланыстар: тел. 87018732215, e-mail: v.kudenko@yertai.kz;

Әзірлеуші:

«Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504 п.

БСН 150740026602, Өкіл: Куденко В.С. Байланыстар: тел. 87057086573,

e-mail: v.kudenko@yertai.kz

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында: https://ndbecology.gov.kz және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: v.kudenko@yertai.kz және тел. 87057086573;

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, сондай-ақ мына телефон нөмірлері бойынша: **+7 705 540 30 51, 8 (7182) 37-21-78.**

(20109)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Маясалған жер қойнауы учаскесінің құрамына кіретін кен орындарының минералдық қорларын игеру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған Ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылғы 1 қазанда сағат 16:00-де** мына мекенжайда өтеді: Павлодар облысы, Екібастұз қалалық әкімшілігі, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ, Марғұлан көшесі, 1, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ әкімдігі аппаратының ғимаратында.Географиялық координаттары: 50°59'56,42" солтүстік ендік, 74°01'36,48" шығыс бойлық.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/76704401546?pwd=i8aIESh7w06nFi6XNmxc1aLNRQEMcY.1

Конференция ID: 767 0440 1546

Кіру коды: NV10fW

Барлық мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырамыз.

Тұтынушы:

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Fonet Er-Tai AK Mining" ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, С.О. Әлкей Марғұлан, с. Әлкей Марғұлан, Аяк-Қожан өндірістік аймағы, 25-құрылым. БСН 070440000551 Бас директор: Мавлен Д. Байланыс телефоны: 87018732215, e-mail: a.maulimova@yertai.kz;;

Әзірлеуші:

Маясалғанның жер қойнауы учаскесінің тау-кен жұмыстарының жоспары үшін ықтимал әсерлер туралы есеп

«Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 5, кв 504 БСН 150740026602, өкілі: В. С. Куденко, байланыстар: тел. 87057086573, e-mail: v.kudenko@yertai.kz

Жергілікті атқарушы орган - "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы"ММ.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады: https:// ndbecology.gov.kz / және https://www.gov.kz/memeket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=ru "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: v.kudenko@yertai.kz, info@sbk-eng.kz және денелер бойынша: +7 771 180 3481, +7 701 255 7560;

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, сондай-ақ мына телефон нөмірлері бойынша: **+7 705 540 30 51, 8 (7182) 37-21-78.**

(20109)

Құрметті тұрғындар!

«Виктория Плюс» ЖШС Сіздерге 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап лифтілерге техникалық қызмет көрсету тарифі пайдалы алаңның 1 шаршы метріне **39,7 теңгені** құрайтынын хабарлайды. (816)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - ҚР ҰЯО РМК) 2027-2036 жылдар кезеңінде Павлодар облысында орналасқан № 4-8 өндірістік алаңдардың қызметін жүзеге асыру үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жобалық құжаттама бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Ең жақын елді мекен - Үлкен Ақжар ауылы.

Жергілікті әсер ету аймақтарының болжамды географиялық координаттары: өндірістік алаң № 4 - 50,166397-50,173583° С.е., 78,372079-78,383299° ш.б.; өндірістік алаң № 5 - 50,190507-50,195897° С.е., 78,353389-78,361809° ш.б.; өндірістік алаң № 6 - 50,196601-50,201991° С.е., 78,352224-78,360644° ш.б.; өндірістік алаң № 7 - 50,509819-50,517005° С.е., 77,974716-77,986018° ш.б.; өндірістік алаң № 8 - 50,528499-50,533889° с.е., 77,944330-77,952810° ш.б.

Қызметті жүзеге асыру учаскелерінің географиялық координаттары: өнеркәсіптік алаң №4 - 50,169990° с.ш., 78,377689° ш.б.; өндірістік алаң № 5 - 50,193202° с.ш., 78,357599° ш.б.; өндірістік алаң №6 - 50,199296° с.ш., 78,356434° ш.б.; өндірістік алаң №7 - 50,513412° с.ш., 77,980367° ш.б.; өндірістік алаң №8 - 50,531194° с.ш., 77,948570° ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта 30.09.2026 жылы сағат 11:00-де өтеді:

- Павлодар облысы, Май ауданы, Үлкен Ақжар ауылы, Абай көшесі, 2 (Мәдениет үйі) мекенжайы бойынша ашық жиналыс нысанында.

- Бейнеконференциялар ZOOM қолданбасын пайдалану арқылы. ZOOM бейнеконференциясына онлайн қосылуға сілтеме:

https://us05web.zoom.us/j/7032624490?pwd=3tW1N0bZQTiIpQ7hF8tO9WvW9YQXI9.1

Конференция идентификаторы: 703 262 4490. Қатынау коды: 082312

Барлық мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырамыз.

Материалдармен қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінде танысуға болады www.ndbecology.gov.kz; сондай-ақ Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы 5Б мекенжайы бойынша "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" ММ-нен сұрау салу, каб. 307 тел. 8(7182)32-16-81, эл. пошта unosvr_15.07.2025@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданады: сілтеме бойынша www.ndbecology.gov.kz және Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы 5Б мекенжайы бойынша, каб. 307 тел. 8(7182)32-16-81, эл. пошта unosvr_15.07.2025@mail.ru.

"Павлодар облысы Май ауданы Ақжар ауылы әкімінің аппараты" ММ мекенжайы: Павлодар облысы, Май ауданы, Үлкен Ақжар ауылы / Ақжар ауылы, Жамбыл Жабаев көшесі, 17 ғимарат.

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірлері: "ЭКОЭКСПЕРТ" ЖШС -info@ecoexpert.kz, +7 (7212) 42-56-17.

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы - ҚР ҰЯО РМК, БСН 990240001722, мекенжайы: 180010, Абай облысы, Курчатов қ., Курчатов к-сі. Бейбіт атом, 2Б, тел.: 8(722-51)3-33-33, эл.пошта: nnc@nnc.kz

Әзірлеуші - "ЭКОЭКСПЕРТ" ЖШС, БСН 920540000504.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Лобода көшесі, 40 ғимарат. тел./факс: +7 (7212) 42-56-17, e-mail: info@ecoexpert.kz.

(20110)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» ЖШС Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

1.Жоба құжаттамасының атауы: Павлодар облысы Май ауданындағы Майлықара кен орнында ашық тәсілмен бағалы және түсті металдарды өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық әсер етуге рұқсат алу үшін әзірленген материалдар.

2. Әсер аумағы: ҚР, Май ауданы Павлодар облысы.

Учаскенің координаттары

1)	50°09'38,5"С	77°53'54,1"В
2)	50°11'43"С	77°53'52,5"В
3)	50°11'31,5"С	78°00'20,3"В
4)	50°05'47,5"С	78°04'24,7"В
5)	50°05'1,5"С	78°03'11,5"В
6)	50°05'29,6"С	78°01'56"В

3. Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылғы 6 қазанда сағат 11.30-да** Павлодар облысы, Май ауданы, Үлкен Ақжар ауылы, Абай көшесі, 2 мекенжайы бойынша Ақжар ауылдық клубы мекенжайында өтеді.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін орын Павлодар облысы, Май ауданы, Үлкен Ақжар ауылы, Абай көшесі, 2 мекенжайында орналасқан Ақжар ауылдық клубы болғандықтан, қоғамдық тыңдауларға қатысуға ниет білдірген Курчатов қаласының тұрғындары үшін арнайы автокөлік ұйымдастырылады. Автокөлік сағат 10:00-де Курчатов қаласы әкімдігі ғимаратының алдынан жолға шығады. Қоғамдық тыңдаулар аяқталғаннан кейін Курчатов қаласының қатысушы тұрғындары арнайы автокөлікпен өз қаласына жеткізіледі.

Қоғамдық тыңдау ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады.

Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

https://us05web.zoom.us/j/87594286998?pwd=cE62IDoMb6jPxHMCZg2aMEZ1nRH25j.1 Конференцияны сәйкестендіруші: 875 9428 6998. Қолжетімдік коды: c9i7wX.

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» ЖШС, БСН 190540016328. Мекенжайы: Абай ауданы, Курчатов, Курчатов көшесі, 18/1 ғимарат, тел. 8 775 233 77 66, e-mail: info@agq.kz.

5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС. БСН 181600077570. Мекенжайы: 070003, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к., 35, телефоны 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. Жоба құжаттамасымен https://ndbecology.gov.kz// экологиялық порталында, сондай-ақ Павлодар облысы Жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat?lang=kk сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысы бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» ЖШС, БСН 190540016328. Мекенжайы: Абай ауданы, Курчатов, Курчатов көшесі, 18/1 ғимарат, тел. 8 775 233 77 66, e-mail: info@agq.kz. «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, телефоны 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

8. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша қағаз немесе электронды түрдегі ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу басталатын күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ҚО ТРЖК ҰДБ сайтында, сондай-ақ «Павлодар облысы Жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б-үй мекенжайында; **тел. +7 (7182) 32-16-81,** электронды мекенжайы: unosvr@mail.ru қабылданады.

(20111)

SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) **«Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті**

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. **№KZ17VPY00084792** куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы: 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: **saryarka-samaly.kz**

Газеттің электронды поштасы: **ssamaly29@gmail.com.**

Бас редактордың орынбасары - 66-15-28.

Жауапты хатшы - 66-15-31.

Әлеуметтік бөлім - 66-14-64, 66-15-32.

Экономика, саясат - 66-14-61, 66-12-74.

Жарнама бөлімі: smi14reklama@gmail.com 66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады. Осы нөмірдің таралымы 1414 дана, бүгінгі көлемі 7 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00. Тапсырыс - 1044

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.

ЖЕТІ АТАДАН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕР

Бір әулеттің аманаты

Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің қоры тағы бір құнды жәдігермен толықты. Ақтоғай ауданының Әуелбек ауылында ұзақ жыл бойы сақталған көне ағаш ыдыс – «шара» енді музей экспозициясынан орын алады. Мамандардың айтуынша, бұл бұйымның жасы 100 жылдан асады.

Айдана БОРАНБАЕВА

Көненің көзіндей болған шара - бір әулеттің бірнеше буынына аманат болып жеткен отбасылық мұра. Кезінде бұл ыдысты күнделікті тұрмыста Айжан Бекболатқызы пайдаланған. Кейін ол шаңырақтың құнды дүниесін келіні Қапура Жұмановаға табыстайды. Осылайша көне бұйым ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, бүгінгі күнге дейін ұқыпты сақталған.

Ғасырдан астам уақыттың куәсі болған ағаш шара қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігінен сыр шертеді. Табиғи материалдан шеберлікпен жасалған мұндай бұйымдар тұрмыстық қажеттілікті өтеумен қатар, халқымыздың ағаш өңдеу өнерінің деңгейін де танытады. Құнды отбасылық мұраны музейге Сапарбек Сұлтанов табыс етті.

Музей қызметкерлері үшін тұрғындардан түскен осындай жәдігерлердің орны ерекше. Себебі ел ішінде әлі де тарихы терең, тағдыры қызықты көне бұйымдар аз емес. Оларды жинақтап, ғылыми тұрғыда зерттеп, көпшілік назарына ұсыну арқылы өткен мен бүгіннің сабақтастығы сақталады.

ТҰСАУКЕСЕР

Қарымды қаламгердің ойлы туынды

Павлодарда журналистика саласында ұзақ жыл бойы еңбек етіп келе жатқан Қазақстан Журналистер одағының Павлодар облыстық филиалының төрағасы, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан республикалық телерадио қоғамының облыстағы меншікті тілшісі Болат Аманбаевтың «Кімнен кембіз?» атты кітабы оқырманға жол тартты. Жаңа туындының тұсаукесері журналистер, зиялы қауым өкілдері, еңбек ардагерлері мен қоғам белсенділері бас қосқан тағылымды кездесуге ұласты.

Айдана БОРАНБАЕВА

Кітап атауының өзі терең ойға жетелейді. «Кімнен кембіз?» деген сауалдың астарында қоғамның бүгінгі тынысына алаңдау, елдің ертеңіне деген жауапкершілік, туған өлкенің мүмкіндігі мен әлеуетін бағамдау жатыр. Автор журналист ретінде жылдар бойы көрген-білгенін, көкейге түйгенін қағазға түсіріп, оқырманға өзіндік ой таразысын ұсынады.

Кітаптың мазмұнына баға берген облыстық «Ақбеттау» журналының редакторы, жазушы Сайлау Байбосын еңбектің әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды қазақ тілінде кеңінен қозғауымен ерекшеленетінін атап өтті. Оның айтуынша, кітапта қоғамның түрлі қырлары қамтылып, ел өміріндегі өзгерістер мен технологиялық жаңарудың болашағына қатысты авторлық пайым көрініс тапқан.

- Бұл - қазақ тілінде шығып жатқан әлеуметтік-экономикалық бағыттағы тұңғыш кітап. «Кімнен кембіз?» еңбегінің ауқымы бір ғана саламен шектелмейді. Автор өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын сөз ете отырып, руханият, дін, өнер секілді қоғамның маңызды бағыттарына да назар аударады. Сонымен қатар, адамзат өміріне дендеп еніп келе жатқан жаңа технологиялар, инновациялар мен жасанды интеллект мәселелерін де айналып өтпейді, - дейді С.Байбосын.

Аталмыш еңбектің тұсаукесеріне қатысқан аймақ басшысы Асайын Байханов та жиын барысында сөз сөйлеп, қаламгердің қоғам өміріне белсенді араласып, елдік мәселелерді көтеріп жүргенін атап өтті. Сондай-ақ, журналистің еңбегіндегі сын мен пікірдің нақты дерекке негізделуі маңызды екенін айтты.

- Болат Советұлы - қоғамға бір мақсатпен қызмет етіп, иықпен иық тіресіп жүрген азаматтардың бірі. Әрқайсымыздың мақсатымыз - мемлекетіміздің болашағына қызмет ету. Бұл кітапта сол еңбектің бір нәтижесі деп ойлаймын. Әр нәрсені талқылауға болады, тіпті әр нәрсені сынға да салуға болады. Бірақ бәрін конструктивті түрде жасау керек. Артында деректері болуы қажет. Дәлелденген әңгіме қоғамға да, сізге де, бізге де пайдалы болады, - деді облыс әкімі.

Ал автордың өзі кітаптың дүниеге келуіне себеп болған басты мұрат та оқырманға ой салу екендігін айтады.

- Кейде бір сауалдың өзі ұзақ әңгімеге жол ашады. Ал «Кімнен кембіз?» деген сауал жеке адамға ғана емес, тұтас қоғамға қойылғандай әсер қалдырады. Біз қандай мүмкіндікті пайдалана алмай жүрміз? Қай тұста кемшін түсіп келеміз? Ел болып алға жылжу үшін нені өзгертуіміз керек? Кітап осы сауалдардың төңірегінде ой қозғайды, - деп баяндайды Болат Советұлы.

Жиын барысында Болат Советұлымен бірге талай жыл қызметтес болған әріптестері де сөз алып, қаламгердің азаматтық болмысы мен журналистикадағы жолы туралы естеліктерімен бөлісті. Әріптестерінің жылы лебізі мен жүрекжарды естеліктері кештің мазмұнын байытып, автордың кәсіби жолына өзіндік баға берді.

Кітаптың тұсауын еңбек ардагері Гүлбарам Наурызбаева, Қазақстанның Құрметті журналисі Социал Әйтенов және облыстың Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі Ғалия Балтабай кесті. Бұл рәсім жаңа еңбектің оқырманға жол тартқан сәтін айшықтап, тұсаукесердің тағылымды түйініне айналды.

САУАЛ - СІЗДЕН...

Аула абаттандырылса...

Нұрым, Павлодар қаласы:

- Облыс орталығындағы Амангелді көшесі, 55-үй мен Лесная көшесі, 12 А үйінің ауласында орналасқан футбол алаңының жабындысын бір жылдан астам уақыт алыптастап еді. Жаңасы әлі орнатылмады. Сонымен қатар, ауладағы балалар ойын алаңын жаңарту қажет. Бұл мәселе қашан шешіледі?

Сауалға Павлодар қаласы әкімінің баспасөз қызметі жауап береді:

- Сіз тұрып жатқан аула мәселесі бойынша қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне тапсырма берілді. Мамандар екі тұрғын үйдің ауласын толық тексеріп, жоспарға енгізетін болады.

Ауыстыруға бола ма?

Әлия, Ақтоғай ауданы:

- Кішкентай балам әкесі екеуіміздің неке туралы куәлігімізді жыртып тастапты. Құжатты ауыстыруға бола ма? Желіммен жабыстырсақ, жарамай қалмай ма?

Сауалға Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Павлодар облыстық филиалы жауап береді:

- Неке туралы куәлік - мемлекеттік органдарда некенің тіркелгенін растайтын ресми құжат. Құжат заңды некені, отбасылық мәртебені және ерлі-зайыптылардың заңды құқығын растайды. Неке куәлігін жыртуға, бүлдіруге болмайды. Тіпті, аз зақымның өзі оны жарамсыз етеді. Құжатты ламинаттау да бүлдіру болып саналады. Құжат бүлінген жағдайда телнұсқа алуға болады. Ол үшін жергілікті ХҚКО-ға немесе электронды үкімет порталына жүгіну қажет. Сонымен қатар, өтініш жазып, жеке куәлік және тіркеу алымы төленгені туралы түбіртекті көрсету керек.

Әзірлеген -
Айдана ҚУАНЫШЕВА.

Редакциядан:

Құрметті оқырман! Егер Сізді мазалаған сұрақтар болса, ***ssamaly29@gmail.com*** *поштасына немесе* **8 705 511 97 03** *WhatsApp нөміріне жолдауыңызға болады.*